

САБЫР СЕҢКІБАЕВ
БОТАҚӨЗ СЕҢКІБАЕВА



МАҒЖАННЫЦ Ұстаздық әлемі

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛМ ЖӨНЕ ГҮЛМ МИНИСТРИЛІГ
АБДЫ МЫРЗАХМЕТОВ АТЫНДАГЫ КОКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТІ

**Сабыр Сенкібаев
Ботакөз Сенкібаева**

МАҒЖАННЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ӘЛЕМІ

МОНОГРАФИЯ

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2018

«МАГЖИНИЙ ҰСТАЗДЫҚ ӘЛЕМІ»
әңбесінде. Қазақ уғы педагогикасының қалыптасуының
алғашшарлары, инновациялық мәселелерімен қазақ халқының
ұлы ақыны, ахаршысы-тәжімчөр, үстазы Магжан Жұмабаевтың
педагогиканың імдіктері сөз стіледі

ISBN 9665-721-58-0
С 4303000000

ББК:74:00
ООЖ 37:39(091)
С-36


53803

Педагогикалық жоғары оқу орындарының педагогика факультеттерінің оқытушыларымен педагогикалық колледж студенттеріне, мектеп мұғалімдерімен магистранттарға ариалады

Пікір білдіріп, алғы сөзін жазған: Досанова С. С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор; педагогика ғылымдарының академиясының академигі.

Кіріспе сөзін жазған: Қазақстан жазушылар және журналистер одағының мүшесі, жазушы, қоғам кайраткері Ж. Сүлеймен.

Абай Мырзахметов атындағы Қекшетау университетінің ғылыми кенесінің шешімімен ұсынылды. № 7 хаттама, 2018 жыл





МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
Әлқисса	10
1 Халық педагогикасының ұлттық тәлім-тәрбие ілімдерінің қалыптасуындағы маңызы	14
1.1. Этнопедагогикалық құндылықтар-халық педагогикасының негізі.....	14
1.2. Ұлттық тәлім-тәрбие ілімдерінің қалыптасуының алғышарты.....	24
1.3. Ұлттық педагогика және М. Жұмабаевтың тәрбиелік ілімдері	35
2 Қазақ зияялышарының XX-шы ғасырдың басындағы ағартушылық ілімдерінің қалыптасуы	55
2.1. Қазақ зияялышарының ағартушылық-педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуы	55
2.2. Қазақстандағы 1920-1930 жылдардагы білім беру мен мектеп ісі	64
2.3. М. Жұмабаевтың саяси-ағартушылық көзқарасының қалыптасуының тарихи алғышарты	82
2.4. М. Жұмабаевтың «педагогика» оқулығындағы тәлімдік ой-пікірлер	103
М. Жұмабаевтың педагогикалық ой-пікірлерінің мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі көрінісі	128
3.1. М. Жұмабаевтың педагогикалық еңбектеріндегі психологиялық көзқарастар мәні.....	128
3.2. М. Жұмабаевтың тәлімдік ой-пікірлерін оқу-тәрбие үрдісіндегі көрінісі және оны мектеп мұғалімдеріне тереңдете менгерту	138
3.3. Тәрбиедегі рухани құндылықтар-бала тәрбиесінің негізі..	148
3.4. Мажан әлемі немесе сөз соны... ..	163
Қорытынды.....	173
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:	178

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Біздің алдымызда бабаларымыздың иғі дәстүрлерін сактайтын, күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын үрпак тәрбиелеу міндегі тұр» – деген болатын. Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті оқушылар бойына құрғак уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша қорғап өткен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелеуге болады. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ тәлім-тәрбиесінің маңызы орасан.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыры тұлғаны қалыптастыруда кешегі өткен зар заманда, елім, жерім, халқым-деп өксіп өткен ата бабаларымыздың ескірмейтін, өлмейтін нақылдарымен ұлылыққа шақырған ілімдеріне бүгіндері қайта оралу, бүгінгі ұл-кен кішінің міндегі іспеттес.

Жас үрпак біздің өміріміздің тікелей жалғастырушу өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Бүгін мектеп табалдырығын аттаған жас өркеннің ертең қандай адам болып шығатыны ата-аналар мен ұстаздар қауымының арасында мәңгілік таусылмас тақырып болып қалып отырғандығы да сондықтан. Бұл білім мен тәрбиенің егіз ұғым екенін көрсетеді. Сол себепті де білім беру жүйесінде жалпы азаматтық және ұлттық негізде жеке тұлғаны дамыту және қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасалуда.

Тәуелсіз елімізде оқушы-жастарды бүгінгі күн талабына сай ұлттық тәлім- тәрбие беруде халқымыздың бай мәдени мұраларын, педагогикалық ой- пікірлерін, жинақталған ұлттық құндылықтарды зерттеп, жүйелеп, оку орындарының оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. Осы бағытта қазіргі бәсекеге кабілетті жас өспірімдерді тәрбиелеу, ұлт тұрмыс-тіршілігін өркендештүші сапалы да салауатты, ұлтжанды, мәдени-ғылыми

ой-орістері кең ұрпақ өсіру-қоғам алдында тұрған басты міндеп. Өрбір қоғам өзінің даму барысындағы зиялы қайраткерлердің педагогикалық ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған.

Қазіргі мақсат – окушыларға түбебегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жакты дамуына қолайлы жағдай жасау. Бұғынгі таңда жалпы білім беретін орта мектептер мен педагогикалық жогары оқу орындарында, оқыту мен тәрбиелеу саласында ұлттық қағидалар негұрлым кең қанат жайды.

Ұлт педагогикасын сөз еткенде, қазақ тәлім тәрбиесінің қалыптасу тарихына назар аудармай кетуге болмайды. Оған ерте дәуірден бергі көптеген ұлы тұлғалардың үлес қосып, аса мол бағалы мұралар қалдырганын байқаймыз. Орта ғасырлық жерлестерімізден Әбұнасыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жұсіп Баласағұни, Ахмет Жүйнеки, Қожа Ахмет Иасауи, Хорезми М, Сараи С. т.б. атауға болады. Әсіресе, философия, этика, математика, астрономия, география, тарих, әдебиет т.б. ғылымдарды оқып үйренуге ерекше көніл бөлінді. Олардың ішінде жоғарыда аталған біздің жерлестеріміздің бүкіл әлемге танымал болуы зор мактандыш. Қазақ хандығы дәуірінде Мұхаммед Хайдар Цулатидың жазба мұралары мен сол дәуірдің ақын- жыраулардың толғаулары мен өлең-жырларының тәлімдік мәні аса зор. Бұларда елжандылық, ел корғау, өз халқының салт-дәстүрін сактау, ұлкенді сыйласп, кішіге қамқор болу т.б. мәселелер әр қырынан ашылып, ұрпақ тәрбиесіне тиісінше үлес қосты..

Сол даналардың тәлімдік ілімдерінен нәр алған, XIX-шы ғасырдың 2-жартысынан бастап қазактың жазба әдебиеті мен ұлттық тәлім-тәрбиесін қалыптастырушылар, А. Құнанбаев, Ш. Үәлиханов, Ы. Алтынсарин тағы басқаларының еңбектерінің тарихи маңызы зор. Олардың озық ойларын XX -шы ғасырдың алғашкы ширегінде, Ә. Диваев, М-Ж. Қөпееев, Ш. Құдайбердиев, М. Сералин, А. Байтұрсынов, Ф. Қарашев, С. Қебеев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, О. Бекейханов, М. Жұмабаев жалғастырып, ұлттық

педагогика ғылымының туып, қалыптасуына көп еңбек сінірді.

Осындай зиялыштарымыздың ішінде, ХХ -шы ғасырдың ал-гашқы ширегінде қазақ ғылыми-педагогикасының іргетасын қаласып, оны қалаптастыруға комакты үлес косқан адамдардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Мағжан Жұмабаев өз ұлтын азат етудің бірден бір жолы оқу-ағарту екенін айтудан жалықтан емес. Оның озық ойлы сол кездегі айтқан тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. «Баланы заманына лайық етіп отырып, тәрбиелеу керек» – деген. Сондайқ ол: «... Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең..., адамның жанына дұрыс тәрбие керек»-деп түйіндейді педагог. Мағжанның ойы бүгінгі күн үшін айтылғандай. Осы тұрғыдан көлгенде, қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие мәселесі өзекті болуы занды.

Демек, жеткіншектерді Мағжан педагогикасының негізінде тәрбиелеу үшін ұлы ақын-педагогтың мұраларын пайдалану әбден қажет. Оның қажеттілігі қазір айқын сезілуде. Ұлт тәрбиесінің балаға берері көп екендігі айтпаса да түсінікті. Ол, ең алдымен, адамгершілік, ар – ұят, кішіпейілділік. Орыс мектебін бітірген бала мен қазақ мектебін бітірген окушының түсінігі де, ой – өрісі де өзгеше болады. Қазіргі алпауыт заманда, бала тәрбиесі, барлық істердің ұшар басында тұру туіс. Әйтпеген күнде, егемендікпен бостандыққа төнер қауып орасан.

Сондыктанда, осы шағын еңбекте, ұлт педагогикасының қайнар көздерімен М. Жұмабаевтың тәлімдік ілімдері сөз болады. Ұлттық тәлім-тәрбие саласының сан-алуан мәселелері біздің еліміздің жағдайында да біршама уақыттан бері зерттеу нысанына айналып келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру», «Білім мазмұнын гуманитарландыру» тұжырымдамаларында білім беру ісінде жана рухани- мәдени құндылықтарды игеруге, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай жасауда қоғам мен тұлға арақатынасын, «тұлға мен дәуір қосбірлігінің» үндестігін талап етеді.

Жалпы жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыру әрқашанда болашақ қоғам құрылышының аса маңызды буыны ретінде қарастырылып келді. Адамзат дамуының санғасырлық тарихында адам баласы жинақтаған бүкіл тәжірибе тәрбие үрдісінің мазмұнына еніп отырады. Өткеннің тәжірибесін бойға дарыту, озық өнегелі рухани мұраны жалғастыру арқылы ұрпактар сабактастығының тарихи үрдісі жүріп отырады. Мұндай үрдіссіз қоғамның өркениетті елдерден деңгейіне жетуі мүмкін емес.

Елбасы, Н. Ә. Назарбаев ұлттық кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында (2003ж) «Мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сактау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендереп, жүйелеп, келер ұрпак-ка аманат ету— «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуға тиіс», – деп, болашақ жас ұрпакты тәрбиелеуде қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған аса бай мәдени мұрасы мүмкіндігінің жоғары екендігіне айрықша назар аударған.

Қазіргі кезде рухани салада дами түскен адами құндылыктарды қайта ескеру нәтижесінде, ғасырлар бойы жинақталып, өткеннің тарихынан бізге жеткен тәлімдік мол мұраларды болашақ ұрпақ тәрбиесіне септігін тигізетін мезгіл туып отыр. XX-шы ғасырдың басындағы бодандықтың бұғауындағы бейкам халықты өркениеттің өріне сүйрекен көсемдердің көзге шалынар басты қасиеті-олардың қай-қайсысы болмасын жан-жақты «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғалар болған. Саяси күрескер, жалынды патриот, әрі ғалым, әрі киелі өнер иесі және өз мамандықтарының білгірі болуы-халқымыздың мәндайына біткен осы үркердей шоқ жүлдіздардың несібесі.

Откен ғасыр басында қалыптастан қазактың ұлттық кәсіби саяси элитасы «халық жауы» деген жасанды жаламен жойылды. Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты енбегінде былай деп жазды: «казак халқының кейбір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан тұзагында

түншықты, ұлттық амандығы үшін олар тарихтың тәлкегіне көнуге мәжбүр болды».

Осы бағытта ұлттық педагогикамызда маңызды орын алуға лайықты еліміздің сонау ХХ-шы ғасырдың 30-жылдары саясаттың шырамауына оралып, жазықсыз жапа шеккен қазақтың біртуар азаматтарының агарту ісіне қосқан үлестері егемен еліміздің халқын, әсіресе жас ұрпақты тәрбиелеу негізіне алынуы тиіс. Сонымен қатар казак халқының педагогикалық мұраларын, соның ішінде 30-жылдарда саяси құғын-сұргін құрбанандары болған қазақ зиялышарының сол уақыттағы ағартушылық көзқарастарын зерттеу, зерделеу-жұмысымыздың ғылыми-теориялық маңыздылығын арттырады. Құғын-сұргін құрбанандары болған қазақ зиялышарының мұраларының педагогикалық негіздерін зерттеу өскелен ұрпақтың зейін-зердесі мен ой-өрісін кеңеюіне және отандық педагогика тарихын дұрыс түсінуге, оның ауқымын көңейтіп, жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Осыны ескере отырып, казақ зиялышарының еңбектерін бағалай отырып, оның бүгінгі оқу-тәрбие үрдісінде талаптарға сай пайдалану зерттеу қажеттілігін туындалады.

Біздің ойымызша, саяси құғын-сұргін құрбанандары болған қазақ зиялышарының мұраларының жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудегі маңызы мен мәні ерекше екенінде дау жоқ. Олардың педагогикалық мұраларының теориялық тұрғыдан жеткілікті түрде зерттелмеуі, аталмыш мәселенің қазіргі кездегі тағылымдық мүмкінділігінің қажеттілігі мен оның ұлттық педагогика тарихында жүйелі түрде тұтастай қарастырылмауы арасындағы қайшылық анық байқалады. С. Сенкібаевпен Б. Сенкібаеваның «Мағжанның ұстаздық әлемі» атты монографиясы осы олқылықтардың орнын толтырары сөзсіз. Олар туралы қанша айтылып жазылсада, елі мен жері үшін жапа шеккен боздақтар үшін бұл көптік етпес деген ойдамыз. Әсіресе, М. Жұмабаевтың педагогикалық ілімдерін болашақ ұстаздардың бойына қалыптастыра білсек ұтарымыз мол болмақ. Аталмыш еңбек ЖОО орындарының

педагогика саласында еңбек ететін оқытушылармен студенттерге, сондайақ, колледж, мектеп мұғалімдерімен тәрбиешілеріне арналады.

*С. С. Досанова, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, педагогика ғылымдары академиясының академигі*

ӘЛҚИССА

Заманымыздың занғар жазушысы, М. Эуезов кезінде Магжан туралы: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алган нәрімнің барлығы да—Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда, маган «Абай» деген сөз—«Қазақ» деген сөзben теңбе-тен түсетіндей кездері бар секілді. Абайды сүюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен парапар болатыны бар. Бұдан соң Магжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының кара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп—сезгендей боламын. Магжан—мәдениеті зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманың тегімен аскандай, сезімі жетілмеген казақ қауымынан ертерек шыққандай, бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндеңі өмірінің теренін терген ақын болмайды, заманынан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуга жарайтын сөз — Магжанның сөзі. Одан басқамыздың беріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін.»

Ұлы жазушының бұл сөзі бүгінде өзекті екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Кезінде патша үкіметінің қазақ халқына қарсы жүргізген сол кездегі реакциялық отарлау саясаты, қазақ зиялыш-

ларын жәйбіррақат қалдырмады. Элихан Бекейхановтың басшылығымен «Алаш» партиясының маңына топтасқан зиялыштар бостандық аудың бір гана жолы халықты сауаттандырып, қарандылық бұғауынан босату деп білді. Осы себептен де ат төбелендей аз гана топ өздерінің бар өмірін оқу-агарту жолына бағыттады. Дәл осы кезеңде ғұмыр кешкен ең көрнекті қазақ ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев, поэзия аспаның жарқын таланттымен ерекше шұғылаға бөледі... Күні бүгінге дейін Мағжан поэзиясының биғіне жеткен ешкім жоқ десек қателеспеген болармыз..

Бұл ұлы бабаларымыздың бірі ақын, бірі әдебиетші, инженер, зерттеуші, саясаткер бола тұра, елді бұғаудан алып шығатын жалғыз жол, ағартушылық екенін түсінді. Түсіндіде, әрқайсысы әр-түрлі пәндерден оқулыктар, әдістемелік құралдар жазды. Бәрі бірігіп халықты оқу-білімге шақырды. Олар осы жолда бар мүмкіндіктерді пайдалана білді.

Әсірсесе, сол кездегі қазақ арасына кең тараған баспа сөзді шебер пайдаланды. Осы орайда «Қазак», «Айқап», «Жана мектеп», т.б. газет журнал баспа сөз беттерінде оқу-агарту туралы жарияланған мақалалардың қазақ арасында рөлі ерекше болды. Пайғамбар ақын бола тұра, М. Жұмабаев оқу ағарту саласында өндірте енбек етіп, ұлттық педагогикаға өлшеусіз үлес қосқан адамдардың бірі болатын. М. Жұмабаевтың әдеби-поэзиялық еңбектерін шолу жасағанда тағы байқағанмыз, оның барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриоттық рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған.

Педагог-ақын өзінің әрбір шығармасы арқылы, оқушыларды отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттайды. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Біздің алдымызда бабаларымыздың иғі дәстүрлерін сактайтын құллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпак тәрбиелеу міндеті тұр» – деген болатын. Олай болса, ұлт педагогикасының негізгі мәселесі ұлтжанды, ар-ұяты мол, саналы азамат тәрбиелеу.

Әсіресе, ұлттымыздың ұлы адамдарының үлгі-өнегесі негізінде, жастарды тәрбиелей алсақ, онда болашағымыздың да берік, мықты болуы сөзсіз. Жастарды тәрбиелеуде қолданылатын ең басты тәрбие құралының бірі, біздің пайымдауымызша, халықтық тәрбие көздері. Ол үшін тәрбиенің әдіс-тәсілдерін білу, оны тиісті дәрежеде пайдалау үлкен шеберлікті талап етеді. Әр нәрсеге еліктегіш келетін жастарды батыстың бейресми мәдениетімен, моральдық азғындаушылық іс-әрекетінен аман алып қалудың бірден бір жолы, ол ұлттымыздың тарихы мен халықтық педагогика жолы. Осы орайда, қазақ халқының бір туар ұлдарының өмірі мен шығармашылығын оқып үйрену, жас жеткіншектерді үлкен патриоттық сезімге баулып тәрбиелейді. Ұлтжандылық пен отансұйғіштікті окушылар бойына құрғак уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша корғап өткен от жүректі бабалар рухындаған тәрбие-леуге болады.

Қазақ халқы бағзы заманнан бері тәрбие проблемаларын өзінің өзекті істерінің бірі деп санап келеді. Бұл мәселеге байланысты ой қозғап, қалам тартпаған адамдар да кемде-кем. Әсіресе, ұрпак тәрбиесінде қазақ халқынан асар ұлт көп те емес. Ұлттымыздың тәлімгерлік тәжірбиесі өте бай. Мәселе сол байлықты ел иғлігіне айналдырып, бүгінгі окушы жастардың бойына сініру болып табылады. Жасыратыны жоқ, жаһандану заманында. Қазақстан әр түрлі діндер мен саяси-экономикалық жағдайы әр түрлі мемлекеттердің коршауында тұрганда тәрбие проблемасының да қүрделене түсері даусыз. Қазіргі басты мақсат-ел тәуелсіздігін, оның бірлігі мен жасампаздығын, ата-баба салт-дәстүрі мен ұлттық қағидаларды аман сактап қалу. Мағжандай дара тұлғаның шығармашылығын оқытып, үйрету оны үлгі ету бүгінгі мектептің алдында тұрган келелі іс. Мағжан Жұмабаев-ғасырлар белесінде әр заманда бір қылан беріп коятын көркемдік ойлау әлеміндегі Абайдан кейінгі үлкен бір құбылыс. Сол құбылыстың сырын ашып, жас ұрпакты шынайы суреттердің поэзия бұлағы-

шан сусындана білу, жақсы менен жаман, қатығездік пен ізгілік, бір күндік пен мәңгілік секілді өмірлік проблемаларға қатысты көзқарас қалыптастыруда ақын мұрасын шебер пайдалана білу-ор ұстаздың асыл мұраты болу керек деп ойлаймыз. Бүгінгі таңда еліміздің жас ұрпағын ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемасы алдымында түрғанда, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын қазақ тілді мектептерде оқып үйрену, одан нәр алу ұлы парыз. Сондыктанда, М. Жұмабаевтың педагогикалық дүниетанымын зерттеу мұнымен шектелмеуі тиіс. Ендеше, оқушыларды М. Жұмабаевтың үлгілі өмірі мен шығармашылығының негізінде тәрбиелеу, қазіргі педагогика мен оқытушы-ұстаздардың басты ісі болуы керек қой деп ойлаймыз. Тәлімгер ұстаздың тәлім-тәрбиелік ойлары баға жетпейтін күнды туындылар, оларды оқып-үйрену, игілікке жарату ұстаздардың парызы болмак. Осы тұргыдан келгенде, педагог-галым, мағжантануға сүбелі үлес қосып жүрген осы енбектің авторы, Сабыр Сенкібаевпен, Б. Сенкібаеваның

«Мағжанның ұстаздық әлемі» атты монографиялық еңбегі, жас ұрпакты ұлтжандылықпен отансүйгіштікке тәрбиелеуде алар орны өлшеусіз деп білеміз. Бүгінгі таңда еліміздің жас ұрпағын ұлтжандылық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу проблемасы алдымында түрғанда, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын қазақ тілді мектептерде оқып үйрену, одан нәр алу ұлы парыз.

**Ж. Сүлеймен, Қазақстан жазушылар және
журналистер одагының мүшесі, жазушы, қоғам
қайраткері, ҚР-ы парламентінің депутаты.**

1 ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ- ТӘРБИЕ ІЛІМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

1.1. Этнопедагогикалық құндылықтар-халық педагогикасының негізі

*«Біз. – оз тарихымызды озгелер тұрмак өзімізге де толық
тапты атмай келе жатқап үрпақтыз. Зерттемесек,
жазбасақ, жариялаамасақ кім не таниды?!...».*

*Қазақстан Республикасының
Президенті, Н. Ә. Назарбаев.*

Мынау жалпақ ғаламның әуел басы болатындей, қайсыбір дүниенінде бастауы бар. Біздін заманымыздан бұрын өткен ғұламалар бірден ұлы данышпан, талант иесі болған жоқ. Өздерінен бұрын өткен оқымысты, ғалымдардың енбектерін оқып, үйреніп, нәр алып сусыннады. Ендеше, біздінде сөз еткелі отырған пайғамбар ақын, дарынды тәлімгер, ұстаз Мағжан Жұмабаевта өз кезегінде, өзінен бұрынғылардың нәр алды, оқыды, үйренді. Әуелден оның ден койғаны халық педагогикасы, оның тарихы-этногензі болды. Ендеше, бізде талай айттылып, жазылып жүрген, алайда, мәңгі өшпейтін, талайды өз нәрімен сусыннатқан халық педагогикасына назар салып, шолып өтсекпе дейміз. Халық педагогикасы өз кезегінде үлкен ғылымға айналып, «этнопедагогика» – деп аталды. Ғұлама ақын Мағжан Жұмабаев педагогика ғылымына, халықтық педагогика жайын сөз еткен «Педагогика» оқулығында ерекше мән берген. Халық педагогикасы жайлы ен-

бектер жазған ұлы тұлғалардың бірі – Жұсіпбек Аймаутов. 1924 жылы «Тәрбие жетекші» атты еңбек жазады. Бұл түркі халықтарының арасында осы тақырыпта жазылған алғашқы еңбек еді.

Этнопедагогика, этнопедагогикаға салалас ғылымдарға, атап айтқанда этнопсихология ғылымы, этнокультарология ғылымдары жатады. Тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ халқының халықтық педагогикасы жайлы ғылыми зерттеулер жасалынып, контеген тың еңбектер жариялануда.

Халықтық педагогиканы зерттеу – отызыншы жылдардағы наубеттен кейін кеңес үкіметі кезінде мүлде кенже қалды деп айттуға болады. Осірессе, түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқының ұлттық тәрбие беру үдерісіне мүлде мән берілмеді. Соның әсерінен жас ұрпақ орыс-совет педагогикасы ықпалында тәрбиеленді. Тек тоқсаныншы жылдардың басындаған бұл тақырыпқа мән беріле бастады.

Этнопедагогика ғылымын дүниежүзі ғалымдары барынша зерттеп, дамытып келеді. Көне грек педагогтары Герофил, Гипократ, Аристотель еңбектерінде ұлттық тәрбие жайлы айтылады. Қазақ даласында этнопедагогикалық ұғымдар ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып, рухани өмір сүруінің ажырамас бөлігі болып кеткен. Ұлттық педагогика мемлекеттің басты ұстанатын көп жылдық саясатына негізделіп құрылғандығын көптеген ғалымдар атап көрсеткен болатын. Қазақ халқының рухани-мәдени түркі тегі болып табылатын Орхон-Енисей жазбаларынан бастап Махмұд Қажгари, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри, Өтепбойдак Тілеуқабылұлы Шалқиіз, Асанқайғы, Махамбет, Абай, Шәкірім, Мағжан Жұмабаев – барлығы да халық педагогикасының алтын көпірі сынды жалғастық болып табылады. Алғаш қазақ топырағында тәрбие жайлы пікір айтып, оны халықтық тұрғыдан саралаған адам – Абай Құнанбаев болатын. Өзінің өлеңдерінде, кара сөздерінде халық педагогикасы, жалпы бала тәрбиесі мәселесіне әлденеше рет тоқталып өтеді. Бұрынғы кездері қағаз бетіне түсірілген қазақ халқының әдет-

ғұрпы, салт-дәстүрі жайлы жазылған еңбектер, әсіресе шетелдік ғалым-саяхатшылардың еңбектерінің ғылыми, тарихи құндылығы арта түсуде. Қоңағанатына, одан кейінгі қазақ хандығы дәуірінен бері қарайғы кезендерде ұлы даламызға тағдыры соқпағы мен табаны тиген талай шетелдік жиһанкез-саяхатшылар мен зерттеуші халымдар халқымыздың бала тәрбиелеу, азаматтық тәрбиесі мол мұралар қалдырганын жақсы білеміз.

Халықтық педагогика 90-шы жылдарға дейін құшпен тұншықтырылып келгені белгілі. Бұғінгі құні айтарлықтай биіктеге көтеріле алғанымызben, сол құндердің қандай болғанын мерзімдік баспа беттерінен көре аламыз. Осы кезде ұлттық қазақ мектептерін жасаған халқымыздың аяулы азаматтары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жұсіпек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Құдайберген Жұбанов ағаларымыз құғынға түсіп, өздерімен қоса олардың кітаптары, шығармалары тұтқындалды, жойылды. Осылай жас жетіншектерді Европа бағдарламалары, соларға сәйкестендіріп жасаған кітаптар бойынша оқытудың салдарынан, қазақ мектептеріндегі жас ұландар өзінің ұлттық мәдениетерінен, өнерінен, ата мұрасынан, салт-дәстүрінен, тарихынан, дінінен, тілінен мұлде бейхабар, не орыс емес не казақ емес, мәңгүрт үрпак болып шыға келді. Бұл аз болғандай ана тіліміздің түбіріне балта шабылды. Ортақ тіл білмегенге нан тауып жеу онай болмады, – деп жазады. 90-шы жылғы осынау жағдай еліміздің көптеген өлкелеріндегі қазага аз қоныстанған ауыл-селоларда әлі күнге дейін үдеріс екендігі белгілі.

Халықтық педагогика бұғінгі жаһан тану (глобализация) дәуірінде керек пе, жоқ па деген сұрап туындауы мүмкін. Егерде мемлекетімізді нығайтамыз десек, осынау кен даламыздың тұтастығын актай отырып, келешек үрпакқа жеткізер болсак, ең қажетті рухани байлығымыз болмақ. Мектепте халық педагогикасын оқытуды ұлттымыздың салт-тұрмыстық дәстүрімен шектесек, онда мұннымызды тым жұтан, өзімізді де, үрпактыда алд-

ғанық болып табылады», -дейді жоғарыда аталған автор. Халық педагогикасын болашаққа бағыттауға қадам жасауда негізгі алда тұрған мақсат ретінде оның замана сұранысына, талабына сайлығы болса керек.

Сырткы күш қашшалықты ықпалды болса да халқымыздың педагогикалық дәстүрлөрі мүлде жоғалып кеткен жок. Халқымыздың ойшыл қаламгері, сөз зергері F. Мүсірепов; «Откенді ансай бергеннің бұл күнде жарасымы жок, ол өткеннің жақсысын білмегеннің келешегі жок», – деген болатын. Бұл өте ойланарлық ой екені даусыз. Себебі – адамзат қоғамы өткен мен ертениң арасында омір сүреді. Халықтық педагогика окушыға ғиқалық, өстетикалық, экологиялық тәрбие бере алады. Қазіргі кезеңде үрпақ тәрбиесінің пәрменді құралына айналып отырған халық педагогикасының болашағы зор. Халық педагогикасының жасаушысы жалпы халық болғанымен оны жасауда зор ықпал ететін өзінің ауыр ойының ізгі жемісін халқының ғасырлар бойы рухани азығына айналдыратын белгілі тұлғалары әр халықтың тарихында бар.

Қазақ халқының тарихи тамырының теренде жатқанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Өткен ғасырларда өмір сүрген бабалардың енбектерінде айтылған ойлар да этнопедагогика жайлы ұлттық таным-пікірлердің бірі ретінде бүгінгі зерттеуші ғалымдарымыздың назарына ілініп отыр.

Бүгінгі танда әрбір жас үрпақ өкілінің өзінің қайталанбас тұлға екенін, өз ретінде өнен бойындағы ерекше қасиеттерді сезе біліп, қажет жағдайда сол мүмкіндіктердің ашылуына барынша күш салып тырысатын көрінісі анық байқалады. Мұндай киелі сезім-тәуелсіздік бесігінде тербеліп өскен еркін үрпақтың санасында қалыптасатыны рас.

Сондықтан, бүгінгі ғалым-ұстаздардың негізгі жігері – жас үрпақтың санасына жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде ізгілік, ұлттық намыс және шынайы адами қасиеттерді сіңіруға арналғаны һақ. Халқымыздың сан ғасырлар бойы жинақтап

келген тәлім-тәрбиелік, рухани-танымдық және этнопсихологиялық мұраларын республикамыздың білім ордаларында кеңінен ендіріп, оны оқу-тәрбие және дидактикалық талаптарға айналдыру – жоғарыда аталған маңызды мақсаттардың іс жүзіне асырылуына септігін тигізеді деген сенімдеміз. Халықтық педагогика саласы бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың пікірі бойынша «этнопедагогика» терминін ғылыми айналымға тұнғыш енгізген чуваш ғалымы академик Г. Н. Волков делінген. Дегенмен, тарихи деректерде Г. Волковқа дейін Г. С. Виноградов және грузин ғалымы А. Ф. Хинтибидзэ және басқа ғалымдардың есімдері кездеседі. Ғалымдар еңбектерінде этнопедагогика терминіне байланысты анықтамалар мен тұжырымдар негізінен Г. Н. Волков анықтаған: «.. этническая педагогика исследует особенности национального характера, сложившиеся под влиянием исторических условий, сохранившиеся благодаря национальной системе воспитания и претерпевающие эволюцию вместе с условиями жизни, вместе с педагогической культурой народа...» түсінкітеме бойынша сипатталады.

Этностиқ дүниес – әр ұлт өкілдерінің өз ұлтының біртұтастығы мен қайталанбас ұлы қасиет иесі екені туралы нақты сенім тұғырнамасынан бастау алмақ. Ұл ұдеріс этностиң жалпы ерекшелігін білдіріп қана қоймай оның мәдени жетістіктерін, этнолингвистикалық кеңістігін, сондай ұлттық идентификациялық белгілерін айқындайды. Әдетте, мұнданың күрделі даму деңгейіне жеткен этностиқ өркениет ұлттық потенциалын мүмкіндігінше кеңінен пайдалануға әрекет жасайды. Адамзат тарихындағы «Ұлы қоныс аудару» атты ғұн ұлыстарының шығыстан батысқа қарай миграциялануы – жер бетіндегі этностиқ, этносаралық сонымен қатар этнолингвистикалық жағдайды өзгерту көрсеткендегі белгілі. Аталмыш құбылысты этнолингвистикалық дифференциация деп те атауға болады. Осы тарихи оқиғадан біздер алғашында бір мәдени құндылықтарды ту еткен этностиқ топтардың қоныс аудару салдарынан, уақыт өте келе (шамамен 1500 жыл) әдет-ғұрыптары

біршама өзгеше басқа тайпалық одақтардың пайда болуына негіз болғанын байқаймыз. Этнос кеңістігін тану барысында біздер үлт, халық, ұлыс, ру. тайпа, әulet және тұлға сияқты терминдерді көздестіреміз. Олар тек өзінің спецификалық зерттеу тақырыптарына сай ғылым салаларының (этнология, этнография, этнотопономика, этногеография, этнолингвистика т. б) өзекті мәселесі болумен бірге біздің де зерттеу объектімізге айналып отырғаны шындық.

Демек өзінің үлттық ерекшелігін, тілін, салт-дәстүрін, сондай-ақ өмір сүру ортасы мен аумактық шекарасын және үлттық құпшылықтарын иеленетін үлт өкілдері, ғасырлар көшіндегі өзінің қасиеттерін жоғалтпай, саналы тұрғыда өз үлттының жанашыры мен қорғаушысы және болашак үрпаққа үлт қазыналарын жеткізуши дәнекер ретіндегі ұлы мақтаныш сезімін өз санасында қалыптастырған тұлғалары бар үрпактарын тәрбиелей білген этностар ғана көздең мақсаттарына жетері, қажет жағдайда коршаған ортасына ықпал етеп де анық. Этникалық бірлестіктің негізгі белгісі – жеке территориясы, салт-дәстүрлері, тілі мен рухани мәдениеті сана-сезім және көгамдық пікірі нақты қалыптастан, ешқандай көлденен өзгертулерге көне қоймайтын тұракты үлт өкілдерінің біртұастығы болып табылады.

Этносаралық қарым-қатынастар занылыштықтарын жете білу демографиялық, медициналық география, этногеография, генеогеография, үлт тілдерінің генеологиялық класификациясын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тәлім-тәрбие және психологиялық ерекшеліктерін терең білуді қажет етеді. Сондықтан әлемдегі барлық халықтардың үлттық ерекшеліктерін, яғни этносқа тән барлық дүниелерді (этногенез, пассионаризм, миграция, аккультурация, генеогеография, мәдени антропология т. б) аталмыш сала бойынша іргелі зерттеулер жүргізген ғалымдардың енбектеріне сүйене отырып, толық сипаттама беру ісі қажет деп санаймыз. Бұғынгі танда тәрбие теориясы және оқыту мазмұнын заман талаптарына сай айқындау мақсатындағы әлемдік тәжірибелер діни-тәнімдық

құндылықтардың жеке тұлға болмысын қалыптастыруда сан ғасырлар көшінде жетекші миссия атқарып келгені жөніндегі көптеген тұжырымдардың қоғамдық орны жөніндегі пікірлерімізді нақтылай түседі. Сол себепті әлемдік діни-танымдық құндылықтардың талай замандар бойы Адам санасының қалыптасуына зор ықпал еткеніне өркениетті тұрғыда ой түюіміз шарт.

Осындай іргелі ғылыми-танымдық іс-шаралардың қатарына әлем этностарының этнопедагогикалық және этнопсихологиялық ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар жинастырып, ғылыми тұрғыда зерттеп және пән оқулықтары ретінде көң қолданыска ендірген жөн.

Этнопедагогиканы халық педагогикасы деп те атайды. Аталмыш ғылым саласын бірнеше атаяу ретінде қабылдау – жалпы этнопедагогиканың құндылығын төмендетпейді, қайта оның мазмұны мен мәнін аша түседі. Этнопедагогика мәселесіне қатысты ғылыми түсініктер көне діни-рухани жазбаларда кездеседі. Адамзат мәдениетінің көне рухани ескерткіштері саналатын «Авеста» жазбаларында (б. з. д XI-IX ғ.ғ.) жас ұрпақтың елі мен жерін қоргауга деген киелі сенімді санаына сініруге арналған қаһармандық жырлар, коршаган орта мен өмір қайшылықтары жайында танымдық ғибраттарға жетелеген фәлсафалық ойлар шебер суретtelіп, қисынды тізбектелген. Тәрбие құралының адамзат баласының алғашқы жаратылған күнінен бастап ғұмыр және тұрмыс заңдылығына айналуы діни құндылықтардан бастау алғаны – әр халықтың тағылымдық дүниесінен орын алғанын төмендегі көруімізге болады

Қасиетті Құран жазбалары – сөзсіз адамзат құндылықтарының сарқылмас байлығы екені рас. Оның бүгінгі ұрпақ танымының қажеттіліктерімен ұштасқан күрделі дүниелері туралы ой қозғайтын, сезім толқытатын зерделі заман келбетінің қалыптасқаны хақ. Сондықтан, ата-бабамыз танырқап өткен және ұрпағына аманат еткен киелі ұғымдар жөнінде мектептегі тәрбие жұмыстарында мәселе көтеру – ұрпақ санаына үлкен әсер етері анық.

Іүл үмітіміз болашағынан үміт күткен балғын жеткіншектермен қарым-қатынас жасаудың шынайы ғибратты да, абыройлы да ісі болып, өзінің дәстүрлі жалғасын игіліктендіре берсе дейміз. Құран сүрелері – дәстүрлі қалыптасқан қарапайым қағидалар түргысынан зерделеу мен ұғындыру өлшемдеріне (параметрлеріне) сая бермейтін құрделі ой-толғамдар жиынтықтарынан құралған теориялық дәлелдерді қажет ететін таңғажайып, тылсым құбылыс екені хақ. Алайда, оның аса құрделі және құпиялы сипат алуы зерделі ұрпак танымының қызығушылығын қалыптастырығанын жасыруға болмайды.

Сондықтан Құран сүрелері негізінде шәкірт санасында барша адамзат мойындаған рухани құндылықтар ғибраттары арқылы ой толқытып, сезім тербету әрекеті қажет екені анық.

Ұлттық тәлім-тәрбие бастаулары тарихи дәуірлер көшінде заман талаптары мен құбылыстарының өзгерістеріне қарай өзінің даму мен қалыптасу генезисінің ерекшеліктерімен сипатталып отырды.

Алтай тауларының қақпа тастарына (IV-V ғ.ғ.) ойып жазып кеткен Күлтегін мен Тонықөк бабаларымыздың:

«.. Бікте көк Тәнірі
Астында қара жер жаралғанда
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласын басқаруға ата-бабам:
Бумын, Тумын, Іstemі қаған отырған.
Түркі халықтарына иелік еткен,
Төрт құбыланың бәрі жау еді
Әскер жүргізіп көп алған, бәрін бейбіт қылып.
Басы барын идірген, жүгіндірген, тіzelіні бұқтірген

Ілгері Қадырхан койнауына – кері Темір қақпаға дейін..», – деп, ұрпағына мәнгілік мұра мен аманат қалдырған көнетүркі жырларында терең тәлімдік -ғибратнамалық ойлар өткен заманың қайталанбас құндылықтары жөнінде сыр шертеді. Өскелен

ұрпағына аманат еткен тағылымы мен танымы мол аталмыш ой маржандары ата тарихымыз бер ата тегіміздің көне дәуір менен бүгінгі дәуір кеңістіктерін жалғастырып тұр. Жыр мақалдары жұмбак дүниенің тылсым құбылысымен байланысып, баба гибратының құрделі сезімдерінің бастауы болған ой-таным жүйесінің ерекшелігін танытып тұр. Тасқа айналған өситеттер тізбегі болашақ ұрпағына алдыменен ататек туралы шежірелерді жадында сақтауды мензейді. Жырдағы тәнірліктің таңгажайып құбылыстарынан таным нәрін алған діни-мифологиялық тағылымдардың жер мен аспан әлемі жөніндегі ұлттық дүниетанымдық қағидаларының, адамзаттың ғұмырнамалық зандалықтарымен ұштаса, ұрпақ санасына ой салуы – бүгінде жиі айтыла бастаған елдік пен еркіндіктің, парасаттылық мен қаһармандық дәстүрлерінің рухани қазынасы бола бермек.

Халық тәлімгері атанған Қайқауыстың «Кодекс куманикус» атты дүние жүзіне әйгілі еңбегі ұлттық таным мен тәлім дүниесінің қайнар бастауына айналды. Ғұламаның: «... ей перзентім... дүниедегі басқа заттарды өз өрнегін сияқты танып түсіне біл. Алла тағала, адамзатты жаратты. Оған өмір сүруге қажетті өнер, білім, саясат ағымдарын жаратты. Сені жан-тәнімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-анаңың қөнілін қалдырма. Білім – ақылдың ажар көркі. Аңдасаң – ақыл деген қымбат нәрсе. Оны ұры алып кете алмайды, отқа жанып, суға акпайды..», – деген астарлы ұғымдары арқылы ұлттық тәлім-тәрбие тамырларының теренде жатқанын байқаймыз. Қайқауыс гибраттары толқындары толассыз тербелген таным мұхиты іспеттес дүние екені хак. Тәлімгер абыздың қекейінен шыққан тағылымдық өситеттер ұрпақ тағдырының жандүниесіне терен бойлап, адамзат назарын өзіне қарататын рухани құштің құдіретін сездіреді. Қайқауыс қағидаларын қайта зерделеу – болашақтың ісі. Данышпан абыздың тағылымдық дүниесі мен ғұмырнамалық мұраларын біркыдыру арқылы шолып өту мүмкін емес. Абыздың ұлт тағылымын ұрпақ игілігіне айналдыруға деген ұстаздық мәртебесінің қанша-

лықты ұлы екенін оның тәлім-тәрбиелік идеяларынан көреміз. Ұстаз-данышпанның өзі ғұмыр кешкен замандағы халықтың бойыншады барлық қасиеттерді бойына жинап, бізге беймәлім өмір тұрмысындағы тәлім-тәрбиелік құндылықтарды барынша талдау жасап, нәтижеде оны ұрпак жадында сакталуына қыруар еңбек сткені таң қалдырады. Ғұлама данышпандығының ерекшелігі – халықтың ықылым заманнан қалыптасып келген рухани-мәдени мұраларын сақтау мен қастерлеудің бірден-бір жолы – ол дүние-лердің ұрпак санасына жүйелі түрде сінірудің тәсілін іздестіру әрекеті болды. Оның мұраларынан ата тағылымының ұрпак санасына ұлт қазыналарын қалай дарытуы жөніндегі данышпандық дәстүрлердің үлгісін көреміз. Халықтық педагогиканың ерекшелігі, ол әр халықтың тілдік, тұрмыстық дәстүрлері негізінде ғана қалып қоймай, көп жағдайда әр үлттың, тіпті нәсілі бөлек этностарға тән адамгершілік-гуманистік құндылықтарды ортақ қазына ретінде қабылдау құралы болып келді. Этнопедагогика мәселесінің халық өмірінде айырықша көрініс табуы, кайта әулеттік, қоғамдық қажеттілікке айналуы – ұлт бойындағы аса құнды қасиеттердің бірі этика мен моральдік қазыналарды ұрпак санасы сініруші құрал болып келгендігі. Осы тұрғыданда, қазақ халқының көне көз ғұлама-данышпандары-Абайда, кешегі тоталитарлық заманың жазықсыз құрбандары болған біздің зиялыштарымызда, оның ішінде Мағжанда өз бастауларын осы халық педагогикасынан алғандарын білеміз. Олай болса, халық педагогикасының ел тарихы болсын, тәрбиеде болсын алар орны үлкен. Сондыктанда, бізде өз бастаумызды халық педагогикасынан бастаумызды жөн көрдік. Яғни, үлттық тәлім-тәрбие ілімдерінің қалыптасуының қайнар көзі, осы халық педагогикасы болмақ.

1.2. ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ІЛІМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Тәрбие- өз бастауларын адамзат өркениетінің бірінші қадамдарымен байланыстырады. Тәрбие алғашқы адамдармен бірге пайда болды. Ол замандары бала ешқандай педагогикасыз-ақ тәрбиеленген. Адамдардың ол жөнінде тіпті хабары да болмаған. Тәрбие жөніндегі ғылым геометрия, астрономия басқада ғылым салаларынан көп кейін қалыптасқан. Белгілі болғандай, барша ғылым салаларының пайда болуындағы алғы шарт – өмір қажеттігі. Кейін тәрбие идеялары адамдар өмірінде аса маңызды рөл атқара бастады. Себебі әр түрлі қоғамда өсіп келе жатқан әулиетке берген тәрбиесіне орай өмір қажеттігі де жылдам немесе шабан дамитыны белгілі. Осыдан тәрбие тәжірибесін топтастыру және қорытындылау, арнағы оку- тәрбие мекемелерін ұйымдастырып, жастарды өмірге дайындаудың қажеттігі туындалды.

Ежелгі дүниенің Қытай, Индия, Египет, Греция сынды аса дамыған елдерінде сол заманның өзінде тәрбие тәжірибесі бір арнаға келтірілді, одан теория түзу қадамдары жасалды. Ол кезде табиғат, адам, қоғам жөніндегі барша білімдер философия шенберінде жинақталатын, алғашқы педагогикалық тұжырымдарда сол ғылыми аумакта дүниеге келді. Барша замандарда адамдардың рухани және тән-дене дамуында шешуші рөл атқарған қуаты мол күшті халық педагогикасы беріп келген. Инабаттылық, еңбектік, тән-дене тәрбиесі бойынша халық қайталанбас ғажайып өміршен жүйе түзді. Еуропалық тәрбие жүйесінің бесігі – ежелгі Греция философиясында қалыптасқан. Оның көрнекті өкілі Демокрит (460-370 жж. Б. э. д.)- балалар тәрбиесі бойынша алғашқы нұсқаулар кітабын жазған. Сол уақыттың өзінде ол: «Табиғат және тәрбие мегзес. Дәлірек айтсақ, тәрбие адамды қайта жасайды және оны өзгерте отырып, болмыс табиғатын түзеді... Жақсы адам болу табиғат ықпалынан гөрі тәрбиеге көбірек тәуелді». Адам тәрбиесіне және тұлға қалыптастыруға байла-

нысты идеялар мен тұжырымдар ежелгі грек ойшылдары Сократ (469-399жж. б. э. д.), Платон (427-347жж. Б. э. д.), Аристотель (384-322жж. б. э. д.), Тертулиана (160-222жж. Б. э. д) енбектерінде жарияланған.

Орта ғасырлар дәуірінде шіркеу ықпалы қатайып, тәрбиені толығымен діни арнага бұрды. Бұл Еуропада 12 ғасыр бойы үстемдік еткен дөгматикалық оқу принциптерінің шындалуына жол берді. Солай да болса, өз философиялық тұжырымдары мен педагогикаға үлес қосқан шіркеу өкілдері Августин (354-430жж.), Фома Аквинский (1225-1274) есімдері ғылым тарихында сакталған. Бұгінгі күйінде жалпы білім беретін мектепті ойладаңыз, іске қосқан Лойола (1491-1556) және оның ізбасарлары.

Қайта өрлеу заманы аса жарқын ойшыл педагог-гуманистерді ғылым сахнасына келтірді. Олардың катарында голландиялық Эразм Роттердамский (1466-1536), италияндық Витторино де Фельтре (1378-1446), француздық Франсуа Рабле (1483-1553) және Мишель Монтень (1553-1592) өздерінің педагогикалық енбектерімен әйгілі болды. Педагогика көп заманга дейін философияның бөлігі болып, тек қана XVII ғасырда ол дербес ғылым лауазымына ие болды. Осыдан педагогика бұгінгі күнде де философиямен аса тығыз байланысқан. Себебі бұл екі ғылымның да шұғылданатыны адам, оның өмірі мен дамуын зерттеу. Педагогиканың философиядан бөлініп, өз алдына ғылыми жүйеге келуі ұлы чех педагогы Ян Амос Коменскийдің (1592-1670) есімімен байланысты. Оның 1654 жылы Амстердамда жарық көрген «Ұлы дидактика» атты еңбегі алғашқы ғылыми-педагогикалық кітаптардың бірегейі болды. Ондағы айтылған идеялардың көшілілігі осы күнге дейін өзінің көкейкестілігін және ғылыми маңызын жоғалтқан емес. Я. А. Коменский ұсынған табиғи сәйкестік принципі, сынып-сабактық оқу жүйесі және басқа да оқу принциптері, әдістері, формалары педагогикалық теорияның алтын корынан орын алды. «Оқу негізіне басқалардың зат жөніндеңі бакылаулары мен айғақтарын жаттау алынбай, сол заттар

мен құбылыстарды танып, білу қалануы тиіс»; «Естігенді – көргенмен, сөзді- қол әрекетімен байланыстыру қажет»; «әрқандай үйрету сыртқы сезім және ақыл-парасат байланысы негізінде дәлелдерге сүйенуі қажет»... Ұлы педагогтың осы тұжырымдары біздің заманымыздың талаптарына да сәйкес келіп тұр.

Тасқа жазылған дастандардың, тәлім-тәрбиелік идеясымен астарлас рухани мұраның бірі, Қорқыт ата тағылымдары. VIII-IX ғғ. теңірегінде Сырдарияның орта және төменгі бойын жайлаған Оғыз-Қыпшақ тайпаларының мемлекеті болды. Оғыздар арасынан шыққан әйгілі күйші, музыкант, жыр алыбы, аңыз кейіпкері ұзақ өмір сүріп, жазмышқа қарсы құресіп, адамның мәнгі жасауын арман еткен кеменгер ғұлама Қорқыт еді. Өлім қатері, одан құтылу туралы өзінің асыл ойлары мен тебіреністерін қобыздың зарлы әуеніне қосқан. Қорқыт туралы аңыз-жырлар, бізге жеткен «Қорқыт-ата кітабы» Орта Азия, Қазақстан және Әзіrbайжан халықтарынын, аса көрнекті жазба ескерткіші. Қорқыттың музыкалық-этнографиялық мұрасы бұрынғы Совет Одағын мекендейтін түркі тілдес халықтардың барлығының ортак рухани игілігі. Қорқыт ата тағылымдарында тәлім-дік мәні құшті түрлі афоризмдер, қанатты сөздер, ұстаздық ұлағаттар көптеп кездеседі. Бұлар тек тарихи-этнографиялық түрғыдан ғана емес, сонымен бірге осы аймақтағы халықтардың ілкі орта ғасырлардағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінін, өзіндік ерекшелігін бейнелейді. Қорқыт есімі көшпелі қазақ жұрттының арасында ерте заманнан-ақ ерекше қастерленіп келеді. Сондықтан да халқымыз:

Жыраудың ұлken пірі – Қорқыт ата.

Бата алған барлық баксы,

ақын асқан ата Танқалып жұрттың бәрі тұрады екен

Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда, – деп тегін жырламаған.

1980 жылы Сырдариянын, төменгі сағасында, Жосалы (Қызылорда облысы Қармақшы ауданының орталығы) станциясының солтүстік-батысына таман Қорқыт мекенінен бір жарым

шакырым жердегі оның зиратының басына тамаша ғимарат ескерткіш орнатылды. Қорқыт ата нақылдарында тәлім-тәрбиелік сипаттағы ақыл-кеңестер әр қырынан сөз болғанын жоғарыда айттық. Мәселен, имандылық, кіслік, қанағатшылық, әрекетшілік жайында айтылған мынадай ақылдарға құлак түргеніміз абзал. «Тәніріне сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды... Жігіт тірісінде Қаратудай қылышп, бір күн тыныштық көрмей дүние жияды, байиды. Бірак соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Менмен, тәкаппар адамды тәнірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәнірі бак бермейді...»

Дана ойшылдың ата-ананы сыйлап, құрметтеу, үй-ішілік жарасымды қарым-қатынас, ұл мен қыз тәрбиесі, адамның әр түрлі мінез-құлыш сипаттары жайында айтқан тағылымдары да бүгінгі ұрпакқа өнеге боларлыктай: «Өзіннен тумаса ұл өгей: қашама бағып, какқанмен ол саған ұл болмайды... Мыңғырған мал жиганмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. АナンЫҢ қөнілі балада болар... Ұлың өсіп-жетілсе, от басының мерейі, бас-көзі» Қорқыт ата жеткіншек, жасөспірімдердің жанымен қоса тәнінің шынығуына, елі мен жерін жан-тәнімен сүйіп, оны қасықтай қаны қалғанша жаудан қорғайтын жау жүрек батыр болғанын аңсайды. Осыған орай ол былай дейді: «Жол қындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жок. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, қүшінді сарп етпе.

Батыр туған жігіттің садағынын, оғы да. қылыштай кесіп түседі... Қолыңа ұстаған болат қылышың мұқалмасын. Жауға атқан садағың өткір болсын». Кеменгер дала ойшылы жас жеткіншектің көшпіл, қонақжай ата жолын құған ақ пейіл адам болғанын қалайды («Қонағы жок қараша үйден құлазыған тұз артық... Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балага ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық

көріп, өмір сүрмеген кеп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрсе де аз».) Корқыт атасының әйел халқының түрлі типтері туралы осынау айтқанда-ры өзінің тәлімдік мән-мағынасын ешқашанда жоймайтын, қайта мәнгүрттік пен имансыздық жайлап келе жатқан қазіргі қазақ қауымы үшін аса қажет.

Қазақ халқының да тәлім-тәрбиелік жүйесі ұланғайыр. Бұл салада халқымыздың тәлім-тәрбиелік алтын қорына елеулі үлес қосқан арыстарымыз А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, С. Торайғырұлы және т.б. Олардың тәлім-тәрбиелік есиецтері талай зерттеулерге арқау болған. Кеменгер Ахмет Байтұрсынұлының өткен ғасыр басында – «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің қөбі түзелгенде, оқумен түзеледі» – деген ұлағатты ескертпесі бүгінгі қазақ мектебінің ұлттық білім стратегиясының тұғыры ретінде қабылдануда.

ХХ-шы ғасырдың басында әлемдік педагогикада еркін тәрбие және бала тұлғасының дамуы идеялары белсенді жария етіле бастады. Бұл идеяға жетекші Мария Монтессори (1870-1952) болды. Өзінің «Ғылыми педагогика әдістемесі» кітабында ол балалық жас мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажеттігін түсіндіріп бақты. Себебі, сәбилік шақтағы бала дамуы үлкен тәрбиелік табыстарға есік ашады. Оның пікірінше, мектеп окуының басты формасы өзіндік оку жұмыстары болуы қажет. Монтессори оқушылардың жекелеп окуына ынғайлы грамматикалық, математикалық, биология-жаратылыштану және басқа пәндерге арнап дидактикалық материалдар ұсынды. Бұл оку құралдарының ерекшелігі, оларды пайдалана отырып, бала өз кемшілік-қателерін табады және оларды түзетеді. Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында да Монтессори жүйесінің таралтарлары мен қолдаушылары баршылық. Осы бағытта түзілген «бала бақша

-мектеп» жүйесі іске косылып, балаларды еркін тәрбиелеу идеясы оз жемісін беруде

Қазан төңкерісінен кейінгі кеңестік педагогика жаңа қоғамдаты адам тәрбиесі идеяларын өзіндік түсінім жолымен дамыта бастады. Жаңа педагогикаға байланысты шығармашылық ізденістер аймағында белсенділікпен қатысқан белгілі педагог ғалымдар: С.Т. Шацкий (1878-1934), П.П. Блонский (1884-1941), А.П. Пинкевич (1884-1939) болды. Социалистік дәуір педагогикасын танымал еткен Н.К. Крупская, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский еңбектері. Надежда Константиновна Крупскаяның (1869-1939) теориялық ізденістері жаңа кеңес мектебін қалыптастыру, сыйныптан тыс тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру, енді пайда бола бастаған пионер қозғалысы проблемаларының төнірегінде шоғырланды.

Жас үрпакты тәрбиелеуде халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің маңызы зор. Қазақтан шыққан тұңғыш саяхатшы, зерттеуші, этнограф ғалым Шоқан Үәлиханов халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен бастап, бүкіл рухани мұрасының танымдық-тәрбиелік маңызын зерттеп, кейінгіге асыл мұра қалдырды. Жастайынан европаша білім алып өскен Шоқан Үәлихановтың қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениет тарихын жетік білуіне бірден-бір себепші болған әжесі Айғаным (Шыңғыстың шешесі, Үәлидің тоқалы). Шоқан он жасына дейін өзінің туған ауылында әжесі Айғаным мен әкесі – аға сұлтан Шыңғыстың тәрбиесінде өседі. Уәли, Шыңғыс ауылдары қазақтың ақын-әнші, сал-сері, өлеңші-жыршы, күйшілері мен бақсы-балгер, құсбегі-саяткер сияқты өнер қуған қауымның жиі-жіңі жиналышп, өнер сайысына түсетін ортасы болған. Орынбай, Жанақ, Шәже, Нысанбай сияқты айтыс ақындары, Біржан, Ақан, Үкілі Үбырай сияқты жезстандай әнші-сазгерлер, Тәттімбет, Тоқа, Қанғожа сияқты күйші-композиторлар Абылай тұқымының маңына үйірліп, өз өнерлерін дүйім жүртқа жайған. Міне, осындаған той-думан, өлеңжыр, аңыз-ертеғі, айтыс өнерінің ортасында өскен Шоқанның

қазақтың дәстүрлері мен өлең-жырларын жетік біліп, зейін коя зерттеуі – табиғи заңды құбылыш. Шоқан тіпті Омбыдағы Кадет корпусында оқып жүріп, еуропаша білім алғып жүрген кезінің өзінде де казак-қыргыз елдерінің әдебиеті мен мәдениетінен, салт-дәстүрлерінен қол үзбеген.

Ол Шығыс халықтарының, оның ішінде қазак халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, діни нағым-сенімдерін, фольклорлық шығармаларының шығу тарихы мен өзіндік ерекшеліктерін зерттеуге арнап, «Сібір қарамағындағы қазактардың сот реформасы туралы записка», «Жонгария очерктері», «Қыргыздың Манас жыры туралы», «Шаман дінінің қазактар арасындағы қалдығы» ебектерін жазды. Шоқанның қазақтың салт-дәстүрлері мен діни нағым-сенімдерін зерттеу еңбектерінің құндылығы: біріншіден, ғылыми ауқымының көндігінде. Ол XVIII-XIX ғғ арасында өмір сүріп, бүкіл Шығыс халықтарының мәдени мұралары туралы еңбек жазып, пікір айтқан Марко Поло, Бабыр, Рашиди, Махмұт Хайдари, Мейндорф, А. Левшин, Д. Банзаров сиякты Батыс, Шығыс ғалымдарының еңбектерін оқып, салыстыра отырып, тарихи шындықтың бетін ашуға тырысқан. Екіншіден, Шоқан қазақ мәдениетін көрші өзбек, қыргыз, түрікмен, қарақалпак, монгол, қытай, татар мәдениетімен байланыста қарастырып, олардың бір-біріне тигізетін ігі әсерін жан-жакты сөз еткен. Қай халықтың болмасын жалғыз өзіне ғана тән салт-дәстүрі болмайтынын, шаруашылық кәсібі мен мәдени тұрмыс-тіршілігі аралас елдердің бір-біріне тигізетін әсері сөзсіз болатынын мұқият ескерген. Үшіншіден, Шоқан көне тарихи мұраларға сын көзімен қарап бағалаған, салт-дәстүрлердің озық үлгілерін тозығынан бөліп қараған. Шоқан еңбектерінің тағы бір құндылығы салт-дәстүрлер мен фольклорлық шығармалардың тәлімдік мәніне баса көніл бөліп, оны халыққа оқу-білім беру ісімен байланыстыра зерттеуінде.

Ы. Алтынсарин өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, Шығыстың жаттамалы діни

оқуынан да қорғап бақты. Жастарға шынайы білім беретін дүнияды пәндерді (жаратылыстану, география, тарих, есеп т.б.) оқытуды іске асырды. Ол орыс-қазак училище шәкірттеріне сол кездегі прогрессивтік, гуманистік идеяда жазылған К.Д. Ушинскийдің «Балалар әлемі», Л.Н. Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф. Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралы», А. Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқулықтарын пайдалануға ұсынды. ІІ. Алтынсарин 1879 жылы алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазак аудиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген төл оқу құралын – «Қазак хрестоматиясы», «Қазактарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» – жазып бастырып шығарды. Хрестоматияға автор, біріншіден, қазак халқының халықтық идеядағы Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, ақыз-әңгімелерін енгізсе, екіншіден, өзінің «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Өке мен бала», «Аурудан аяған күштірек», «Жеміс ағаштары», «Асыл шөп» т.б. гибратқа, өсietкес құрылған дидактикалық әңгімелері мен өлеңдерін, үшіншіден, «Талағтың пайдасы», Бір уыс макта, «Алтын шекілдеуік», «Мейірімді бала», «Жаман жолдас», «Силинші ханым» «Зергерлік» т.б. осы сияқты орыс, батыс классиктерінің тәлімдік мәні зор әңгімелерін аударып енгізді. Ол қазак жастарын оқытып тәрбиелеу ісін басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызымет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазак қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеу ісінен артық ешнэрсе жоқ»дейді. Адамның мінез-құлқы мен жеке басының қалыптасуы тәрбиеге байланысты деп Үбырай Алтынсарин өзінің осы пікірін «Бақша ағаштары» деген әңгімесінде шебер ашқан Өзге жүрттың өнеге тұтар ұлы адамдарын бауыр ету – гуманистік ұлы қасиет.

Осы асыл қасиетті дәрілтеп, жастардың бойына дарытуды Үбырай да, Абай да азаматтық парызымыз деп санаған.

Қазак әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың педагогикалық ой-пікірлері ұлттық педагогиканың тарихындағы үлкен бір

белес болып табылады. Алдымен, ол білім, таным мәселелерін адам өмірінің мәнімен байланыстырып, терен философиялық тұжырым жасайды. Абайдың айтуынша, адамды басқа хайуандардан ерекшелендіріп тұрган қасиеті – білуге, тануға құштарлық. Егер адам білімге деген құштарлығын жоғалтса, онда ол адам болудан қалады. «Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген сон, ол жан адам жаны болмайды, хайуан жаны болады». «Сегізінші қара сөзінде» «Осы ақылды кім үйренеді, насиҳатты кім тыңдайды» деп бастайды да, заманындағы болыс, билер мен байлардың акыл алып, үгіт-насиҳат тыңдауға құлық-сыздығын сынайды.

Олардың өздерін онсыз да ақылдымыз деп санайтынын, жаңадан бір нәрсе үйренуге уақыттары жок екенін, өздерінің «не білімге, не ақиретке, не дүниеге» пайдасы жок күнделікті күйбін-нен қолы босамайтынын сынға алады. Сол сияқты бұлардан қалғаны кедейлер болса, олар өздерін ана үшеуінен кем санайтындығы сонша, тіпті ақыл-білім үйрену үшін де бай немесе би-болыс болу керек деп есептейді. Үры-қарыға тіптен де насиҳат керек емес. Сондықтан да ұлы ойшыл «Бірінші қара сөзінде»: «Ғылым бағу ма? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрапсын?» деп күйінеді. Абайдың түсінігінше, ғылым-білім бір-біріне айтсан, үйретсөң ғана көбейетін қазына. Осы «Бірінші қара сөзінде» бала тәрбиелеу, яғни ұстаз болу туралы да күні бүгінге дейін аса маңызды болып келе жатқан ой айтады: «Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін. Не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам?» Абай үшін ұстаздық енбекте маңызды нені үйрету емес, не үшін үйрету. Яғни баланың үйренгендерінің ертенгі өмірінде пайдасы болуы керек. Накты қай жерде, не үшін пайдаланатының көріп отыру керек.

Абай: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген наорсelerмен озады, Одан басқасымен оздым гой демектің бәрі ақымақтық» дей келе, адамды тәрбиелеуде қоғамдық орта рөлін шыншыл көзқараспен түсіндіре білді. «Адам баласын заман өсіреді. Кім де кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі виноват» дейді. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді. «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім». Абай жастарды «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп бүкіл адам баласын сүйе білуғе, сол арқылы аса зор гуманистік қасиетке баулыды. Абайдың жастарды тәрбиелеудегі педагогикалық көзқарасы өз замандастары, орыстың ойшыл педагогтары Л.Н. Толстой мен К.Д. Ушинскийдің агаартушылық ой-пікірлерімен терен қабысып жатыр. Л.Н. Толстой мен К.Д. Ушинский сиякты Абай да тәрбиені оқу-білім арқылы жүргізіп, халықты агаартушылық жолмен өркендетуге болады деп түсінді. Эрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Халықтық тәрбие – адамгершіліктің негізін қалайтын, оны негізгі қасиет етіп қалыптастыратын іргелі орын. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Бесік жыры бала жанын ұрға бөлейді, тазалықта үйретеді. Отбасы – тәрбие ұясы. «Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілерсің», «Жаман бала ата-анасын кинайды, баланың жақсысы ата-анасын сыйлайды», «Ата-ананы сыйлаган көп жасар, сыйламаған жан қинар» – дейтін мақалмәтелдер де соған байланысты айтылға. Ата-аналар өздерін-өзі сыйлауга, құтуге, қанша күш жұмсаса, балаларын сыйлауга, құрметтеуге екі есе артық күш жұмсауы керек. Өйткені олар – ата-аналар өз дәүірі үшін де, балаларының заманы үшін де жауап береді.

Бұл – әсіресе, қазіргі жағдайымыз талап етіп отырған тілек. Қазіргі тәрбиеміздің арқауы – халық педагогикасы. Оның негізі – діл. Осы тәрбие жүйесімен отбасылық тәрбиеге ықпал жасауға

болады. Баланы тәрбиелеуде имандылық тәрбиесінің маңызы ерекше. Мысалы, сәлем беру, амандасу, коштасу рәсімдері баланы ізгілікке бастайды. Сәлемдесу түрлі-түрлі: «Сәлем бердік», «Ассалаумагаләйкүм», «Сәлеметсіз бе?», «Жақсымысыз?», «Амансыз ба?», «Қалайсың?» т.б. жас ерекшеліктеріне, қоғамға байланысты өзгере береді, қазіргі заманғы уақыттың ұлттық төл мәдениеттің, тәрбиенің, тарихтың талабына сай, мектепте математика, жаратылыстану пәндерінің кейбір тақырыптарын ұлттық этностық түрғыдан оқушыларға түсіндіру, бүгінгі оқыту мен тәрбие жөніндегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Бүгінгі заман талабы – еліміздегі болып жатқан саяси-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени өзгерістерге байланысты жасөспірімдердің тәрбиесіне жаңа түрғыда қарауды талап етіп отыр. Қазіргі кездегі тәрбиенің басты мақсаты – ұлттық сана сезімі оянған, мәдениетті, рухани ойлау дәрежесі, отансұйғаштік сезімі биік, қоршаған табиғи ортаға, әлеуметтік ортаға икемді, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі міндеті қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың борыш, намыс, ождан, қадір-қасиет сияқты сезімдерін биік адамгершілік стимулдарына айналдыру болып табылады. Оқушыға отансұйғаштік тәрбие беруде оқытудың принциптерін және әдіс-тәсілдері мен соңғы технологияларды шебер қолдана білу қажет.

Откен ғасырдың қай кезеңінде болмасын адамзат перзентінің рухани және материалдық мәдениеті тек қоғам дамуының козғауши күші ғана болып қалмай, үрпақ санасына жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде адами-ізгілік қасиеттерді сінірудің қайталанбас құралы болып келді. Айттар ойымыздың айқын көрінісі – бүгінгі қоғамдық талаптар мен зан-құжаттар кешегі салт-дәстүрлерден, көрікті қалаларымыздың көне шаһарлардан, мәдениет пен оку-білімнің діни-рухани және мифологиялық құндылықтардан бастау алғаны нақты дәлел болмак.

1.3. ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТӘРБИЕЛІК ІЛМДЕРІ

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлагы оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Тән азығы мен жан азығының терең-тендігін сактап, әсіресе жан азығына басым көніл бөлген халқымыз өміртануды діттеп, оның философиялық зандылықтарын терең ұғынған. Жан азығынан макұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылып, оның айуанға айналатынын ертеден ұғынған халқымыз жан азығынан ең әуелі нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беуден бастайды, одансоң жас балдырган жеке сөздерді ұғына бастағанда-ақ, оған жақсымен жаманды ажыратып, түсіндіреді. Ол үшін тақпак, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазактама, мақалмәдел үйретіп баланың тілін шиratып, ойын дамытады.

Халқымыздың әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдыштық, ізеттілік, «ілтиппаттылық, конакжайлық сиякты абырайлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, санғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең біліп, тебірене іс-қимыл жасауга тиіс. Ұстаз ұлттық мәдениет үдерістерін өркениетті өмірімен байланыстырып тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге міндettі.

Атальмыш мәселелерді шешу біржактығана сипат алып қана қоймай, қайта көпшілік қауымның колдауымен кешенді тұрғыда жүзеге асырылуының тиімді екенін бүгінгі тәжірибелеріміз көрсетіп отыр. Демек, бүгінгі жалынды да дарынды жас, ертегі білікті де, ілкімді маман – жас ұрпақ өкілдерінің өз елінің тарихы мен мәдениетін, ұлттық қазыналары мен құндылықтарын, діни-рухани мұраларын қастерлеуге баулитын ұлы істерге үлес қосатын арнаның бірі – халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбиелік және этнопсихологиялық мұраларын ізгіліктендіру барша қауымның абырайлы ісі болмақ. Осы ұлы істі қолға алуымыз көптеген

мәселелердің шешілуіне жол салары анық. Бірақ, алға қойған мақсатымызға жету асқан төзімділікті, шығармашыл ізденімпаздықты, гибратты тәлімгерлікті және ұлттық құндылықтарды сактаушы және жеткізуші дәнекерлікті талап етері анық. Бұл ұмтылыс ғылыми зерттеуімізде өзекті орын алып келе жаткан көптеген қағидалардың мән-магынасының заман ренессансына байланысты қайта сарапталуын көздейтіні зандағылыш. Оған бүгінге дейін стереотиптік бағыт ұстанған «бала тәрбиесі» деген ұғымның «адам тәрбиесі» деген атаяға ұласуы айтартымызыңың дәлелі болса керек.

Ұлттық педагогика – әр ұлт өкілінің өзі өмір сүріп отырган ортасындағы табиғат жаратылысының адамдар санасына ұзак уақыт ықпал етіп, оның психикалық болмысын айқындайтыны туралы қағиданы мойындайтыны рас. Оған халықтың жас үрпақ-ка сапалы білім, саналы тәрбие беруде сан ғасырлар бойы жинақталып, сараланып келе жатқан тәжірибелері күз. Құнделікті өмірдегі білім технологиялары барынша модернизацияланып жатқан заманда халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін (ертеғілер, мақал-мәтелдер, жұмбактар, азыз әңгімелер, өлең-такпактар т. б) оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану – әлі күнге дейін көптеген ұстаздардың тамаша педагогикалық тәсілдерінің бірі екені рас. Бұл педагогикалық мұра – окушыларға да, ата-аналарға да ортақ және қажетті де. Халық сан ғасырлар бойы өне бойына жинақтаған діни-рухани және мәдени құндылықтарды өскелен үрпағының бойына негізінен тәлім-тәрбиелік дәстүрлер арқылы даритынын алдын-ала болжай білген. Адам бойындағы ізгілік, адамгершілік, имандылық, гуманистік және басқа жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген ұлттық мәдени жетістіктері тәлім-тәрбие құралдары арқылы жүзеге асырылғандықтан, біздер атальмыш ғылым саласының пән окулығы ретінде үрпақ иғілігіне айналғанын калаймыз

Ұлттық тәлім-тәрбие мәселесі жайлы сөз қозғалғанда, тәрбие теориясы жөніндегі педагогикалық ой-пікірлер мен тұжырымдардың көрсетілген орталықтарынан шығады.

рымдарга басты назар аударған жөн. Антикалық дәуірде Сократ, Платон, Аристотель, Демокрит және басқа ғұламалар балалардың танымдық көңістігінің дамуына білім мен тәрбие құралдарының аса қажет екенін ерекше атаған. Ұлы Дағы пайғамбарлары аганған Заратуштра, Қөроғұлы, Анақарыс пен Қоркыттың, Әбу Насыр Әл Фараби мен Қайқауыс бабаларымыздың үрпак тәрбиесі жөнінде айтқан нақылдары күні бүгінге дейін халық жадында сактаулы. Тәрбие теориясына байланысты Әл Фарабидың «адамға ең алдымен білім емес, тәрбие беру керектігі» жөніндегі нақыл сөзі кейінгі жылдары баспасөз беттерінде және педагогикалық жиындардағы баяндамаларда жиі айтылуда. Фараби мұраларының бүгінгі үрпак тәрбиесіне берер тағылымдық құндылықтарының мол екені рас. Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлер Антологиясында Әл Фарибидың педагогикалық мұраларының бірінші беттен табылуы – ғұлама гибратының бүгінгі жастар үшін қаншалықты құнды, қаншалықты қажет екенін аңғартса керек.

Аталмыш ой-тағылымдардан Әл Фарабидың тәрбие теориясына қатысты мәселелердің тек қана баланың жан-жақты дамуына тірек болатын тәрбие тәжірибелерін қалыптастырумен шектелмей, оның жалпы адам тәрбиелеу ізгілітерінің құралы болу керек деген гибраттарды кездестіреміз. Фарабидың дүниетанымдық көзқарасы адамзат өркениетінің даму кезендерін жете тану қажеттігімен жанасып, аталмыш күрделі құбылысты белгілі бір аймақтың баршаға үлгі ретінде салыстырмалы тұрғыда зерделеп, нәтижесінде өзінің ойын бір қаланың тұрғындарының бақытқа жету жолының түпқазығы білім мен тәрбие құндылықтарында екенін меңзейді.

Оның осы мәселеге қатысты терең мән берген тәлімдік алғышарты – біріншіден әр адам өзін-өзі тануды ерте бастап назар аударып, сол мәселеге байланысты табигат пен адам ілімдерін үйренуге; екіншіден, аталған қасиеттердің аса жауапты және кез келген адамның қолынан келе бермейтін қыын іс екенін атай

отыра, ол үшін ұстаз бен жол көрсетуші тәлімгердің қажеттігін ескертеді. Мұның өзі бүгінгі педагогикалық зерттеулерде ғалымдардың назарын өзіне аударып отырған жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу және сол мәселелер төнірегінде педагогика ғылыминың қол жеткізген тәжірибелері мен шешілмей жатқан тәлім-тәрбиелік проблемалармен жанасатының айтпақпзыз. Келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу қай кезеңнің де басты мақсаты. Ал ойлы-пайымды, білімді, мәдениетті, іскер жастаңды тәрбиелеуді адамзаттың ақыл ойы мен мәдениеттің дамуындағы құнды байлықтың барлығын игере отырып, оны бүгінгі ұрпактың санасына ұстаздық шеберлікпен біртіндеп сініру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Сондай-ақ, жасөспірімдердің бойында адамгершіліктік қасиеттерді қалыптастыруда мұгалімдердің этнопедагогикалық мәдениеттерінің озық болуының да рөлі орасан зор. Тәрбиенің негізі – ұлттық тәлім-тәрбие екені сөзсіз. Себебі ұлттық салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, қалпына келтірудің ең тандаулы жолы жас ұрпакқа өз елінің халықтық педагогикасын оқыту болып табылады. Мұндағы алға қойылып отырған негізгі талаптар – Қазақстан білім беру жүйесінің бүкіләлемдік білім беру кеңістігіне толық енуінің алғашқы ұлттық даму стратегиясын жасап, моделін құру.

Атальмыш гуманистік құндылықтар ортағасырлық ойшил, ұстаз-абыз Қайқауыс данышпаннның «Қабус-нама» (европаша – Кодекс Куманикус) (XI ғ.) еңбегінде ерекше көрініс тапқан. Европада XI-XV ғ.ғ. араб тілінде жазылған ғылыми еңбектер (астрономия, медицина, алгебра, география т. б) сол дәуірдің ең озық жетекші идеялары және классикалық туындылары ретінде танылғаны тарихтан белгілі. Кітаптағы Қайқауыс ұстаз-абыздың негізгі педагогикалық мақсаты – атасы және немере арасындағы шынайы сүйіспеншілік, терен сезім, рухани сабактастық, талап және тілек және ұрпак тағдыры мен тәлімгерлік болжамнама құндылықтарын көреміз.

Кең байтак Қазақстанның тұпкір-тұпкірлерінде мекендейтін конуултты халықтардың өкілдері, жергілікті жерлерде өздерінің ұлттық-мәдени орталықтарын ашып, өз ұлттының рухани құндылықтарын насихаттауларына, өз ана тілінде оқытылатын мектептер мен балабақшалар ашуларына, сондай-ақ: кітап, газет, журнал, оқулық, пән оқулықтары, балаларға арналған ертеғілер мен әңгіме кітаптар, көрнекіліктер және басқа да дүниелерді басып-жазып шығаруларына, теле-радио хабарлары арқылы ана тіліндегі танымдық бағдарламалар көрсетуге жағдай жасалған. Қазақ радиосы арқылы корей, түрік, неміс, ұйғыр тілдерінде тұракты әғирге шығып тұратын хабарлар жетерлік. Ұлт өкілдерінің ұпактарына жан-жақты білім-тәрбие алуларына мүмкіндік туғызылған. Баспасөз беттерінде қазақ мәдениетінің тарихын Орхон-Енисей жазуынан бұрын, II-III ғасырлардан басталатынын атады.

Осыған негіздей отырып халықтық педагогикалық ой пікірлердің қалыптасу кезеңін үш кезеңге бөлеміз. Бірінші кезең: Педагогикалық ой-пікірлердің алғашқы бастаулары, яғни 5-8 ғасырлардан бергі қазіргі түркі тілдес халықтарының бәріне ортақ қоғамдық сананың алғаш дүниеге келу кезеңі. Бұл кезеңдегі шығармаларға Орхон-Енисей жазбалары, Қорқыт ата тағылымдары жатады. Бұлар жайлы пікірлер бүгіндері көбірек айтылып, жазылып жүр. Отан сүйгіштікке, бауырмалдыққа тәрбиелейтін осынау көнеден жеткен жәдігерліктер бүгінгі күн үшін аса қымбат тақынды дүниелер.

Мысалы Қорқыт ата жырында былай дейді: «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала- екі көздің сыңары, қылсыз балаға ата дәүлеттен қайран жоқ,» – дейді. Бұдан біз он бірінші ғасыр бұрынғы Қорқыт ата мен бүгінгі қазақ отбасы арасындағы отбасы қарым-қатынасындағы құрмет сезімін көргендей боламыз. Ал одан да ертерек тарих сахнасында өткен

Иоллығ тегін жырларында былай делінген: Аштықта тоқтықты түсінбейсін. Бір тойсан аштықты түсінбейсін. Қандай қанағат болмасын, оның халқының арасында пәтуәсіз (жалқау, онбаған) табылса, онда сол халықтың қанша соры бар десеніші. Өлімнен ұят күшті.

Егер, сен түркі өз бектерінен, өз отанынан жырап кетпей, бірге жүрсөң, сен өзің де бақытты өмір сүресін, өзінің отбасында еш нәрседен мұқтаждық көрмейсін. Ержүрек халық – күшті халық... Бізге жеңіс әперген жер – суымыз. Отанымыз деп білу керек, – делінген. Халқымыздың жас ұрпакты отансүйгіштікке, батырлыққа, жеттілікке тәрбиелеуінің түпкі негізі осынау жырлардан бастау алып батырлар жырымен жалғастығын тауып жаттыны айқын.

Екінші кезең: Ұшы–қиырсыз далада орта ғасырлардан бастап, Қазақстанның Ресей қоластына кірген кезеңге дейінгі процесс аяқталғанға дейінгі демократиялығы басым тәлімдік ой-пікірлер кезеңі. Бұл кезеңдегі өкілдерге Әл-Фараби, Жүсіп баласағұн, Хас-ходжіб, Махмұд Қашқари, Ахмет Жүйкени, Қожа Ахмет Яссави, Асан қайғыдан басталған жыраулар дәуірінен Махамбетке дейінгі кезең қамтылады. Бұл кезең нағыз халықтық педагогиканың дамыған, шарықтаган алтын ғасыры болып табылады.

Қазақ ұлтының бүгінгі рухани мәйегі осы кезеңде мызғымастай қалптасқан еді. Осы кезеңнің аса ірі өкілі Әл-Фараби әлемінің екінші ұстазы атанған ұлы тұлға. Әл – Фараби тәрбие жөнінде мынадай ой-пікірлер айтады: «Философияны зерттегісі келетіндер әрекетке және мақсатқа жету жолында талпына беруге тиіс. Әрекетке талпыну білім арқылы жүзеге асады, өйткені білімнің түбі әрекет болып табылады. Ал табиғатты білмейінше білімарқылы мақсатқа жету мүмкін емес, өйткені табиғатты білу біздің түсінігімізге біртабан жақын...» – дейді. Ұстаз жайлы: Ұстаздың мінез-құлқы нормасы мынадай болуы керек: тым қаталда болмауы тиіс, тым ырыққа жыға бермеу керек, өйткені тым

қаталдыққа ұстазды шәкіртке қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның гылымына шәкірті селкос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет, өйткені бұлар – жұрт айтқандай – тамшысы бейне бір су тәрізді...» – дейді. Әл-Фараби де халық педагогикасының асыл арналарына сүйенген деп айтуда болады.

XI -шы ғасырда өмір сүрген ұлы ғалым Жұсіп Баласагұн Хас Хаджибытың да енбектерінен халықтық педагогика жайлы пікірлер кездеседі: Шу алқабында орта ғасырларда өмір сүрген ғұлама ғалым «Құтты білік» атты еңбегінде мынадай ой айтады: «Баланың мінез- құлқы жақсы тәрбиеден туындейды. Егер бала ебедейсіз, шамшыл, өкпешіл өскен болса, бұған бәрінен бұрын ата-анасы кінәлі. Отбасы үшін бала – зор қуаныш. Баласыз бақыт жоқ. Егер, бала тәртіпсіз болса оған әкесі кінәлі. Балаңыз өмірден өкінбес үшін оған білім мен кәсіп бер. Үлгілі тәртіптің негізі – білім, әдет дағдыларға қалыптасу, машыктану...» – деген тамаша ойларын қалдырған.

Махмұд Қашқари XI-ғасырда өмір сүрген ғалым. Өзінің ұлы енбегі «Лұғат ат түрік» жинағында әдеп, тәлім-тәрбие, мораль жайлы тамаша пікірлер қалдырған:

Қонақ кеме ер жігіт,
Құт келді деп ұғады.
Қонақ көрсе жауыздар,
Тігулі үйін жыгады
Құрмет қылса халқына
Мади даңқын әрқашан
Сақ болғайсың тіліне,
Жақсы сөзден тайсалма – деген сөздер қалдырған.

Үшінші кезең ұлттық педагогиканың, педагогикалық ой-пікірдің кеңес өкіметі жылдарында дамуы. Алайда кейбір этно-педагогтар бұны басқаша топтайды. Белгілі ғалым Қ. Жарықбаев

былай дейді: Ұшы- қырысyz жазира дала тұрғындары өздерінің үлкен тарихында жас ұрпакқа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт- сана, әдет- ғұрып, дәстүр рәміздерін туғызды. Бұлар халық бұкарасының жөн- жобаларының, іс-әрекеттерінің қоғамдық ортада қалыптасқан нормалары мен принциптерінің көріністері еди.

Дала тұрғындары өздері өмір сүрген органдың әлеуметтік – экономикалық жағдайына, мәдениеті мен тарихына орайлас жас буынға тәлім – тәрбие берудің басқа жүртта қайталанбайтын талап тілектерін дүниеге әкелді. мәселен, жас ұрпакты тәрбиелеудің жалпыға ортақ моральдық-психологиялық нормасын белгіленді, оның мәні сегіз қырлы, бір сырлы дегеннақыл сөзден жақсы байқалады.

Дала тұрғындарына биік моральдық талаптар қойылды, со-лардың ең бастылары: көшпелі мал шаруашылығының тетіктерін жете игеру; еңбексүйгіштік пен төзімділік; ел намысын корғаудағы жауапкершілік; ата тегін ардактау; сөз асылын қастерлеу; тапқырлық пен алғырлық ат құлағында ойнау; ата салтын бұзбау(жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың меселін қайтармау, көрші хакын жемеу; т.б.) – деп анықтап кетеді.

Халық педагогикасының өмірімізге деңдеп қолданыс тауып жатқанына соңғы кезеңдердегі оқу процессі куә. Әр жердегі мектептерде өз тәжірибелерін жинақтап, корытындылар әзірлеп, баспа бетіне ұсынып жатқан ұстаздардың да еңбектерін назарға ала кеткеніміз жөн болмақ. Оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесі негізінен, тәмен және орташа деңгейде қалыптасқаның тәжірибе барысында анықтадық. Біздіңше бұл мынадай себептерге байланысты: Жалпы білім беретін мектеп жұмысында патриоттық тәрбие беру мәселесіне лайықты баға берілмейді. Мұғалімдер сабак өткізуде қазақ этнопедагогикасының мүмкіндіктерін толық пайдаланбайды. Бұл кемшиліктер жойылса, отансүйгіштік тәрбиені мақсатты түрде жүргізуге болады.

Ғылыми әдебиеттерге үнілсек, халықтық педагогика өскелен ұрпактың еркіне, сезіміне, санасына әсер етудің тасып жатқан

мүмкіндітері бар еken. Мәселен сенім көрсету, сыйыну, игілік тілеу, жаттығу үйрету, бата беру, тілек тілеу, сәлем беру, тиым салу, өситет, айыптау, кінәлеу, т.б. олардың көпшілігі классикалық педагогиканың қазынасына енген. Ал кейбіреулері ескірген әрі әсерсіз саналады. Оларға қарғыс, ұрып-соғу, ұрсу, коркыту, үгіттеу, т.б. жатады. Біздінше халық педагогикасының әсерлі әдіс-тәсілдерін сауатты пайдалану окушының отансүйгіштік сезімін қалыптастыру жөніндегі педагогикалық үдерісті жандандырудың бір шарты бола алады». Көптеген педагог ғалымдардың ұстаздардың енбектерінен түйілетін қорытынды мынадай.

Яғни, халықтық педагогиканы пайдаланғанда мынадай шарттарды ескеру қажет: Мектеп басшылығы, сынып жетекшілері тұрғысынан байсалды қараса, оларды ара-тұра емес, жоспарлы түрде күнделікті пайдаланса; Оқу жылының басында тәрбие жұмысының жалпы мектептік жоспарында сынып жетекшілері, ұзартылған күн тобының тәрбиешілері және ертеңгіліктер мен кештер өткізетін пән мұғалімдері халықтық педагогиканың элементтерін өз жоспарына міндетті түрде енгізсе; Мектеп әкімшілігі, тәрбие жұмысы жөніндегі менгеруші, сынып жетекшілердің, мұғалімдердің, окушылардың отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырып, дамыту мақсатында тәрбие жоспарларына халықтық педагогика элементтерін енгізуі үнемі қадағаласа; «Бұл арада білім департаментінің, мектеп әкімшілігінің, педагогтардың, ата-аналардың үйлесімді қимылды болуы керек. Мектепте оқу-тәрбиенің қырларын жаксарту нәтиже бермейді, сондықтан әнгіме жалпы білім беретін мектептің біртұтас педагогикалық үдерісінің логикалық жүйесінде қаралуы тиіс» (Е. Балтабай)

Әр жасөспірімнің қалыптасып дамуында өзі күнбекүн өмірден сезінетін, еститін, көретін заттары мен құбылыстары, оқигалары үлкен орын алады. Соның негізгісі – қазактың халық педагогикасы. Қазак халқының сан ғасырлар бойы жинактаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, аныз-ертеңілері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең-жырлары, ұлттық ойын-

дар ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазына екендігі жоғарыда айтылды. Халық педагогикасы ең әуелі мектептен, ба-лабакшадан басталатындықтан бұл мәселе жан-жақты талданылғанына, қаншама диссертациялар қабылданғанына, үкіметтің мемлекеттік қаулылар шығып жақынына келтірілген мысалдар арқылы жеткізіліп отыр. Осы ретте этнопедагогиканың негізгі элементтері қай пәндерде баса жүргізіліп келеді дегенге келетін болсақ – математика, әдебиет, биология, еңбек сабактарында халықтық педагогика: ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тиімді падаланылуда. Халық педагогикасы жайлы әр пәндер бойынша зерттелуі де қарқынды жүргізіліп жатқандығы байкалады.

Халықтық педагогика мәселесіне байланысты ой қозғағанда Қорқыттың ұлттық педагогикаға байланысты қағидаларын, Абайдың дана сөздерін, Ы. Алтынсарин мен А. Байтұрсыновтың педагогикалық идеяларына сүйенбей өте алмаймыз. Жұмабаев Мағжанның «Педагогика» окулығында оқытудың білімдік және тәрбиелік мақсатын ұлттық тәрбиеге негізделгенде ғана оның сапалы білім беріп, жастардың санасын көтеруге жәрдемі тиетіндігін айтады. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде кеменгер де ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармаларында халықтың бай дәстүрі жете сипатталады. Д. Әшімханның «Бес арыс» еңбегінде айтылатын ұлы орыстар еңбектеріне шолу жасар болсақ, кай-қайсысы да балаға тәрбие беруде, олардың білімін кеңейтіп, көзқарасын қалыптастыруда ұлттық тәлім тәрбиенің, әдет-ғұрыптың алар орнын баса көрсеткен. Бұл ғалымдар қазақ халқының болашағы – жастарды жан-жақты дамыту үшін нені оқыту, қалай оқыту керкітін айта келіп, берілетін білімді ұлттық педагогикаға негіздеу арқылы олардың бойында халықтың рухани байлықын сініруге болатындығын дәлелдейді

Президентіміз Н. Э. Назарбаев: «Біз демократия мен нарыктың экономиканы принципті түрде жақтаймыз. Алайда әр қоғамның өз ерекшелігі бар, ол қалайда ескерілуі тиіс қайталанбас этномәдениетке, діни тарихи қасиеттерге ие. Ал енді кім мұны түсібесе,

кімде-кім етжакындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейіпінде болмаса, онда ол өзінің тамырын ғана жоғалтып қана қоймайды, сонымен бірге одан кез келген басқа мәдениетте теріс айналады. Бұл тұра магынасындағы да, оның агресияшыл көрінісі тұрғысындағы да мәнгүрттіке бастайтын тұра жол» деп этнопедагогика этномәдениет жайлы пікірін айтқан болатын. Әукіл әлем қазір жаһандану дәуіріне еніп келеді. Осынау біріңгай супермәдениетке негізделген ғаламат ағында ұлттық бет-бейнесі айқындалмаған халықтың педагогикасы дамымаған мемлекеттер ықпалды идеология ағымына кету қаупі барын ғылымдар, саясатшылар айтып сактандырып жатқаны белгілі.

Бұгінгі таңда әрбір жас ұрпак өкілінің өзінің қайталанбас тұлға екенін, өз ретінде өне бойындағы ерекше қасиеттерді сезе біліп, қажет жағдайда сол мүмкіндіктердің ашылуына барынша күш салып тырысатын көрінісі анық байқалады. Мұндай киелі сезім – тәуелсіздік бесігінде тербеліп өскен еркін ұрпактың санасында қалыптасатыны рас. Ұясынан қанаттанып ұшқан мұзба-лақтың қыыр қоғта қайтіп қанат самғау керектігін үйретуі анық көрінетіні белгілі. Сол сияқты білім ордасындағы болашақ маман иелері де институт қабырғасында ұлттық тәлім-тәрбие және этнопсихология пәні бойынша дәріс алуы бір жағынан қажет болса, екіншіден өлшеулі бір кезең іспеттес.

Сондықтан, бұгінгі галым-ұстаздардың негізгі жігері – жас ұрпактың санасына жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде ізгілік, ұлттық намыс және шынайы адами қасиеттерді сініруге арналғаны һақ. Халқымыздың сан ғасырлар бойы жинақтап келген тәлім-тәрбиелік, рухани-танымдық және этнопсихологиялық мұраларын республикамыздың білім ордаларында кеңінен ендіріп, оны оқу-тәрбие және дидактикалық талаптарға айналдыру – жоғарыда аталған маңызды максаттардың іс жүзіне асырылуына септігін тигізеді деген сенімдеміз. Бала тәрбиесінің оңай еместігін, оған екінің бірі бара бермейтіндігін, екінің бірі нағыз ұстаз, нағыз тәрбиеші бола алмайтындығын жазады. «Тұрмыста

түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұнғыық теңізін құшті ақыл-қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола біletіn, қысқасы, адамзат дүниесінің керек біr мұшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару, баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар құshіn, бар біlіmіn жұмсал, жалықпай, шаршамай үйрете біlu керек», – дейді педагог Мағжан Жұмабаев.

М. Жұмабаев окушы-жастарды әрдайым, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызын көтеріп отырган. Бүгінгі таңда, жастарға тәrbie беруде маңызды идеологиялық міndettіn біrі, Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бұл істе басқа елдердің жақсы тәжірибелерін ескеріп, жастарды Отан сюj ісіне тәрбиелеуде оны үнемі пайдаланып отырудың маңызы зор. Мәселен. Жапония жұрты өзінің Жапон аралының азаматы екенін үнемі айтып, мактанды тұтады. Олар үшін Ямаго аралы – дүниедегі жердің ең асылы, шұрайлысы. Ал американцытар өзінің Америка азаматы екендігін зор мактаныш сезіммен атайды. Мектептер мен жоғары оқу орындарындағы сабак, өндіріс орындарындағы жұмыс ән-ұранын айтумен басталады. Бұл жастардың сана-сезіміне ұлттық рухты сінірудің бірден-біr жолы болып саналады. Біz де Жапония, АҚШ т.б. елдердің жақсы дәстүрлерінен үйреніп, окушы жастарды еліміздің Туын, Елтаңбасын, Әнұраның қастерлеуге үйретуіміз керек. Бұл салада әлі де болса іске аспай жатқан жұмыстар, шаралар көп.

Мағжанның ілімі ол: күнделікті өмірдегі біlіm технологиялары барынша модернизацияланып жатқан заманда халық ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін (ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбактар, аңыз әңгімелер, өлең-тақпактар т. б) оқу-тәrbie жұмыстарында пайдалану болып табылады. Бұл педагогикалық мұра – оқушыларға да, ата-аналарға да ортақ және қажетті де. Халық санғасырлар бойы өне бойына жинақтаған діни-рухани және мәдени құндылықтарды өскелен үрпағының бойына негізінен тәlіm-тәrbieліk дәстүрлер арқылы даритынын алдын-ала болжай білген.

Осы орайда Мағжанда тәрбие мәселесіне көп көніл бөлгендердің бірі.

«Педагогика» оқулығында, оқушыларды тәрбиелеудің накты жолдарын ұсынуы, оқушы мен мұғалімнің қарым -қатынасы, жалпы бала маңындағы адамдардың қандай болуы керектігін сипаттайды.

Бүгінгі ғылым мен техниканың заманының өзінде, откенге бет бұрып, М. Жұмабаев сынды педагог- ұстаздардың осы бағытта айтқан идеяларын қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде көнінен пайдалануға әбден болады.

Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті оқушылар бойына құрғак уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін-жерін қасық қаны қалғанша қорғап откен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелеуге болады. Оқушы-жастарды ұлттық руhta тәрбиелеу мақсатында, М. Жұмабаевтың тәрбие туралы кейбір ілімдерін бөліп көрсетуді жөн көрдік.

М. Жұмабаевтың тәрбие туралы тағылымдарынан:

1. Тәрбие төрт түрлі:

Дене тәрбиесі

Ақыл тәрбиесі

Сұлулық тәрбиесі

Құлық тәрбиесі

Балам адам болсын деген ата-ана осы 4 тәрбиені дұрыс орындасын...

2. Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу...

3. Бала тәрбиесі бір өнер, болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер...

4. Тәрбиеден мақсұт баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылыш шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылыш шығару...

5. Әрбір тәрбиешінің колданатын жолы – ұлт тәрбиесі.

...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызымет қылатын болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті.

6. Ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін балаңың дене тәрбиесіне жұмсауға міндettі.
7. Дене тәрбиесіне женіл карауға болмайды.
8. Баланы таба білсөн, ерінбей дұрыс баға біл.
9. Қазақ баласының ауру болуы, көбінесе осы талғамай тамақ жегеннен болады...
10. Қазақ қатыны! Өзінде өзінің қастығын болмаса, балаңың аузын астан алмай, аспен ұрып жығып, болмаса тамақ бермей, аштан қатырып, талдырып ұйықтатып бала асырауынды қой. Тамақты тәртіппен берсөн, баланың дені сау болады.
11. Тамақты тәртіппен ішіп үйренген баланың міnezі де дұрыс болады.
12. Қазақ әйелі! Балаңда қасың болмаса тәрбетпе баланы.
13. Бесік – баланың жататын орны. Естен тандырып, талдыратын орны емес.
14. Адам баласы мал баласы емес, баланы жақсылап бағу керек.
15. Балам мешел болмасын десең, балаңды дұрыс күт...
16. Адамның өзін – өзі, яғни, өз қатесін өзі көре білуі оның жанының иделға, қасиетті қияға ұмтылатын міnezі барлығын көрсетеді.
17. Балаға насыбай атқызуға, шылым тартқызуға жарамайды.
18. Балаға алкоголь, яғни мас қылатын арақ тұқымды нәрсені ішкізудің дұрыс еместігі өз-өзінен белгілі тұр...
19. ...«Жасында қалжың болсан, өскенде мылжың боларсың» – деген мақала ып-ырас...
20. Жас балаларды жиі – жиі жұмыссыз шынықтыру керек.
21. Баланы ең қажытатын нәрсе – тек отыру.
22. Баланы шынықтыру дегенде оны таза ауада ойнату, таза ауада гимнастика жасату деп ұғу керек.
23. ...Ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тен тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті.
24. Бір адамның осы үш тал жан көріністері тен болмай, біреуі таразының басын билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес.

25. Сурет салу баланың көру сезімін ұлғайту үстіне әдемілік сезімін де ұлғайтады...
26. Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін – бесік жыры.
27. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін.
28. Жас балаға қазактың «әлди-әлди, ак бөпем» деп басталатын ескі бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың күйі де, сөзі де төтті...
29. ...Баланың еті жақсы өсіп, берік болсын деген тәрбиеші баланы ойыннан қыспау керек...
30. Қазактың неше түрлі ырымдары қате ұғынудан туған. Тәрбиеші баланы осы қатеден, яғни ырымшыл болудан сактау керек.
31. Баланың ойынына үлкен адам кіріссе, балаға ойынның қызығы біtedі. Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма.
32. ...Тәрбиеші баланың дұрыс ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керек.
33. Тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, хұқімді теріс жасауга, қате ой шығаруға үйреніп кетеді. Мұндай бала тар ойлы, соқыр сенгіш, ырымшыл адам болып шығады.
34. Тілсіз ұлт – тілінен айырылған ұлт, дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымак. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу.
35. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді.
36. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті.
37. Қазактың сар даласы кең, тілі де бай.
38. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терен тіл жок.
39. Құндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жок, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы.

40. Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты, балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек.
41. Балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек.
42. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек.
43. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын мектеп.
44. Ата-ана қатал болса, бала да қатал.
45. Ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ.
46. Баланың маңайындағы адам дұрыс мінезді болу керек.
47. Баланы ұру, соғу ісі адамшылыққа ұнамайтын іс.
48. Ұрылып, соғылып тәрбие қылышынан бала жанының баржақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айырылып, миғұла болады.
49. Өтірік айтқан адамның сенімі кетеді, ұрлық қылған адамның қадірі кетеді.
50. Білімі, тәрбиесі, мінезіне қарай әр адамның ұялуы да әртүрлі болады.
51. ...Білімсіз адам айылын жимайтын істен, білімді адам, ұялып өліп қалады...
52. Ұялу оңай нәрсе емес.
53. Адамға ұялудан қатты жаза жоқ.
54. Баланың өзін мақтама, ісін мақта.
55. Бір шәкірті, бір баланы мақтау басқа балалардың рухын түсіреді, ынтасын өлтіреді.
56. Жақсы окуы, дұрыс құлқы үшін шәкірттерге сый беру..., үлестіру тіпті дұрыс емес...
57. Мұгалімнің шеберлігі өзі білген білімінің бәрін балаға тез білдіру де емес, еппен, жинақты, жігерлі, қызықты болуға тиісті...
58. Тәрбиешінің міндеті балада искусствоның қандай-қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету.
59. Баланың маңайындағы жүрген адамдар ретті, тәртіпті, таза болуға міндетті.

60. Тазалыққа үйренген бала, таза болады.
61. Баланың маңайындағы сейленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиісті.
62. Баланың маңайындағы адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті.
63. Қазак! Жұртқа күлкі болмаймын десен... баланды сұлу, сымбатты қылып өсір.
64. Топас адам – тірі өлік...
65. Адамның шын магынасы мен адам болуы үшін өзін сүюі, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүюі шарт.
66. Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдалында құрбан бола білсін.
67. ...Баланың жаратылышы табиғатты тілейтін нәрседен баланы тыю дұрыс емес.
68. Тәрбиеші мен баланың арасы өте жақын болуға тиісті.
69. Бала тәрбиешіні мұның тарқаталғандай, қуанышына ортақтаса алғандай, сырын шеше алғандай досым деп білсін.
70. Есте болу керек, арыстан айға шапса, мерт болмакты, өтпес жарлық бойға қорлық болмакты.
71. Тәрбиеші бар баланың барлық ісін тізгіндегі бермей, әрбір істе балаға ерік берсін.
72. Баланы ылғы тізгіндеуден сактау керек.
73. Бала нашарлыққа бір әдептеннеп қалса, оны қайта түзету онай еместігі есте болу керек.
74. Балада берік һәм дұрыс мінез пайда болу үшін тәрбиеші мынау негізгі 2 шартты орындау керек:
 - 1) Баланың өз қолынан келетін іске балаға толық ерік беру... Өз қолынан келмейтін істе ғана тәрбиеші көмек көрсетіп жіберуге міндettі.
 - 2) Баланы құбылмайтын, ұсақтықпен, қажытпайтын... тәртіпке бағындыру керек.
- Балалны еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, темір тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табындылыққа үйретеді.

Баланы тіпті еркіне жібермеу оны жасқаншақ, жасық, қорқақ қылады. Ал, тіпті тізгінсіз қоя беру, ләм-мим демей оның бар еркілігін орындаі беру баланы бейбастақ, ессіз тентек қылып шығарады.

76. Тәрбиеші тиянақты болса, бала оның тиянақтығына еліктейді. Тәрбиеші тиянақсыз болса, бала оның тиянақсыздығына еліктейді.

77. Ерінбей, жалықпай балаға әрбір істін себебін ұқтыра беру керек. Мәні-жайын ұқтырмай құр бүйрық беруші адам тәрбиеші емес.

78. ...Баланы өз күшіне өзін сендіріп үйрету керек. Қолыңнан түк келмейді дей берсен, бала жасқаншақ, жалтақ болып қалады.

79. Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылышына қарай беру керек.

80. Тәрбие деген баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Баланы тәрбие қылу тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен қүресе білетін адам шығару деген сөз.

81. Баланың өзін мақтама, ісін мақта.

82. Тәрбиеші баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын.

Қаласа өзін, асса барлық адам баласын адам жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғиық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін шаршамай үйрете білу керек...

Мағжанның өлең жолдарымен айтқан тәлімдік ілімдері:

Айтар сөзім мінекей,
Аласұрған көнілге:
Оқу оқы, өнер ку
Басқалардан тұніл де!

Жұрттың қамын көп ойла,
Уайым – қайғы жеп ойла!
Артта қалған сорлы жұрт
Алға бассын деп ойла.

Басқа жұрт – көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі ай, бірі жүлдyz, бірі күн бол,
Жалтылдаң көктем нұрын шашып жатыр.

Таласып өнер-білім алып жатыр,
Күнбе-күн алға қарай барып жатыр.
От жегіп, көкте ұшып, суда жүзіп,
Тенірінің рахыметіне жарып жатыр

Біреулер оқып төре болып жатыр,
Шен алып, бақыт құсы қонып жатыр.
Ұмытып өзін-өзі бұл сабаздар
Жұртына қарсы таяқ соғып жатыр.

Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді,
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.
Шетке лактыр, тымақтай алып, елден ку,
Ертелі кеш басыңа мініп езгенді.

Кітап әпер, оқысын балан қолына
Малды аяма оқу-білім жолына

===== Сабыр Сеңкібаев, Ботакоз Сеңкібаева =====

Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

Жетті енді қам жер мезгіл, жатпа бекер,
Ойламау келешекте түпке жетер.
Надандық коршап алған тұс-тұс жақтан,
Жан корқып, дene тітіркеп есің кетер.

Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырмайық жиылдып, ондалайық.
Мың жылғы өткен қумай ата занды,
Өнерден кеш қалмайық, ойланайық.

Жастық – алтын,
Құрып қал салтын
Салты оның – үйрену!
Өнер қуып,
Бел бекем буып,
Надандықтан жирену!
Тұрма, қарғам, ұмтыл!
Аты өшкірден құтыл!

Қарағым, оку оқы, боска жүрме!
Ойынға, құр қаларсын, көңіл бөлме.
Оқымай, ойын қуган балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме!
Кідірме, аялдама, алға ұмтыл.

2 ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ХХ-ШЫ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ІЛІМДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1. Қазақ зияллыларының ағартушылық- педагогикалық ой- пікірлерінің қалыптасуы

Екі ғасыр тоғысындағы аумалы-төкпелі дәуір мен саяси оқиғалар қазақ ұлтының арасынан өз саяси қайраткерлерін шығарды. Ұұл зияллылар өздерінің бар ғұмырын өз елі мен халқының бақытына арнап, сол жолда құрбан болды. Зансыздық пен дөрекілік қанат жайды. Ұлтты бір-біріне айдалап салу, қарсы қою, реті келсе жанжалдастырып отыруды басты құралына айналдырган болатын. Мәселең, Ресейдің әйел патшайымы 2-Екатерина, Орынбор генерал – губернаторына жолдаған нұскau бұйрығында:

«1. Қырғыз-казақ халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларына араз етіп, бірімен-бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыңыз.

2. Сұлтандарын бірімен-бірін араз қылып, бірімен-бірін иттей тартыстырып, бірінің етін бірі жеуге себеп қылардай іс қылыңыз.

3 Қырғыз-қазактың басшы адамдарын сұлтандарымен араз қылып, сұлтандарын өз қол астындағы ақсақал адмдармен араз қылыңыз. Арасына от түсken уақытта жанып кетердей көкір-сөкір даярлай беріңіз.»-деп сол кезге тән сұрқия саясат жүргізеді.

Кенестік дәуірдес жарық көрген қазақ энциклопедиясы ұлы державалық идеологияга сасай, Қазақстанның Ресейге қосылуын ұлы орыс халқының мейман достық қасиетімен түсіндірмек болды. Мысалы, ҚССР-ның энциклопедиялық қысқаша 1-ші томында: «Обладая огромной территорией, неиссякаемыми природными богатствами, гениальный и великолупный русский народ, часто ценой больших жертв и лишений приходил на помощь соседним народам...» – деп жазылған. Шындығында, қазақ жерін отарлау Ресей үкіметінің «мейірбандық» қасиетіне байланысты

емес еді. Бұл саясат шын мәнінде жыртқыштық айла-әрекеттермен жүргізіліп, соның нәтижесінде халқымыз талай қырғынға ұшырады. Ресей отаршылдары табиғи байлықты иемденіп қана қоймай, қазактарды рухани жағынан да отарлады, оларды тілінен, дінінен, ділінен біртіндеп айыру саясатын жүзеге асыра бастады.

Тәуелсіз елімізде оқушы-жастарды бүгінгі күн талабына сай ұлттық тәлім- тәрбие беруде халқымыздың бай мәдени мұраларын, педагогикалық ой- пікірлерін, жинакталған ұлттық күн-дылықтарды зерттеп, жүйелеп, оку орындарының оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың маңызы зор. Осы бағытта қазіргі бәсекеге қабілетті жас өспірімдерді тәрбиелеу, ұлт тұрмыс-тіршілігін өркендешуі сапалы да салауатты, ұлтжанды, мәдени-ғылыми ой-өрістері кен ұрпак өсіру-қоғам алдында тұрған басты міндет. Әрбір қоғам өзінің даму барысындағы зиялы қайраткерлердің педагогикалық ақыл-оын, тәрбиелік тәжірибесін зерделеп, заман талаптарына сай жетілдіріп пайдаланып отырған.

Қазақ тарихының даму кезеңдерінен, ежелгі дәуірлерден жеткен әдебиеті мен тарихында, мәдениетінде ақын-жыраулардың өлең-жыр, толғауларында, ғылыми педагогиканың бастауы деп санайтын ортағасырлық ұлы ойшылдар Әл. Фараби, А. Иассауи, М. Қашқари, Ж. Баласағұн т.б. тарихи- педагогикалық мұрала-рындағы педагогикалық ой-пікірлері ұлттық тәлім- тәрбиенің мазмұнын кеңейтіп, жас ұрпақтың елжандылыққа, имандылық рухта тәрбиелеуде тірек болуда. Бұл тәлім-тәрбиелік идеялар XIX- гасырда Ұбырай, Шокан, Абай сиякты ағартушылардың ойлары мен қазақ халқының тәлім-тәрбиелік құндылықтарын жаңа денгейге көтерді.

Жоғарыда аталған ғұламалардың жасөспірімдер тәрбиелеудегі озық педагогикалық ой-пікірлерін одан әрі дамытуши, кешегі Алашорда қайраткерлері болған А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Ә. Бекейханов, Х. Досмұхamedов т.б. белгілі қоғам қайраткерлері әрі карай жалғастырып, қазақ

мектептері оқу-тәрбие көлемін ұлттық тәлім-тәрбие мазмұнымен тоқытырыды.

XIX-шы ғасырдың аяқ шені мен XX-ғасырдың бас кезі Россия тоғырағына жана бір елеулі өзгеріс әкелді. Орыс капитализмі озінің даму жолындағы ең жоғары сатысы-имперализмге көтерілді. Осыған орай Россия империясының отары болып келген елдерге ол ықпалын бұрынғысынан анағұрлым қүшайте түсіп, енді тек қана заттай бұйымдарын өткізу, яғни сауда-саттыкты жабайы түрде жүргізуді қанағат етпей, қазақстан тәрізді киыр шеттегі бай өлкелерде өндіріс орындарын құру ісін жедел қолға алды.

Ертеден қазақ жеріне көз тіккен, қызығып қараған-отаршылар бұл қасіретті біртіндеп енгізді, оның ел ішіне дендеп кіруіне жағдай жасады. Стратегиялық саясатты жүзеге асыруда отаршылдар біртіндеп, жоспарлы түрде қымылдады. 1822-1867 жылдары бірте-бірте аға сұлтандық, сұлтан- правительдік жүйе омірге келді. қазактың шұрайлы жерлеріне ішкі Ресейден келген босқындар қоныс тепті. Солар арқылы қазақ арасына басқыншы елдің дәстүр-салты күштеп енгізіле бастады. Бұдан кейін 1868 жылы қазақ даласы облыстарға, уездерге, болыстарға, ауылға бөлінді де, сатылы бағындыру жүйесіне негізделген мемлекет аппараты пайда болды. Міне, осындағы кисынсыз саясат елдің тұтастығына жік салды, ынтымық-бірлігіне арқау түсірді.

Патша үкіметі озбырлық пен өктемдік үстінен ұлт араздығын қоздыру саясаты арқылы, Россиядағы көп ұлтты елдерді өзіне бағындырып ұстамақ болды. Өйткені, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ даласы жана тұрпатты мемлекет құруға қадам жасады. Ал оның жемісті дамуына барынша ат салысып, ана тілінде тұнғыш оқулықтар жазып, қазақ ғылыминың қалыптасып дамуына, отандық мәдениетіміздің ілгерілеуіне барынша ат салысқан бір топ қазақ зиялышары, сталиндік тоталитарлық режимнің қысымына ілінді. «Біз, – деп атап көрсетті Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев, – өз тарихымыз-

ды өзгелер тұрмак өзімізге де толық таныта алмай келе жатқан үрпакпыш. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім не таниды?...».

ХХ-шы ғасырдың бірінші жартысында еліміздің ішкі жағдайна ірілі-уақты оқиғалар болды. Оның ішіндегі ең бастысы-1905 жылғы буржуазиялық-демокартиялық төңкеріс пен 1917 жылғы ақпан, казан төңкерістері еді. 1917 жылы ақпандың 1-күнінен басынан келген Уақытша үкіметтің халыққа қарсы бағытталған саясаты, сондай-ақ қазақ өлкесіне Ресейден ағылған ақ гвардияшылардың елді талан-таражға түсіруі Қазақстан экономикасына көп зиянын тигізді. Өнеркәсіп өнімінің көлемі өте төменде кетті. Азық-түлік пен ең қажетті заттардың тапшылығы қатты білінді, қағаз ақшаның құны құлдырады. 20-жылдары елімізде шаруашылықтың кай саласы болмасын соғыс мұқтажына бағытталып, елде электр станцияларын салу, көмір, мұнай, шойын, болат өндіруді қолға алу, жер тыңайтқыштарын өндіру, оны суландыру, тағы да басқа агротехникалық жұмыстарды жүргізу шаралары аса қажет болды.

ХХ-шы ғасырдың 20-30 жылдары қазақ халқының басынан өткізген ең бір қарама-қайшылықты, қасіретті тарихи кезең болды. Республикада үлкен өзгерістер жүргізілді. Қазақ АКСР территориясы межеленіп, бекітілді. Қазақ зиялыштарын көп жылдар бойы толғандырып келген мәселелердің бірі-көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшыландыру жедел карқынмен болсада жүзеге асырылды. Қазақ елінің экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қаладағы өндіріс пен кәсіпорындардың дамуы, темір жол жүйесінің келуі дағалаға капиталдың ағылуын қүшетті. Сауда-саттықтың өріс алуы Ресейдің ірі қалаларын Қазақ жерінде ашылған жәрменкелерімен байланыстыра түсті. Қазақ кедейлері отырықшылыққа көше бастады. Осы тұста қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі толық күшіне енді.

ХХ-шы ғасырдың басы Ресейде ірі-ірі тарихи оқиғаларға жол ашты. Ресейдің имперализмге өтуі оны революциялық қозғалыс-

шың орталығына айналдырыды. Оған себеп болған жұмысшыларды қанаудың шегіне жетуі, шаруалардың қайыршылануы еді. Олkenің шет аймактарында тұратын қаранды халықтың хал-жағдайы бұдан да ауыр еді. Ресейде өтіп жатқан барлық оқиғалар қазақ еліне де өз әсерін тигізді. XX-шы ғасырдың басында қазақ даласында ұлт-азаттық қозғалыстармен қатар түрлі саяси-идеялық бағыттар да кен өріс алды. Мұның негізгі себебі – жергілікті халық мұддесімен санасуды мүлде қойған патша шенеуніктерінің зорлығы, қоныс аударушылардың келуімен байланысты елдің ата-қонысынан айрылуы, халықты орыстандыру саясатының ашықтан-ашық сипат алуы болды. 1929-1930 жылдарда Қазақстанға қоныс аудару ісінің жаңа кезеңі болды. Кеңестік билік қоныс аудару ісін жеделдетуді жоспарлады. 1928-1933 бесжылдық жоспарында қоныс аударуды жеделтеу аудандары ірі аймактарға бекітілді. 1926-1933 жылдар кезеңінде Ф. Голощекиннің «Қазақстандағы кіші Қазан төңкерісі» жүзеге асырылды.

Оның мәнісі: ұжымдастырамын деп малын, жерін, дүниемүлкін тәркілеген соң қудалау, жер аудару, соттау, ату, асу болатын. Қазақ даласында «киіз үйден қала орнату» саясаты жетті. «Кіші казан» төңкерісін патшалық Ресейдің отары болған, когамдық дамуда мешеу қалған құйыртқы саясат еді. Сөйтіп, ол көздеңген мақсатына жетті де. Тілі, діні, салт-санасы ғасырлар бойы өсіп, өніп кележатқан тұтас бір халыққа ойына келгенін істеп, тағдырын тәлек өтіп, тоздырып жіберді. Бұл бағыт жергілікті халыққа қарсы жасаған, азап әкелгсін, соны зұлматқа ұласқап әртүрлі науқандар арқылы жүргізілді. Соның салдарынан оларға бұрын-соңды жасалмаган зорлық жасалып, Кеңес өкіметінің өз беделіне нұқсан келтіретін, адамгершілікке сыймайтын заңсыз әркеттерге жол берілді. Бұл бағыт жергілікті халықтардың мұддесіне қайши келді.

Ол ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі шаруашылықты, қазақ халқының байырғы тұрыс-тіршілігін деру өзгертуді талап етті. Одактың бес жылдық жоспарында мүмкіндігі зор незігі

мал шаруашылдықты аудан ретінде бағаланды. Сонымен бірге жедел қарқынмен жүргізілген индустріяландыру саясаты кезінде КСРО халқын азды-көпті астық өнімдерімен қамтамасыз ету шешілген еді. Ал өндірісті шикізатпен, ауыл шаруашылығын тыңайтқышпен, ауыл шаруашылығында мал құшін пайдалану, мал өнімдерін экспортқа шыгару, өсіп келе жатқан қазақ халқын мал өнімдерімен қамтамасыз ету сол кезеңдегі коммунистік партияның маңызды міндеттіне айналды. Мұнда міндетті жүзеге асыруда малы көп рулық-патриархалдық меншіктегі көшпелі қазақ қожалықтарын отырықшыландырып, одан соң жедел ұжымдастырып, қолдарындағы малдарын қоғамдастыру арқылы шешу қолайлы болды. Нәтижесінде, орталықтың Қазақстанда жүргізген әкімшілік-әміршілдік саясаты бар малынан айырылған халықты 1931-1933 жылдар аралығын қамтыған сұмдық ашаршылыққа ұшыратты. 20-30 жылдары КСРО-да мемлекеттік биліктің негізі Кенестерде делінгемен шынайы билік «тұтқасы» партияның қолында болды.

30-шы жылдардың екінші жартысынан белен алған репрессиялық саясат халықтың тағы да тыныштығын бұзды. Бұл саясатты жалғыз қазақ халқы басынан өткізген жоқ, ол бүкіл кеңес қоғамы қамтыған еді. 1933 жылы өлкелік партия комитетінің басшылығы жаңарды. Өлкे шаруашылығын басқаруда жіберген қателіктері үшін Ф. И. Голощекин орнынан алынып, ВКП(б) Қазақстан Өлкелік Партия Комитетінің басшылығы партияның тәжірибелі қызметкерлерімен нығайтылды. Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші секретарлығына Л. И. Мирзоян сайланды. Жаңа идеялар, зор өзгерістер тоталитарлық жүйенің қыспағымен, зорлық-зомбылық арқылы жүзеге асырылды. әрине, бұл саясат жүйелі түрде мемлекеттік тұрғыдан жүргізілді. Тоталитарлық жүйе қазақ сияқты тәуелді халықтарды жалған идеологиямен уландырып, демографиялық қыспаққа алу арқылы жатэтностың өркениетіне бірге араластырып жіберу жолын ұстанды.

Отарлық және тоталитарлық жүйе тұсында Қазақстанның өнер-білім саласы орталықтың саясаты мен идеологиясына

сай деңгейде дамытылды. Қатаң бақылауда болғаны өз алдына, үлдіксіз қуғын-сұргіне ұшырап отырды. Кеңестік дәүірде ғана қазақ мәдениеті қуғын-сұргінге төрт толқынын бастанкешті: 1. 1929-1932 жылдары алаш зиялышары түрмеге қамалды, соттауды, атылды; 2. 1937-1938 жылдары «халық жауларын» жою науқаны өтті; 3. 1946-1953 жылдары «буржуазиялық ұлтшылдар», космополиттер жазаланды; 4. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін қазақ «ұлтшылдығын» тезге салу қолғаалынды.

Қазақ зиялышарының тағдырына ауыр соққылар, тоталитаризмнің кешірілмес қылмыстары Голощекиннің 1925 жылы өлкелік партия комитетіне бірініші келуімен басталды. Іле-шала Алаш қозғалысының басшыларына қарсы қүресті қолға алған ол, 1929-1931 жылдары ұлт зиялышарын қуғын-сұргінге ұшыратқан репрессияның бірінші толқынын ұйымдастыра, 1932-шы жылы қолдан ұйымдастырған аштықпен халықтың жартысын қырып жіберуге кол жеткізді. Әмірші-әкімшіл жүйенің барша мәнді білгілері-саяси қуғын-сұргін, шаруаны меншіктен ажырату, еш кінәсі жоқ адамдардың өмірін қиу, ұлттық мәдени құндылықтарын аяқ асты қалдыру, бір адамның шексіз билігін орнату, тағы басқалар Голощекин басқарған жылдары Қазақстан үшін қалыпты тәртіпке айналады. 1930 жылғы 19 ақпанда БК (б) П Орталық Комитетті Қазақстанда «Куатты шаруалар мен байларға қарсы қүрес жүргізу туралы» шешім қабылдады.

Осы шараны қысқа мерзімде іске асыру мақстаныда 1929 жылдың қараша айында ВКП (б) Қазақ Өлкелік Комитетті отырықшыландыруды жоспарлау арнайы шешім қабылдады. Қазақстандағы отырықшыландыру мәселесі Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 1930 жылғы қантар айындағы 2-сессиясында кеңінен талқыланады.

1937 жылғы зұлмат-сталиндік әкімшілдік-әміршілдік жүйенің халыққа қарсы «ұлы терроры» ең алдымен зиялышары қауымға қарсы бағытталған 1937 жылғы «ұлы» зұлмат науқаны кезінде «халық жауы» аталып, мәңгіліккө көз жүмді. 1937 жылғы бүкіл КСРО-

да, оның ішінде Қазақстанда жаппай жүзеге асырылған «халық жауларына» карсы құрес белгілі қоғам, мемлекет, ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерімен катар сан мындаған қатардағы азаматтарды қамтып, олардың атылғандары атылып, қалғандары ұзақ мерзімдерге гуглактың (Мемлекеттік лагерълер баскармасы) алыстағы лагерълеріне айдалды, түрмелерге жабылды. Жалған жаламен «халық жауы» аталған боздақтардың басым көвшілігі кіндік қаны тамған Отанына оралмай шет, шалғай өлкелерде көз жұмды. Қазақстан түрмелер мен лагерълер жеріне айналды. Мұнда Карлаг (караганды лагерълері), Степлаг (Дала лагерълері), (АЛЖИР) халық жаулары әйелдерінің (Ақмола) лагері сиякты лагерълержүесі жасалды.

1937 жылдың күгін-сүргінінде жазықсыздан жазықсыз пәле жабылып, казак азаматтарына «халық жауы» есебінде атылып қана қоймай, олардың туган-туыстары да репрессияга ұшырап жатты. Осы жантүршігерлік оқигалар зандылық жүйелердің бірі НКВД басшысы Н. Ежовтың 1937 жылдың 15-тамызындағы №00486 жасырын бұйрығы. Мұнда әскери трибунал Отанға опасыздық жасады, тыңышылдық- диверсиялық ұйымдардың мүшесі болды деп есептеген, сөйтіп ату жазасына кесілген немесе он жылға сотталған қылмыскерлердің отбасын жауапқа тарту көзделген. Отанға опасыздық жасағандардың әйелі әлеуметтік қауіпті элемент ретінде ата-аналарынан тартып алынып, НКВД лагерълеріне, енбекпен түзету коллонияларына немесе ерекше жүйедегі балалар орналастыруға міндеттелді. Жаппай күгін-сүргін мен террор кенестік жүйенің сұрақы саясаты болды. «Жүгенсіз» идеология мен таптық құрестің әдісі, үкімет билігін бір қолға жұмылдыру адам өмірінің бағасын құлдыратып жіберді де халықтар мен әлеуметтік топтардың, әртүрлі таптардың сан алуан мұдделері мен пікірлерін аяқасты етті.

1937 жылдың алғашкы жартысында газет беттерінде негізінен өзара сынды қүшетту. Әшкерелеу мәселесі көбірек айтылса, күн тәртібіне халық жауларын құрту, түп тамырымен жою міндеті қойылды. «Халық жауы», «тап жауы», «ұлтшыл-фаши-

тер», «банды», «жалдамалы төбеттер», ұлтшыл-элемент», «жат элемент», «алашордашыл агент» тағы басқа осындай жан түршілдерлік сөздер баспасөз беттерінде «әшкерелегіш» терминдерге айналды. 1937 жылдың 26 наурызында бекітілген Қазақ Конституциясының 111-бабында былай делінген: «... Измена Родине: нарушение присяги, переход на сторону врага, нанесение ущерба военной мощи государства, шпионаж-караются по всей строгости закона, как самое тяжкое злодеяние». 1936-1938 жылдар арасында партиялық құжаттарды тексеру барысында және әртүрлі жағдайлармен, бүкіл партия бойынша айыптағанның өзінде, тек қана Қазақстан Компартиясы қолемінде 25833 адам партиядан шығарылды, олардың 8544-і «халық жауы» ретінде айыпталды.

Қазақстан Компартиясының «солшылдық» сипатының пайда болуына біріншіден, өлкे коммунистері ғана емес, ең алдымен олардың жетекшілерінің өздерінің идеялық жағынан жетілмегендігі, басшылар арасында диктаторлық әрекеттеріне жол бермеуге қабілетті беделді топтың болмауы әсер етіп, бірінші хатшының істерінің трагедиясының ауқымын ұлғайтты; екіншіден, бір партиялық үстемдік, орталықтан жүргізілген диктат, зорлық, сталиндік өктемдік ықпалын тигізді; үшіншіден, Қазақстан халқы арасында революциялық санасты мен революциялық ерікжігері айрықша дамыған пролетарлық үйіткің әлісіз болды; төртіншіден, тарих кілтін бұрган тұстарда қиналмай-ақ, шектен тыс революцияшылдықты танытатын, бірақ төзімшілдікпен үйимшылдық, тәртіп және табандылық көрсетуге қабілетсіз ұсақ меншікесі, не қожайынга үстемдік құрып тұрды.

Жалпы, XIX-шы ғасырдың екінші жартысы-XX-шы ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік- экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазақ халқының рухани өміріне терен әсер етті. Сондай құбылыстар қазақ қоғамының санауда елеулі өзгерістер әкелді. Ол өзгерістер ұлттық сана-сезімді оятуға жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идялардың, ой- пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуын анықтап берді.

2.2. ҚАЗАКСТАНДАҒЫ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МЕН МЕКТЕП ICI.

Ұлы Қазан революциясынан бұрын әрбір 50 қазақ баласының біреуі ғана оқыды. Ол кезде мектеп дегеніміз қандай еді!? Дүмшे молдалар балаларды оқытудан ғері, басын айналдырып, қинайтын. Діни мектептер мен мұдреселерде моладалар даярлады. Бұл мектептерде ежелгі араб тіліндегі кітаптар оқытылды, оны білуде біреуі болмаса, мұғалімнің өзі де түсіне алмайтын. Қапал оязы бастығының хабарламасында революциядан бұрынғы мектепті былай сипаттайды: «Олар (қазактар) екі категорияға бөлінеді: бірі- байлар мен атақтылар, екіншісі- қара бұқара. Біріншісі балаларын оқытқысы келеді, өздері де сауатты, көвшілігі мұсылманша хат танитындар. Қазактарда оку орындары көп емес. Облыстың әрқайсысында мектеп бар, бірақ олардың ішінде, Арасан болысындағы, біреуі ғана мектепке үқсайды. Басқасы-көшпелі мектептер, олардың мұғалімдері-хат танитын қазактар немесе болыстағы молдалар мен татар мектептерінде оқып, хат танығандар...». Мұндай дінге негізделген мектепті бітіргендер жан-жақты білімін жетілдірген, сауатты болып шықты десек ағаттық болар. Олардың көвшілігі азын-аулак мұсылманша хат танумен ғана шектелді.

Бірақ, кейбір мектептерде араб алфавитін игеріп, хаттану, есеп шығарумен қатар шығыс әдебиетін, араб тілін оқыта бастады. Осындай мектептердің бітіріп шыққандардың ішінде Абай, Ақан Сері, Біржансал сынды көрнекті тұлғалар болған. 1920 жылдары мектептердің бірнеше түрлері болды. Олар төрт жылдық оку курсына негізделген бірініш сатылы мектептер, жеті жылдық екінші сатыдағы мектептер. Халық ағарту бөлімдерінің жанынан сауатсыздық жөнінде комиссиялар құрылды. Олар сауатсыздардың есебін алуды ұйымдастыру, педагог кадрларын даярлау, курстар мен мектептерді ұйымдастыру, көмекші оку құралдарын басып шығарумен шұғылданды. 1922 жылы оқулыктар мен бағдарламалар жасау жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Республиканың ауыл мектептеріне арналған, женілдетілген вариантын жасауға тырысып, оның құрылымы мен мазмұнына еселеуі өзгерістер енгізді. Бастауыш мектептің барлық оку пәндерінен ана тілінде тұнғыш оку құралдары жасалды. қазақ мектептерінің жоғары кластарында жалпы білім беретін пәндердің көбі орыс тіліндегі оқулыктармен оқытылды, мұның өзі белгілі қыыншылықтарға ұшыратты, кейде бағдарламалардан қалып қоюшылық та болды. Ана тілінде оку-педагогикалық әдебиеттерді жасау, әліппе мен мектеп грамматикасын құру, ғылыми-әдеби тіл мен оның терминдерін қалыптастыру мәселесі 20-жылдарда Қазақстанда кезек күттірмей шешілуге тиісті мәселелер болды. Бұл саладағы тұнғыш зерттеу жұмыстары араб әліппесін едәуір женілдетіп, оны оку құралдары мен тағы басқа құралдарды шығаруда уақытша пайдалануға мүмкіндік берді. Сол кезде қазақ халқының мәдениеті мен оку ісінің дамуында араб әліппесінің кедергі болып отырғандығын айқын көрсетіп берді.

Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің талаптарын ескере отырып, 1927 жылдың 1 наурызында РСФСР Оку халық комиссариатының коллегиясы Алматыда қазактың тұнғыш жоғары оку орны-педагогикалық институтты ашу туралы шешім қабылдады. 1927 жылдың 1 қыркүйегінде Алматы педагогикалық институтынан басқа да қазақстанда 3 халық агарту институты, 14 педагогикалық техникум, 16 педагогикалық бағыттағы 2 салыны мектептер болды. Бұлардан басқа, қазақ мектептеріне кадр даярлауда Ташкенттегі Қазақпедагогикалық жоғары оку орны да үлкен жұмыс жүргізді.

Қазақстанның мәдениеті өзінің күш-қуатын бүгінгі немесе ертеңгі құндылықтарды зерттеу бұрынғы жүргізіліген оку-агарту саясатын танып-білумен айқындалады. Солардың бірі қазақ жеріндегі 1930 жылдардағы оку-агарту ісінің жағдайы болмақ. 30-жылдардағы тоталитарлық жүйе қоғамдық- саяси өмірдің барлық саласында бекіді. Оның көрінісі, әсіресе қазақстанда күшпен ұжымдастыру және 1937-1938 жж. саяси жазалау дәуірінің қай-

ғылымиқигаларымен ұштасып жатты. өлкедегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, қазақстанға Одақтас республика дәрежесін беру, мәдени құрылыштағы, халық ағарту ісіндегі және ғылымындағы табыстар тоталитарлық жүйенің қатаң идеологиялық қыспағында өтті.

ХХ-ғасырдың 30-жылдары Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы экономикалық, саяси және әлеуметтік өмірдегі өзгерістер қоғам мен мемлекеттің жалпы жекелеген жағдайда халыққа білімберу қөзқарасын да өзгертті. Халықтың білімге деген қажеттілігі тек саяут ашу ғана емес, жалпы мәдени ағарту тұрғысынан туыннады. Білім беру жүйесінелдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына сәйкес жүргізу белгілі бір мақсатқасай мектеп ашу қажеттілігін алға қойды, білім алғысы келгендердің саны есті. Білім берудің мазмұны мен әдіс-тәсілдері қай кезде де белгілі бір қоғамдық құрылышқа тәуелді және оның барлық қаррама-қайшылықтарымен сипатталды. 30-жылдардың бас кезінде халыққа блім беруді жүзеге асыру жұмыстары әрікарай жалғаса берді.

Қазақстандағы халыққа блім беру ісі бұрынғы КСРО-ның барлық республикалары сияқты, қарастырылып отырған кезеңде жалпы қоғамдық, жалпылай оқу, барлық оку түрінің тегін болуы, еңбек, политехникалық блім беру принциптері болды. қазақ совет мектебі өзінің қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңінде (1920-1930 жылдары) аудандық, облыстық және республикалық әдістемелік кабинеттер мен халық ағарту бөлімдерінің қызметкерлері басшылығымен жасалған ғылыми-педагогикалық және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілді. Бұл жылдары бірқатар маңызды педагогикалық мәселелер: қазақстан мектептерінің (әсіресе мал шаруашылығы аудандарында) оку жоспары, ұлт мектептерінде оқыту формалары мен әдістері, қазақ тілінде оқулықтар мен оқы құралдарын жасау, мектепте және одан тыс жерлерде тәрбие жұмысын жүзеге асыру, мұғалімдердің халық арасында саяси-ағарту жұмысын жүргізу і т.б. шешілді. қазақ-

шының мәдени өмірінде 1928-1933 жылдар ерекше орын алды. Сол жылдары орын алған күрделі өзгерістердің бәрі болмаса да концептің Халық ағарту комиссариатының тікелей басшылығымен жүзеге асты. Халық ағарту комиссариаты қазақстандағы білім беру жүйесінің қызметін жаңа деңгейге көтеру барысында төмендегідей міндеттерді шешуді қолға алған 1. Қөпшілік мектептер мен ағарту ұйымдарының санын ұлғайту. 2. қазақтар арасынан маман-жұмысшыларды даярлау. 3. Педагог-мамандарды даярлау, барларын қайта даярлаудан өткізу. 4. Мектеп құрылымын жүргізу. Халық ағарту мәселелерін зерттеу және оған жалпы ғылыми басшылық жасау ісін РСФСР Халық ағарту Комиссариатының ғылыми мекемелері, сондай-ак Орынбор мен Ташкент қалаларында оку орындарында жұмыс істейтін ғылыми кадрлар жүзеге асырды. РСФСР Халық Комиссарлар Кенесі 1928 жылы Советтік Қазақстанда тұнғыш жоғары оку орнын ұйымдастыру жөнінде қаулы қабылдады. Осы қаулыға орай, ашылған Абай атындағы казақ педагогика институты-республикамызда мұғалімдерге педагогикалық жоғары білім беретін тұнғыш жоғары оку орны болды. Оку орны алғашында 3 бөлім болып ашылды. 1928-1929 оку жылында осы бөлімдерде үш профессор болды, белгілі тарихшы, профессор, институттың бірінші ректоры- С. Д. Асфендияров, көрнекті галым, тілші – Қ, Қ. Жұбанов, әдебиетші, профессор – Н. Н. Фатов, бір доцент істеді.

Бұл кезеңде ерекше мемлекеттік мәні бар шаралардың бірі – 1931 жылы 27 тамызда қазақ АССР үкіметі 1930-1931 оку жылынан бастап, «Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді енгізу туралы», 1930 жылы қазақ АКСР ОАК сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы декрет қабылдады. Қаулыда: 1) 8-9 және 10 жастағы ер балалар мен қыз балалар 4 жылдық бастауыш мектеп көлемінде білім алуға тиісті болды; 2) 1930-1931 оқу жылынан бастап 11-15 жастағы ер және қыз балаларды жаппай оқыту белгіленді; 3) өнеркәсіпті қалаларда, фабрика-зауыт аудандарда және жұмысшы ауылдарда жеті жылдық

мектеп көлемінде білім беру жүйесі енгізілді. Қаулы бойынша балаларды міндettі тұрде оқыту олардың ата-аналарына жүктелді. Осы оқу жылынан бастап жалпы білім беретін мектептерде оқытын балалардың саны жыл сайын 3-4 млн көбейіп отырды.

Қазақстан Советінің VII съезі (1929 ж, сәуір): «Халық ағарту мәселесіне келгенде негізгі көніл-жаппай сауатылықты да-мыту ісіне бөлінсін...» деген қаулы алды. Бүкіл Қазақстанның VII партия конференциясы (1930 ж, маусым) бірінші бесжылдық ішінде сауатсыздықты жою аяқталсын деген Қазақстан үкіметінің шешімін макұлдай келіп, таяудағы міндет республиканың 10 жылдығына барлық партия және комсомол мүшелерінің, өнеркәсіп орындарымен совхоздарының барлық жұмысшыларының, колхоз белсенділердің және әскерге шақырылатын жастардың сауатын ашу керек деп қаулы етті.

Қазақстан Советінің VIII съезінің (1931, ақпан) шешімдеріне жаппай оқу және басқа дамаңызды науқандар сияқты сауатсыздық пен шала сауатылықты жою жұмысы қүштейтілсін деген талап қойылады. Ал бұл қаулының шешімін орындауда Коммунистік партия мен Совет үкіметі сауатсыздықты жою мектебі мен оның мұғалімдерінің тұрмыс жагдайын жақсарту үшін көптеген маңызды қаулылар қабылдады. қазақ интеллигенциялары Қазақстанда жаппай сауатты республикаға айналдыру күресіне белсене ат салыса бастады. Сауатсыздықты жою пункттерінің желісі кеңең түсті, әліппе мен оқу құралдарын шығаруға және тұрақты сауат ашу мектептерін ұстауға қаржы болінді. Осы кезең нен бастап, ауылдық шағын комплектілі мектептердің дәүірлеп, даму кезеңі басталды. қазақ АССР Орталық атқару комитетінің 1931 жылы жаппай сауатсыздық мәселесі бойынша пленумының қорытындысында: «Халыққа білім беру аумағындағы қындықтарға қарамастан, көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүру салтына байланысты. Бастауыш мектептерді бітірмеген ересектерді барлық жерде міндettі тұрде оқуға тарту үшін 1930-1931 оқу жылына қарай бір басқыш жаңа мектептер ашу жоспары жасалады.

Ересектер мектептері жалпы мектептер үйлеріне орналастырылыш, оларды толықтырды немесе дербес смена болып оқыпшылды. қазақстан он жылдың ішінде орта мектеп және арнаулы оқу орындарында 40% тұсында оқушылар контингенті кең көлемді болды». Бұл уақытта республикада 32668 оқушысы бар 1963 бастауыш мектеп болса, 1933-1934 оқу жылында 6599 бастауыш мектеп (оны саны 33 % өсken), оқушыларсаны 130000-нан 202400-ге (39 %) өсті. қаулы 1930-1931 оқу жылынан бастауыш білім беруді қазақстанда, отырықшы елді жерлерде күзде бастауга, ал көшпелі аудандарда 1931 жылдың көктемінен бастауға үйгарды. Ал, 8-10 жасаралығындағы балалар төрт жылдық бастауыш мектептерінде, 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдер егер бұрын бастауыш білім алмаса, екі жылдықнемесе бір жылдық мектеп курстарын оқитын болды. Бастауыш мектеп жұмысының сапасын көтеру мақсатымен оқу жылының ұзактығы 225 күн деп белгіленді. Эрбір ауданда жалпыға бірдей оқудың жұмыс жоспары жасалды, әрбір колхозда, жұмысшы поселкесінде, қалада, совхозда, басқа елді мекендерде 8-11 жастағы балалар мен 12-15 жастағы жасөспірімдер саны анықталды, ұлты көрсетілді. Бастауыш мектепті бітірмеген ересектер ді барлық жерде міндетті түрде окуға тарту үшін 1930-1931 оқу жылына қарай бастауыш жаңа мектептер ашу жоспары жасалды. Бұл мектептер ерекше оқу жоспары бойынша оқытудың тездетілген формалары негізінде оқыта бастаған. Ересектер мектептер сол кездеңі жалпы мектептер үйлеріне орналастырып, оларды толықтырды немесе дербес ауыл болып оқытылды. Мектептерде барлық ұлттарды ана тілінде окуға көшірілу кезеңі аяқталды. Қазақ мектептері үшін ана тілінде окулықтар даярланды, оқушылар үшін жаңа оқулықтардаярлау жұмыстары жүргізілді.

Ф. Голощекиннің БК(б)П Орталық Комитетіне 1932 жылы 9 қыркүйекте берген мәліметтеріне назар аударсак, мектепте қамтылған оқу жасындағылар арасында казактар 45 пайыз ғана болды. 1930-1931 оқу жылында 39161 оқушының 4521 ғана, ал

1931-1932 жылдағылардың – 50720-ның 6020 ғана қазақ балалары болған. Жаппай білім беру жоспарында жаппай оқытуды қаржыландыру, балаларды есепке алу, оқу гимараттарын оқу-құралдарымен жабдықтау, мектеп жұмысын ұйымдастыру қоғамдық бақылау сияқты міндеттер тұрды.

1931-1931 жылдары қазақстандағы жаппай білім берудің міндеттері туралы баяндама материалдарында Қазақстан тұргындарының сауатсыздық деңгейі 99%-ға дейін жеткен. Қазақ мектептеріндегі оқушылар саны 500-ден 13000, орыс мектептеріндегі оқушылар саны 1325-тен 76511 дейін болған. Соңғы 1929-1930 жылдары қазақ мектептеріндегі I басқыш оқушылар саны 3454-тен 130341 адамға өскен, ал орыс мектептеріндегі I басқыш оқушылары 2745-тен 103394 адамға өскен. Жалпыға білім беретін мектептерді тұп тамырымен жақсарту үшін үкіметтің 1933 жылы ақпанды «Бастауыш және орта мектеп оқушылары үшін оқулықтар туралы», 1934 жылы мамырда «Бастауыш және орта мектептің құрылымы туралы», 1935 жылы «Оқу жұмысы және бастауыш, орталau және орта мектептің ішкі тәртібін ұйымдастыру туралы» қабылданған қаулысының мәнірекше болды. Осы қаулылардың негізінде жалпы білім беру жүйесінің толық құрылымы аяқталды. Мектептің жеке типтері айқындалды: бастауыш-4 сыныптық, орталau-7, орталau-7, орта-10 сыныптық. 1932 жылы тамызда ҚазақССР Халық Агарту комитеті жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық оқуды енгізу туралы қаулы қабылданды. Осы қаулыны орындау шін 1931-1932 оқу жылынан бастап республиканың барлық қалаларында, 26 ауданында жетіжылдық жалпыға бірдей міндетті оқу енгізілді. Республика үкіметі «Мектеп құрылымдарын ретке келтіру және қазақ орта мектептерін өсіру туралы» маңызды шешім қабылданды.

Көптеген мектептердің кейбір сыныптарындағы оқушылардың саны аз болды. Сыныптардағы бала санының толмайтындығын ескере отырып, сондай-ақ, республика аумағының шалғайлығын назарга ала отырып, барлық балаларды оқумен қам-

ін үшін мектеп-интернаттар құрып, жағдай жасау керек болды. Мектептер жаңындағы интернаттар, әсіресе малышылар балаларын оқумен қамту аудан мектептері жаңынан осы типті орындарды құру мәселелерін шешуді талап етті. 1937жылғы жалпыға өірдей міндettі оқумен мектеп жасындағы барлық балалардың ісек 96% қамтыды. қазақша төрт сыйныптық мектептерін саны 573-ден 1190-ға өсті..

Ягни, оку-агарту шаралары жаппай жоспарлы отырыкшыланлырудың алғашқы жылдарында басты шараларға жатқызылды. Педагогикалық қауымдастықты, оқу уақытын парасатты түрде пайдалану, сыйнып сабактарын қестесі, оқушылар білімін есепке алу, үй тапсырмаларын үйимдастыру мәселелері кең талқыланды. 30-жылдардың басынан-ақ кеңес мектебінде сабакты және оқу үрдісін тұтастай жетілдіру негізгі бағыт болып айқындалуы және сабак түрлерінің көбеюіне ерекше көңіл бөлінді. Алдыңғы қатарлы тәжірибелерде оқу пәндері мен пәндер циклі бойынша сабак ерекшеліктерін айқыннады. Оқу үрдісінде мұғалімнің рөлі елеулі орын алды. әрбір топта тәрбие жұмысына жетекшілік ету үшін топты жетелеуші қызметқұрды. (1934 жылдан бастап сыйнып жетекшісі болды). Оқуға түсуге тиісті балалардың есепке алынуы, оқушылардың кластан класқа көшіп отыруы қатаң бақылауға алынды. Бұның барлығы міндettі түрде жаппай бастауыш білім беру туралы Занды менгерушілерінің жауапкершілігін арттырды. Барлық жерде оқушылардың білім сапасы үшін күрес жүрді, кластан класқа көшіру емтихандарымен мектепті бітіру емтихандары енгізілді, оқу бөлімдері тарапынан мектептерге басшылық ету ісі жақсарды, мұғалімдермен жүргізілетін әдістемелік жұмыс жолға қойылды.

Жалпыға бірдей бастауыш білім беруді іске асыру кезінде казақ мектептеріне дидактика, теориялық жағынан да, практикалық жағынан да еніп, нық орын алды, оқу жоспары, оның негізінде жасалған тиянақты жарты жылдық сабак қестесі, оқу үрдісін үйимдастыруда негізгі форма ретінде сабак жүргізу ісі қалыпта-

сы. Бұл мәселеде ВКП (б) Орталық комитетінің «Бастауыш және орта мектеп туралы» 1931 жылы, «Бастауыш және орта мектептегі оку программасы мен режимтуралы» 1932 жылғы тарихи шешімдердің маңызы зор болды. Олардың негізінде жасалған программалар әрбір оку жылында мектеп оқушыларына берілетін білім жүйесі практикалық іскерлік пен дағдыны белгілеп бере бастады. Бастауыш мектеп программаларына ана тілі мен орыс тілі, арифметикамен катар, жаратылыс тану, география, тарихтың бастапқы курстары, эстетика, дене тәрбиесі мен еңбекке тәрбиелеу пәндері де еніп, мектептің білім мен тәрбие жөніндегі маңызын біраз көтеріп таставады. 1935 жылдың аяғынан бастап республиканың барлық мектептерінде оку жылы мен каникулдарының бірынғай ұзактығы, кластан класқа көшкендігі туралы күәлікпен орта мектепті бітіргендігі туралы аттестаттың бірынғай үлгісі, оқушылардың білімін бағалау бағасының бес түрі біркелкі болып белгіленді.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында-ақ, республикада мәдениет құрылымы кең көлемде жүргізіле бастады. Партия, кеңес ұйымдары мәдени революцияның негізгі шешуші саласы ретінде мектептеге ерекше назар аударды. Елімізді социалистік индустріяландыру және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңінде совет мектебін дамыту ісі көптеген мұғалімдерді қажет етіп, олардың алдына көтерінкі талаптар қойды. Мектептің мемлекеттік бүкіл жүйесі сияқты, мұғалімдер даярлау ісі де халық ағарту ісінің негізі болып табылады. Осы мақсатқа сай республикамызда 1930 жылы Щучинск, Панфилов және Павлодар, 1934 жылы Шымкент педагогикалық училищелері ашылды, оку мерзімдері төрт жыл болды. 1931-1932 оку жылында олардың саны 14 болды: Орынбор-орыс, Семей-орыс, казак, Өскемен-казак, Ақтөбе, Қостанай және Орал-аралас, Бекеев-казак, Қарқаралы, Жетісу, Сырдария. Бұлар бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаады. Халыққа білім беру саласындағы басты тұлға, ел өміріндегі барлық игі істердің жаршысы мұғалім дайында-

нын педагогикалық училищелерді 1934 жылға дейін небәрі 1695 оқушы, 1932-1940 жылдарда 8708 оқушы бітіріген. 1930 жылдан кейін Лепсі, Зайсан, қазалы, Көкшетау, Мендиқара, Алматыда құпидізгі және кешкі, Алматыда- орыс педучилищелері қысқарлы, ал басқалары ірілендірілді, аралас училищелер өмірге келді. 20-30 жылдарда педагогикалық училищелер барлық пәндерден тұрақты жоспарлар мен бағдарламалар жеткіліксіз болды.. Педагогикалық училищелерде сырттай оқу бөлімдері 1930 жылдан басталды.

Педагогикалық училищелердің алдына бастауыш мектептің мұғалімдерін даярлап, жергілікті халық арасында мәдени-агарту жұмыстарын ойдағыдай жүргізе аларлықтай етіп әзірлеу міндетті қойылды. 1931-1932 оқу жылында Қазак АССР Оқу халық комиссариаты казактың политехникалық мектебінің жана ережесін, мектеп мұғалімдері мен басшыларының құқықтарымен міндеттері, мектеп испекторлары жөніндегі жана ережелерді, үйымдастыру-әдістемелік мәселелер жөніндегі нұсқауларды жасап, мектептерге жіберген.

Халық шаруашылығын дамытудың екінші бесжылдық жоспарында (1933-1937) халыққа білім беру міндеттері мәдени құрылys жоспарының негізі болды. Ол міндеттер-қалың еңбекші бұқараның мәдениеті(жаппай оқу, сауатсыздықты жою, бұқаралық политехникалық білім беру т.б.) көтеруді жәнекалық шаруашылығының салалары үшін кәсбі мамандар мен ғылыми қызметкерлер даярлауды қамтамасыз ету мәселелерін шешу еді. Ересектер арасындағы сауатсыздықты жою жөніндегі бағдарлама республикада табысты жүзеге асты.

Сауатсыздықты жою жұмысына қосымша мұғалімдермен мәдениет майданының қызметкерлері тартылды. Мұғалімдердің мамандығын арттыру мен жана педагогтар кадрларын дайындау жөнінде СССР Халық Комиссарлары Кенесі мен ВКП (б) Орталық Комитеттің 1936 жылғы мұғалімдерге дербес атак беру және мұғалімдерді аттестациялау тәртібі туралы қаулысының үл-

кен маңызы зор болды. Мұғалімдерді аттестациялау мен оларға дербес атақ беруге байланысты жүргізілген шаралар оқушылар құрамын жақсартуға, олардың жұмыс сапасының жақсаруына, педагогтың білімін көтеруіне көмектесті. 30-жылдардың басында Совет үкіметі ғылыми дәреженіалудың жаңа ережесін тағайындауды. Ғылыми-педагогикалық интеллигенциялар арасындағы ортақ дәрежелер ғылым докторы, профессор, ғылым кандидаты және доценттер болып табылды. Мұндай жоғары мектептің деңгей тізбесі осықунғе дейін сақталған.

Жалпыға бірдей міндетті бастауыш және жеті жылдық окуды жүзеге асыра отырып, республиканың үкіметі мен халық ағарту орындары орта мектепті дамытуға көніл бөліп отырған. 1935 жылғы Қазақстан Халық Комиссарлары Кенесі «Қазақстан мектептерінің құрылымын тәртіптеу және қазақ орта мектептерін өсіру туралы» қаулы қабылдаған еді. Бұндай қаулының қабылдануына қауап дамып келе жатқан өнеркәсіп пен ауыл-шаруашылығына қазақ жастарының ішінен жоғары мамандықты менгерген мамандар даярлау қажеттігі себеп болды.

Қазақстан жоғары оку орындары 30-жылдардың баскезінде негізінен РСФСР Халық ағарту Комиссариатының ұсынған оку жоспары мен бағдарламаларын басшылыққа алды. Қазақ бастауыш мектептерінде негізінен қыска мерзімді курсы аяқтаған бастауыш білімі бар мұғалімдер жұмыс жасады. Бұндай мамандармен мектеп жұмысындағы кемшіліктерді жену қынға сокты.

Сондықтан мұғалімнің жалпы білімдік, педагогикалық деңгейін көтеру қажет болды. 1933 жылы 23 ақпанда РСФСР Халық ағарту комиссариаты педагогикалық институттарға арналған жаңа оку жоспарын бекітті. Ұлттық педагогикалық институттары оку жоспарына жергілікті ұлттық ерекшеліктер ескеріле отырып, жергілікті ұлттардың реовлюциялық қозгалыс тарихы, ұлт республикасының революциялық жағрапияясы, ана тілінен практикалық сабактар, ана тілі әдістемесі, ұлт әдебиеті (тіл және әдебиет бөлімдерінде) енгізілді. 1928 жылы ашылған Абай атындағы қа-

шктың педагогика институты орта мектептерге өзінің алғашқы 59 түлегін ұшырды. құрамында педагогика, ауыл шаруышылығы және медицина факультеттері болған бұл алғашқы жоғары оқу орны қазақ университеті ретінде құрылды. 1932 жылға дейін бұл институт педагог кадрларын даярлайтын, қазактың ұлттық интеллигенциясын қалыптастыратын бірден-бір орталық болды. Горт жыл (1931-1934) ішінде 415 орта мектеп мұғалімдерін, халықагарту ісінің методистері мен ұйымдастырушыларын даярлап шыкты. 1935жылды институтқа қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың есімі берілді. Аталмыш жоғары оку орны республика көлемінде мұғалімдер дайындастырылған жоғары оку орны республика көлемінде мұғалімдер дайындалып, өндіріс пен ауылшаруашылығына маман кадрларын шығаруға кен жол ашты. Институтқа осы кезде көптеген көрнекіті ғалымдар істеді. Олар: қазақ советәдебиетінің негізін салушы- С. Сейфуллин, академик, жазушы- М. О. Әуезов, профессор-Ш. Әлжанов және т.б. болды.

Институт қазірде елімізде ірі педагогикалық жоғары оку орындарының біріне айналды. Қазакстандагы тұнғыш сырттай оқытатын бөлімде осы институттың жанынан 1932 жылы ашылды. 1933 жылы Қазакстандагы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік педагогикалық мекемелердің жоспары мен жүйесін туралы ҚАССР Орталық Атқару Комитетінің қаулысында ҚАССР ғылыми-зерттеу педагогикалық институтының алдына келесі міндеттерді койған: 1. ҚАССР мектептерде тәжірибе өткізуін негізінде әлеуметтік құрылым міндеттеріне сәйкес теориялық және практикалық мәселелерді дайындау; 2. Педагогикалық құжаттардағы бағдарламаларды ғылыми-әдістемелік мекемелерде жүйесін қамтамасыз ету; 3. Ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындаумен қатар жетекші ғылыми-зерттеу жұмыстарын, басқа да ағарту мекемелерінің жұмыстарын жоспарлау менбасқару». Республика үкіметі, оку-ағарту орындары мектептердің тұрақтану кезінде мұғалімдерді әдістемелік жағынан жабдықтауға үлкен назаррударды.

Көптеген мемлекеттік құжаттарда, халық-ағарту саласының қызметкерлері мен ғалым- педагогтардың мақалаларында, ғылыми кеңестерде білім беру мен тәрбие үрдістерін жетілдіре түсү, оқулықтар құрастырудың ғылыми жүйесін жасау, оқу-әдістемелік орталық құрудың қажеттілігі т.б. мәселелер жайында болған. Осы мәселелерді ескере отырып, 1932 жылы Алматыда ғылыми-педагогика кабинеті құрылды, бұл 1933 жылдың қантар айында мектептердің ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды, ал қазір Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институты. Бұл институт озат педагогтың тәжірибелі жинақтауда қызу қызметті, педагогика саласында ғылыми-зерттеу жұмысын бастаған. Институт қазақстан мектептерінің озат тәжірибелерін көрсететін бірнеше жинақтар шығарды. қазақ тілінде педагогика саласынан алғашқы оқулықтар, революцияға дейінгі қазактың педагог- ағартушыларының педагогика саласындағы мұраларына арналған тарихи зерттеулер, қазақстанның революцияға дейінгі мектептері мен революциядан кейінгі мектептер тарихынан кітаптар шығарды. Институт қызметкерлерінің белсене араласуымен, ұлт мектептеріне арнап қазақ тіліндегі оқулықтар жазу ісі жедел қолға алынды. Бұл іске Қ. Жұбанов. I. Жансұгиров, Б. Майлин, М. Әуезов т.б. атсалысты. 1932 жылға қарай Қазақстанда 12 ғылыми-зерттеу институты, 15 тәжірибе станциясы, 186 тірек пункті, лаборатория, гидрометстанция, бірсыптыра кен барлау ұйымдары қызмет істеді.

Республиканың жоғарықу орнын дамытуға Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің және тағы басқа ірі ғылыми орталықтардың ғалымдары зор көмек көрсетті. қазақстан жоғары оқу орындары 30-жылдардың бас кезінде негізінен РСФСР Халық ағарту Комиссариатының ұсынған оқу жоспары мен бағдарламаларын басшылықта алды. 1933 жылы РСФСР Халық ағарту Комиссариаты педагогикалық институттарға арналған жаңа оқу жоспарын бекітті. Ұлт педагогикалық институттары оқу жоспарына жергілікті ұлттық ерекшеліктер ескеріле отырып, жергілікті

Ұлттардың революциялық қозғалыс тарихы, ұлт республикаларының экономикалық жағрапиясы, ана тілінен практикалық сапиентар, ана тілі әдістемесі, ұлт әдебиеті (тіл және әдебиет бөлімдерінде) енгізілді. 1937 жылдың аяғына қарай 27 педагогикалық техникумдар, 6 институт пен университетте 9626 мұғалімдер шыярланды, ал олардың жалпы екі еседен астамкөбейді. 1937 жылдың ортасында олардың арасында аттестациялау жұмысы жүргізілді. Бұл шара педагог кадрлар құрамының сапасын артыруға онды әсеретті. 1934 жылды Алматының музыкалық-драмалық техникумы оку комбинаты болып қайта құрылды, онда студенттерді оқытумен қатар музыкалық аспаптарын жетілдіру жұмыстары қоса жүргізілді.

Сол жылды мамырда қазақтың хореография мектебі оқушылар қабылдады. Музыкалық мектеп Оралда да ашылды. 1937 жылды музыкалық- драмалық теникумда 238 адам, академиялық драма театрының студиясында-31, музыкалық-хореографиялық мектепте-120, ал Мәскеу мен Ленинградтың жоғары және орта көркем театр оку орындарында бізден 110 адам оқыды. 1934 жылды Алматыда, Семейден көшіріліп әкелінген Геология-барлау институтының негізінде Кен-металлургия институты (казіргі ұлттық техникалық университеті) құрылды. Медициналық институт кеңейтілді. 1936 жылды институты алғашқы 66 дәрігер бітіріп шықты. Бірінші бес жылдық тұсында Алматыда малдәрігерлік-зоотехникалық институт, Оралда педагогикалық институт, Семейде кен-барлау институты ашылды.

30-жылдары республикамызда педагогтың оку орындарының мынадай жүйесі қалыптасты: I. Жоғары педагогтың оку орындары. Мұнда II басқыш мектептерге, техникумдарға, жұмысшы факультеттері мен жеті жылдық мектептерге оқытушылар дайындалды. 30-жылдың басында қазақстанда қазақтың педагогтық институты мен үш халық ағарту институты жұмыс істеді. 1932 жылды Орал педагогтық институты ашылды. 1935-1936 жылдары тағы сікі педагогтық институт. Бірнеше мұғалімдер институты ашыл-

Көптеген мемлекеттік құжаттарда, халық-ағарту саласының қызметкерлері мен ғалым- педагогтардың мақалаларында, ғылыми кеңестерде білім беру мен тәрбие үрдістерін жетілдіре түсү, оқулықтар құрастырудың ғылыми жүйесін жасау, оқу-әдістемелік орталық құрудың қажеттілігі т.б. мәселелер жайында болған. Осы мәселелерді ескере отырып, 1932 жылы Алматыда ғылыми-педагогика кабинеті құрылды, бұл 1933 жылдың қантар айында мектептердің ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды, ал қазір ІІ. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институты. Бұл институт озат педагогтың тәжірибелі жинақтауда қызу қызметті, педагогика саласында ғылыми-зерттеу жұмысын бастаған. Институт қазақстан мектептерінің озат тәжірибелерін көрсететін бірнеше жинақтар шығарды. қазақ тілінде педагогика саласынан алғашқы оқулықтар, революцияға дейінгі қазактың педагог- ағартушыларының педагогика саласындағы мұраларына арналған тарихи зерттеулер, қазақстанның революцияға дейінгі мектептері мен революциядан кейінгі мектептер тарихынан кітаптар шығарды. Институт қызметкерлерінің белсене араласуымен, ұлт мектептеріне арнап қазақ тіліндегі оқулықтар жазу ісі жедел қолға алынды. Бұл іске Қ. Жұбанов. І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов т.б. атсалысты. 1932 жылға қарай Қазақстанда 12 ғылыми-зерттеу институты, 15тәжірибе станциясы, 186 тірек пункті, лаборатория, гидрометстанция, бірсыптыра кен барлау ұйымдары қызмет істеді.

Республиканың жоғары орнын дамытуға Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің және тағы басқа ірі ғылыми орталықтардың ғалымдары зор көмек көрсетті. қазақстан жоғары оқу орындары 30-жылдардың бас кезінде негізінен РСФСР Халық ағарту Комиссариатының ұсынған оқу жоспары мен бағдарламаларын басшылықта алды. 1933 жылы РСФСР Халық ағарту Комиссариаты педагогикалық институттарға арналған жаңа оқу жоспарын бекітті. Ұлт педагогикалық институттары оқу жоспарына жергілікті ұлттық ерекшеліктер ескеріле отырып, жергілікті

үшіндардың революциялық қозғалыс тарихы, ұлт Республикала-
рының экономикалық жағрапиясы, ана тілінен практикалық са-
бактар, ана тілі әдістемесі, ұлт әдебиеті (тіл және әдебиет бөлім-
терінде) енгізілді. 1937 жылдың аяғына қарай 27 педагогикалық
техникумдар, 6 институт пен университетте 9626 мұғалімдер
шыярлапты, ал олардың жалпы екі еседен астамкөбейді. 1937
жылдың ортасында олардың арасында аттестациялау жұмысы
жүргізілді. Бұл шара педагог кадрлар құрамының сапасын арт-
ыруға онды әсеретті. 1934 жылы Алматының музыкалық-дра-
малық техникумы оқу комбинаты болып қайта құрылды, онда
студенттерді оқытумен катар музыкалық аспаптарын жетілдіру
жұмыстары қоса жүргізілді.

Сол жылы мамырда қазақтың хореография мектебі окушылар
қабылдады. Музыкалық мектеп Оралда да ашылды. 1937 жылы
музыкалық- драмалық теникумда 238 адам, академиялық драма
театрының студиясында-31, музыкалық-хореографиялық мектеп-
те-120, ал Мәскеу мен Ленинградтың жоғары және орта көр-
кем театр оқу орындарында бізден 110 адам оқыды. 1934 жылы
Алматыда, Семейден көшіріліп әкелінген Геология-барлау инс-
титутының негізінде Кен-металлургия институты (казіргі ұлттық
техникалық университетті) құрылды. Медициналық институт ке-
ңейтілді. 1936 жылы институты алғашқы 66 дәрігер бітіріп шық-
ты. Бірінші бес жылдың тұсында Алматыда малдәрігерлік-зоо-
техникалық институт, Оралда педагогикалық институт, Семейде
кен-барлау институты ашылды.

30-жылдары республикамызда педагогтың оқу орындарының
мынадай жүйесі қалыптасты: 1. Жоғары педагогтың оқу орында-
ры. Мұнда II басқыш мектептерге, техникумдарга, жұмысшы факультеттері мен жеті жылдық мектептерге оқытушылар дайында-
лы. 30-жылдың басында қазақстанда қазақтың педагогтық инс-
титуты мен үш халық ағарту институты жұмыс істеді. 1932 жылы
Орал педагогтық институты ашылды. 1935-1936 жылдары тағы
екі педагогтық институт. Бірнеше мұғалімдер институты ашыл-

ды. 1934 жылы қазактың мемлекеттік университеті ашылды. 2. Педагогтық техникумдар мен педагогтық бағыттағы II басқыш мектептері. Бұлар I басқыш мектептерге оқытушылар дайындауды. 14 педагогтық техникум болды. 3. Педагогтық курстар. қазақ жастарын жоғары оқу орындары мен техникумдарға тартуда дайындық бөлімдерінің үлкен маңызы болды. 1934 жылы республикадағы ғылымдық маңызды қазақ АКСР ОАК Президумының жанындағы ғылым комитеті құрылды. 1936 жылы Орталық архив басқармасы мен қазақ ұлттық мәдени ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды. Әлкелік партия комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм ғылыми-зерттеу институты қазақстан КП ОК Партия тарихы институты болып қайта құрылды. 30-жылдардың бас кезінде қазақ әдебиеттану ғылымыннан алғашқы ғылыми зерттеу енбектерінің, сонын ішінде С. Сейфуллиннің. С. Мұқановтың, М. Әуезовтың кітаптарының шығуы орталау, орта мектептерге арналған әдеби – творчестволық және көркем текстілік хрестоматиялардың шығуына да мүмкіндік жасады. 1930 жылдардың соңғы кезінде жаряланған хрестоматияларда іріктеліп алынған материалдар өзінің әдеби-эстетикалық сапасы жағынан да, идеологиялық ұстамдылығы жағынан да одан бұрынғы сұрыпталып алынып жүрген көркем мәтіндерден анағұрлым маңызды және солкездің оқу-агарту ісіне үйлесімді болды. Әүл тұстағы хрестоматияларда қазақәдебиетінің тарихына байланысты ғылыми деректер нақтылы талдаулар жүйесінде молынан қамтылды. 1933 жылы қазақ окулығын шығаруда ерекше үлес қосқан Молдағали Жолдыбаев оқушылардың алдына таратылып отырған қазақ әдебиетінің басылуы жайлы: «XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы (7жылдық) бірінші рет жазылып отыр. Кітапты жазу үстінде кездескен қыншылықтар уақыттың тығыздығы, бекіген программалардың жоктығы, синнан өтіп кемшилігі әшекереленген, беті ашылмаған бұрын жазылған кітаптың жоктығы, айтылған дәуірдің экономикасының, өндіріс қатынастарының зерттелген материалдарының болмагандағы болды», - деп өз пікірлерін білдірген. 30-жылдары

бастауыш және орталу мектептерге арналып, бірнеше окулық, крестоматиялар баспа жүзіне шыға бастады

1935 жылы 3-4 сыныптарға арналған қазақ әдебиетінен бағдарлама жарықкөрді. Бағдарламаның басты міндегі оқушыларға:

1. Көркем шығармаларының мағынасын, идеясын, көркемдік мәннітүсіндіру;
2. Көркем шығармалардың кейбір түрлерін (әңгіме, өлең, ертегі, мысал т.б.);
3. Көркем тілдің жеңіл ерекшеліктерін (әсірелеу, тенеу, ырғак т.б.) туғындауды;
4. Жазушылардың қай таптан екенін, оның шығармаларының іштегі бағытын аңғарту;
5. Көркем әдебиетінің өткен қоғамдық өмірде, қазіргі әлеуметтік құрылыштаң мәні бар екені жөнінен алған ұғымын пысықтау;
6. Әдебиет сабағының басқа пәндерімен- қоғамтану, тіл, жаратылыш тану сабактарымен, көркем өнердің кейбір түрлерімен байланысын айыра білуге үйрету. Қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының мазмұнын жетілдіру мен мектептерде бұл пәннің белделін көтеру мәселелері күн тәртібінде қаралып, қойылған. БК (б) II Орталық Комитетінің 1932 жылғы 25 тамызындағы шығарған «Бастауыш, орта мектептің оқу бағдарламары мен режимі туралы» қаулысының оқу бағдарламаларын ғылыми негізде жасау үшін орасан зормаңызы болды. Бұл қаулыда ана тілі бағдарламасынан мына сияқты талаптар қойылған: «Ана тілі бағдарламасы берілетін білімнің нағыз системалы, дәл аумағын толық үйренуді қамтамасыз етуге тиіс, сол сияқты дұрыс оқу, дұрыс жазу, дұрыс сойлеуге нық төсөлуді қамтамасыз еткендей болсын; оқушылардың мектепте де, үйде де өз беттерімен істейтін жазу жұмыстары, грамматикаталдауы және сондай жұмыстарға оқу жұмысының практикасына ендірілсін».

БК (б)П Орталық Комитеті 1933 жылғы 12 ақпанында шыққан «Бастауыш және орта мектептердің оқу құралдары туралы» қаулысында, СССР Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық

Комитетінің 1939 жылғы 27 тамызда шығарған «Бастауыш, орталай және орта мектептерге арнап оқу кітаптарын бастыру және сату туралы» қаулысында тұрақты бағдарлама мен оқыту әдістерін қолданудың, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын өндөу ісінің түйінін шешетін нәрсе тұрақты оқулықтың болуы керек екенін атап көрсетті. Мерзімді баспасөз бен кітап шығрау ісі мықтап дамыған бүл кезде 1925 жылы 96 кітап 443 мың дана болып таратылса, 1930 жылы тиісінше 200-ге жуық және 3 млн. дана болды.

Ал, 1932 жылы таралымы 6 млн. дана 668 кітап шығарылды. Қазак мектептеріне керекті оқулықтар мен оқу құралдарының саны кенет өсті. Мәселен, 1934 жылы тиражы 596 мың дана небары оқулық шығарылса, 1935 жылы тиражы бір миллион жағымға жететін 15 оқулық шығарылды. Ал 1935 жылы бастауыш мектептер үшін қөптиражбен «Селолық жерлерге арналған әліппе», «Жұмысшыларға арналған әліппе», «Шала сауаттыларға арифметика жөніндегі методика», «Шала сауаттыларды оқыту методикасы», «Шала сауаттылар мектептеріне арналған қазақ тілі грамматикасы», «Сауатсыздарға арналған арифметика есептері», «Сауатсыздар мектептеріне арналған программа», «Шала сауаттылар мектептеріне арналған программа» сияқты оқулықтар шығарылған. 1929 жылы араб алфавитінен латын алфавитіне көшу Қазақстанда мәдениет пен халық ағарту жұмысын дамытуда, көркем әдебиет пен күнделікті баспасөздің қаз тұруында алға басқан қадам болды.

Дегенмен, латын алфавиті ана тілін оқытуда женілдеткен жоқ. Оның үстінен, орыс тілі оқытуда біраз қыындықтар тудырды. Өйткені таңбалары бір кейіптес, бірақ түрліше дыбысты белгілейтін бірқатар әріптер окушыларды шатастырды. Осы қыындықтар болмауы үшін 1940 жылы қазақ ССР Жоғары Кенесі қазақ жазбасын латыншадан орыс графикасына негізделіп жасаған жана алфавитке көшіру туралы Зан қабыллады. Ал қазақ тілінде шығатын газет-журналдарының саны көбейді.

Мәселен, тәңкеріске дейін қазақ тілінде бір ғана газет болса. 1917-1920 жылда арасында қазақ тілінде 25-26 шақты газет- жур-

шылдар, 1925 жылы 28 газет, 1926жылы 41 газет, 1932 жылы 62 газет, 6 журнал шықты. 1937 жылы қазақстандағы 305 газеттің 185-і қазақ тілінде 603 мың тиражбен шығып тұрды. Ал отызыншы жылдың аяғында газет саны 322-ге (қазақ тілінде 193), тиражы 945 мыға жетті. Бұл көлтірілген деректен біз республикада баспа-соз ісінің жылдан-жылга өсkenін байқаймыз. 1930 жылы оқулық, оқу құралы бағдарламалармен қатар классикалық педагогикалық әдебиеті: Чернышевскийдін, Добролюбовтың, Ушинскийдін, Калининнің, Макаренконың және басқалардың педагогикалық шығармаларын қазақ тіліне аудара бастау-қазақстанда педагогикалық гылымын дамытудағы елеулі кезең болды.

Орта мектептер мен жоғары дәрежелі педагогикалық оқу орындарының ашылуына байланысты 30-жылдардың басында қазақ әдебиетін арнаулы пән ретінде өз алдына жеке оқыту қажеттігі туып, оқулықтар жасау жұмысы жеделқолға алынды. Бұл үшін ең алдымен әдебиеттану гылымын жетілдіру, тоныктыру қажет болды. 20-жылдардың бас кезінде ұйымдастыран Қазақстан өлкесін зерттеу қоғамы, 1933 жылы ұжымдастып, гылым Академиясының жүйесіне көшкен ұлт мәдениетін зерттеу институты қазақ фольклорі мен әдебиет нұсқаларын көптеп жинаады. Осы жылдары фольклор нұсқаларымен қатар, Абайдың, С. Гарайғыровтың, Ы. Алтынсариннің, Ақан серінің, Сүйінбайдың олжандарінің жинағы басылып шықты. Қазақстан әдебиеті мен оперінің 1935 жылы маусымында Мәскеуде зор табыспен өткен бірінші онкүндігі қазақ кеңес әдебиеті мен өнер жетістіктерінің жарқын көрінісі болды. Қазақстанның жас өнерпаздары «Қызы Жібек», «Жалбыр» операларын қойды. Аталған онкүндікте энші К. Байсейітова СССР халық әртісі атағына ие болды. 1937 жылы музыкалық театр негізінде Абай атындағы тұнғыш ұлттық опера және балет театры ашылды. 1935 жылы Алматыда ашылған сурет көрмесі-оның таңдаулы экспонаттары Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік көркемөнер галереясының негізін қалады. 1934 жылы хроникалық-құжатты фильмдердің республикалық студиясы ұйымдастырылды. Дыбысты «Амангелді» көркемфильмінің «Кранға шыуғын (Ленфильм, 1938ж) ұлттық кино өнерінің бас-

тамасы деуге болады. 1934 жылы қазақ мемлекеттік музикалық театры (казіргі Абайатындағы опера және балет театры) ашылды. Театр сахнасында қойылған «Айман-Шолпан» спектаклі үлкен табистарға жетті. Бірінші қазақоперасының сюжеті болып F. Мұсіреповтың «Қызы Жібек» эпосы болды. Осы жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік оркестр құрылып, жетекшісі композитор А. К. Жұбанов болды. Бұл кезеңнің Қазақстандағы оқу агарту жүйесіне қосқан үлесін осы тұрғыдан жоққа шыгаруға болмайды. Оқу білім саласын дамытуға, сондыктанда болар қазақ халқының бір туар зиялышлары жаппай кірісіп, елді сакуаттандыруға жан тәндерімен ат салысты. Солардың бірі, пайғамбар ақын, тәлімгер- ұстаз, ағартушы Мағжан Жұмабаев болды.

2.3. М. Жұмабаевтың саяси-ағартушылық көзқарасының қалыптасуының тарихи алғышарты

*Кайғыланба, соқыр- сорлы шекпе зар.
Мен-Күн ұлы, козімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем
Күннен туган, Еңнан туган пайғамбар!
Мен олмеймін, менікі де олмейді,
Надан адам олім жоғын білмейді.
Өзім патша, өзім қазы, өзім би,
Кандай ессіз не қылдың деп тергеїді!?*

Мағжан Жұмабаев.

Ұлтжандылық пен отансүйгіштікті окушылар бойына құрғак уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша қорғап өткен от жүректі бабалар рухында гана тәрбиелеуге болады. Осы тұрғыдан келгенде Шокан Уалиханов, Үйбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың еңбектері

мөнгілік. Олар өз жұртын қараңғылықтан арашалап, тек оку арқылы ғана баһытқа жеткізуге болатындығын түсінді.

Халықты оқуға, білім алуға шақыра отырып, патша өкіметінің ғылыми келелі сұраптарды қоя білді. Әлихан Бекейхановтың мәдениетшілігімен «Алаш» партиясының маңына топтасқан зияльшылар бостандық алудың бір ғана жолы халықты сауаттандырып, қиранғылық бұғауынан босату деп білді. Осы себептен де ат төңөлсендегі аз ғана топ өздерінің бар өмірін оқу- агарту жолына бағыттады. Әрқайсысы әр-түрлі пәндерден оқулықтар, әдістемелік күралдар жазды.

Бәрі бірігіп халықты оқу-білімге шақырды. Олар осы жолда бар мүмкіндіктегі пайдалана білді. Әсіресе, сол кездегі қазақ арасына кең таралған баспа сөзді шебер пайдаланды. Осы орайда «Қазақ», «Айқан», »Жаңа мектеп», т.б. газет журнал баспа сөз беттерінде оқу- агарту туралы жарияланған мақалалардың қазақ арасында рөлі ерекше болды. Қазақ халқының ұлы ағартушылары үкіметке өз ықпалдарын пайдаланып, көптеген оқу орындарын аштырганын да белгілі. Ұлтжандылық пен отансұйғіштікте оқушылар бойына құргак уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша корғап откен от жүректі адамдар ұлтлігінде ғана тәрбиелеуге болады.

Әр кезеңнің өз батыр ұлдары мен қыздары «жаным арымның садағасы» – деген ұлы принциппен өмір сүргені белгілі. Сол жолда олар өз бастарын құрбандыққада шалып отырды. Қазақ халқы өз басынан талай қасіретті кезендерді өткізді. Біздің еліміздің тарихында сондай қасіретті кезең, ХХ -ғасырдың 30-шы жылдарында болғанын тарихтан білеміз. «Халық жауы» деген жалған айып тағылып, зорлық – зомбылық заманының құрбаны болған үлтимыздың талай боздақтарының есімдері, әлі де болса тарихтан өзінің орнын ала алмай келеді. Кейбір деректерге жүгінсек, тек 30-шы жылдырдың ішінде ғана 750-мыңнан астам Қазақстан азаматтары тұтқундалып, 25мыңнан астамы атылған. Жазықсыз жапа шеккендердің арасында қазақ халқының бостандығы мен

бақыты үшін курескен, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералин, М. Жұмабаев тағы басқа жұздең зиялышарымыздың болғанын білеміз. Қазақ зиялышарының ағартушылық ой-пікірлері мектеп ашу, оқу құралдарын жазу, халықты мәдениет пен өнер-білімге үндеумен байланысты сипатын Ресей мемлекетіндегі XIX-XX ғғ. болған саяси-экономикалық және мәдени-ағартушылық сала-дағы өзгерістерден бөліп қарауға болмайды. Себебі, XIX ғасырдың 2-ші жартысында Қазақстан даласы түгел дерлік Ресейдің отарлық билігіне көшті. Осымен байланысты Ресейді мекен-деуші халықтардың тұрмыс-тіршілігі бір бағыттағы арнаға түсіп қалыптаса бастады. Бұл істе халыққа білім беру, оқу-ағарту ісі шешуші рөл аткарды. Өкімет халықтың оқу-білімге деген ынта-сын тоқтата алмады. Жер – жерде оқу орындары көтеп ашила бастады. XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда ерлерге арналған 2 сегіз кластық, әйелдерге арналған 2 жетікластық, бір сегізклас-тық әскери гимназия болды. Олармен қоса Орал қаласында 6, 7, 8 класты ерлер гимназиясы және прогимназиялар да ашылды. Бұл мектептерде орыс тілі мен тарихы, әдет-ғұрпы тиянакты оқытылды. Ал қазақ тілі қосымша пәндер қатарындаған оқытылды. Ы. Алтынсариннің идеяларын, оның оқу-ағарту саласындағы ойларын әрі қарай жалғастыруда, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Қ. Кеменгеров, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов С. Торайғыров т.б. қазақ зиялышары белсенді қызметтер аткарды. Қазақтың осы зия-лышар тобына ортак қасиет – олар өздерінің күресі ретінде рево-люцияны қаламады. Негізгі мақсаттары елдеңі надандық, қаран-ғылықты жою арқылы халықты құлдықтан азат ету еді.

Жалпы, XIX ғасырдың аяғына қарай Қазақстанда ағарту ісінің келесі жүйесі қалыптасты:

1. Бастауыш оқу орындары.
2. Приходтық мектеп кластары.
3. Толықтырылған гимназиялар.
4. Орыс-қазақ аралас мектептері.
5. Ауылдық және сауаттылық негізіне үйрететін мектептер.

Сонымен қатар, орта оқу орындары, реалдық училищелер, қыздарға арналған гимназиялар болды. Жалпы, бұл кездегі білім беру жүйесі Ресейлік ағарту жүйесіне біршама жақын еді. Алайда қазақ мектептерінде окушылар мardымды білім ала алмады. Һасты себеп – өкімет «бұратана» халықтың сауатты болуын ойламады. Жалақының аздығы, оқу-құралдарының жетіспеушілігі осылардың барлығы Қазақстанда оқу-ағарту ісінің дамуына кедергі болды.

Осындай жағдайда Абай, Шоқан, Ұбырай ілімдерін жалғастыруши, ері қазақ халқының саяси көсемі Ахмет Байтұрсынов болды. Қазақ халқын сауаттандыру үшін А. Байтұрсынов бірнеше еңбек жазды. «Қырық мысал», «Маса», «Қазақша оқу жайынан», «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек», «Қазақша сөз жазушыларға», «Әліппе – таңбалар жұмбағы», «Әліп-би», «Тіл құрал», «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Қай әдіс жақсы», «Оқу құралы», «Әдебиет танытқыш» т.б. еңбектері қазақ тілі мен әдебиеті, оның тарихы мен теориясы, оқыту әдістемесіне қатысты көптеген мәселелерді қамтыды. Олардың көпшілігі ұзак уақыт оқу құралы ретінде пайдаланылды. А. Байтұрсынов қазақ музыка өнерін зерттеп, жинастырушылардың бірі болды.

Ал, Ж. Аймауытов 20-жылдары қазақ мектептері үшін педагогика мен психология туралы «Тәрибеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер тандау» тағы басқа оқулық, әдістемелік құралдар жазды. Ж. Аймауыұлы – психология саласына қатысты бөліктерден бүтінді құрау, жеке мағлұматтардан қорытынды, жалпы ұғым, жалпы ереже, жалпы заң шығару, жалқыдан жалпыға көшу, бір сөзben жалпылау (индукция) деп аталатынын, бұған қарсы ойлаудың екінші жолы жалпы ұғым, жалпы ережеден жеке мағлұмат шығару, жалқыдан жалқыға көшу, яғни жалқылау (дедукция) ұғымдарын жан-жақты қарастырған қазактың тұнғыш психологиялымы. Осы мәселелерге байланысты әдіскер-ғалым өзінің «Жалқылау әдісі», «Жалқылауды жалпылау әдісі» секілді мақалаларын жазып, әліппе, тіл құралдарды құрастыру-

да, оқытуда индукция, дедукция тәсілдерін төрөн, пайдаланған. А. Байтұрынов, Ж. Аймауытовтармен қатарласа халықты «Оян. қазақ» атты шығармасымен белсенді іс-әрекетке шақырған көрнекті қоғам қайраткері Міржақып Дулатов болды. Оның макалалары мен өлеңдері казақ халқын оқу-білім алуға шақырды. Әсіресе, А. Байтұрыновпен бірлесе шығарған «Қазақ» газеті М. Дулатов үшін де, қазақ халқы үшін де үлкен өмір мектебі болды. М. Дулатов бала жаңын төрөн түсінген психолог әрі әдіскер ғалым. «Жас балаларды оқыған нәрсесі хакында ойлануға, оның мағынасын, қасиеттеуге сездіруге қалай үйретпек керек? Баланы оқыған нәрсесін бір-біріне үйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдептеннірү керек» – деп, баламен жұмыс істеудің түрлі әдістәсілдерін жан-жакты қарастыра.

Ұлттық сана-сезімді ояту, қазақ халқының өз алдына дербес егеменді ел болуы, оқу-ағарту, тегін білім беру мәселелері 1913-1917 жж. Орынборда казақ зиялыштары Ә. Бекейханов, А. Байтұрынов, М. Дулатов бастап шығарған «Қазақ» газетінде үнемі арнайы сөз болып келді. 1913 ж. «Қазақ» газетінің 18-санында Ә. Бекейхановтың алғаш «Дума һәм қазақ» деген макаласында: «Қазақ думаға депутат болып барып, өз елінің камын, қазақ сөзін сөйлеуі әр оқыған, елім деп жүргегі соғатын азаматтық парызың,» – дей келе: – «... тірі болсам, казаққа қызмет етпей қоймаймын» – деп, халық алдында ант бергендей болады. Элихан Бекейханов, Ахмет Байтұрынов, Мыржақып Дулатов бастаған казақ зиялыштары 1911-1917 ж. ж. аралығында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің маңына берік топталып, өздерінің саяси макалалары мен өлең-жырларында қазақ елінің караңғылықта, екі бірдей езгіде азап шегуін ашық баяндап, халықты саяси құреске шақырып отырды. Мемлекеттік Думаға қазақ халқының атынан петиция жазып, бостандық беруді, егемен ел болуға мүмкіндік туғызууды талап етеді. Ел камын жейтін халықты бастаушы саяси ұйымның қажеттігін айта келіп, оны ұйымдастырудың жолдарын

қарастырады. Ақыры 1917 жылы шілдеде Орынборда тұнғыш «Қазактың саяси партиясы – «Алашты» құру туралы» съезд шақырылып, оның бағдарламасы «Қазак» газетінде жарияланды. Алаш партиясының ұйтқысы болған көрнекті қайраткерлері: Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Х. Досмұхамедов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Торайғыров, М. Әуезов сынды зияллылар сол партияның мүшесі болып, белсене қызмет етті.

Олар Алаш партиясының өмірге келгенін, оның бүкіл қазақ халқының мұддесін қорғаушы екенін дәлелдеп бақты. Ә. Бекейханов бастаған қазактың зиялы қауымы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің негізгі платформасын жасап, Қазакстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыш мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық және жалпы халықтық бірлік ұстанымын басышлыққа алды. Мұндай ұстаным аталған мәселелерді шешуде таптық құрес пен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтан да «Алаш» көсемдері мен «Алашорда» үкіметінің басшылары Қазан революциясының ұрандарын, Кенес өкіметінің идеялары мен нақты іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты. Олардың «Қазағым қайраттан», «Ұйымдастып жеке отау тігіп ел болайық», «Ел қамын ойлаушы зиялы қауым болып бас қосайық, бірігейік» деген ұрандары орыс үкіметінің ұлы орысшыл шовинистеріне шаншу болып тиді. Қазақ зияллыларының бұл идеясы 1911-1917 ж. ж. арасындағы мерзімді басылымдарда, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде өткір түрде үздіксіз көтеріліп отырды. Нәтижесінде, азамат соғысында женіске жеткен Кенес үкіметі «Алашорданы» тарих сахнасынан кетірді.

Кенес өкіметі «Алаш» қозғалысына қатынасқандардың барлығына кешірім жасағанына қарамастан, азамат соғысынан кейінгі 7-8 жылда Қазақстанның ғылыми мен оқу-ағарту ісіне, әдебиет пен өнердің, халық шаруашылығының әр саласына қомақты үлес

қосқанына қарамастан ұлттық-демократиялық интелегенция өкілдерін, ең алдымен Алашорда партиясына жетекшілік жасаған қайраткерлерді түгел дерлік жалған жаламен «Халық жауы» деп айыпта, түрмеге жапты, атты, асты, елден қуды. «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, кеңестік тоталитарлық зорлық-зомбылықтың жазықсыз құрбаны болған, қазақ халқының рухани, мәдени, әдеби әлеміндегі өзіндік өшпес із қалдырыған әрі лирик акын, әрі көрнекті педагог, әдіскер-ғалым, ұстаз. қоғам қайраткері, М. Жұмабаевтың өмір жолына ерекше тоқтала кетуді жөн көрдік.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938) әрі лирик акын, әрі аудармашы, көрнекті жазушы, публицист, әрі ұстаз-ғалым. Поэзия әлемінің жарық жүлдізы, қайталанбас құбылыс. Оның қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні ізденістері мен жанашағылдығы қазақ әдебиетінің XX-ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтереді. Мағжан Жұмабаевтың ондаған поэмасы мен жүздеген лирикалық өлеңдерімен бірге, оқытушылық қызметті атқара жүріп, тұнғыш педагогикалық оқулыктар жазып қалдырыды. Ол жазған «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Саятты бол» (1926), «Педагогика» (1922) атты оқулыктары педагогика және әдістеме ғылымдарына қоскан үлес болып саналады. Поэзиясы адамның жан дүниесінің қыры мен сырына терең бойлайтын, оның адамның жан сезімін дөп басып суреттейті көпшілік оқырманды сүйсіндіріп келді.

Кешегі уақытты, біз, тек бір халықты-кеңес халқын құрамы деген уақытта, орыстан басқа халықтардың тәрбие жүйесін тіпті есепке де алған жоқпыз, мектептерде қазақтың, халықтың тәрбиесі деген атауды мүлде кездестірmedік. Мұның өзі біздің тәрбиедегі колға ұстар негізгі қазағымыздан айырылуға әкеліп сокты, «қазақ» деген аты болмаса, заты мүлдем бөлек, шұбарланған ұрпақ өсіп шықты, мазмұны социалистік болғанмен түбі ұлттық болған жоқ. Соның нәтижесінде көптеген халықтар мен ұлттар жойылып, тарихтан сахнадан шығып қалды, сөйтіп, адам бала-

сының тарихы мен мәдениетіне өлшеусіз зиян келтіреді, тәрбие тек империяның мұддесін көздейді. ұлы державалық шовинистік мұддені нығайтушін қызмет істелді. Кенес өкіметі жылдарында осындай жолмен 75 ұлыстар мен халыктар жоғалып кетті. 1934 жылы ел бойынша мектептеріндегі оку 104 тілде жүргізілсе, 1988 жылы КСРО-да не бәрі 39 тілде ғана білім алды. Мектеп іс жүзінде ұлтсыз мектеп болды.

Демек, тәрбиеде ұлттық ерекшеліктер мүлдем сакталмады, ұлттық тәрбие деп айтуға батылымыз бармады. Мағжаның да наышпандығы сонда, ол осыны көріп-білгендей ғасырдың басында, қазақ мектебі құрылып жатқан кездің өзінде осыны көргендік-пен болжай білді. Сол кезде жазған бір мақаласына: «Қазактың тағдыры, келешегі, ел болуы да – мектептің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді, берік ھем өз жанымызығы қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегімізге тайынбай – ақ серттесуге болады. Сондай негізде құра алмасақ, келешегіміз құнгірт»-деп жазды. Бұдан артық анық, дұрыс болжам айту қын. Ұлы адамдар болары болып, бояуы сіңген іске корытынды жасамайды, олар бірлікпен бағдарлай алады. Мағжан да осындай мінез танытты.

1913 жылы Мағжан, Ахмет, Мыржақып сынды ұстаз ағаларының ықпалымен Еуропа біліміне жақындаспақ ниетпен Омбыға келіп, оқытушылар семинариясына оқуға түседі. Семинария қа-быргасында ол Сәкен Сейфуллинмен танысады. Ол халқының білім мен өнерден макұрым қалған мұсәпірлік себебін іздейді, көп нәрсеге көзі ашылады. Осы жылдары Омбы мұғалімдік семинариясында оқып жүріп, орыс және батыс Еуропа ақын-жазушыларын құныға оқиды, өзіне жана да тосын ой, идеяларды көңіліне токи бастайды. Оның алдында жаңа бір әлем ашылады.

Осы құндері қазақ халқы өз алдына тәуелсіздік алып, егеменді, дербес Қазак Республикасын құру кезеңінде, тілін, дінін қайтадан қалпына келтіру жолында орасан зор қадамдар жасау уақытында, Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын, оның

бүкіл саналы өмірі, казақ ұлтының ар-намысы үшін күресі, ұлттық езгіден шын мәнінде құтылуға шақырган жалынды сөздері, ұлттық сана-сізімді қалыптастыруда орасан зор рөл атқаруда. Мағжан поэзиясында әуел бастан-ақ, ұлт-азаттық сарыны басым болады. Өте жас болса да, 18-20 жастың аралығында Мағжан патша өкіметінің аз ұлттарға жасап отырған киянатына қарсы өзінің поэзиясымен күресе білді. Уфа медресесі, Омбы мұғалімдер семинариясында (1913-1917жж) оқыған кезінде, «Айқап», «Қазақ» газеттерін де өз өлеңдерін жарияладап, ұлттық сана сезімді қалыптастыруға зор үлес косты.

Патша өкіметінің отаршылдық саясатының соңғы кезеңінің өзінде-ақ, яғни 1895-1905 жылдары, небары 12 жылдың ішінде қазактардың ең шұрайлы деген 4 млн. десятинадан астам жерін, ал 1906-1912 жылдары тартып алынған жер 17 млн. десятинадан асып кеткені бізге тарихтан белгілі [43]. Сонау ерте кезеңде басталған Ресей отаршылдығының, одан кейінгі кенестер тұсында бірде-бір таласталмаған қоныстандыру саясатының, тың игеру, полигондар салу кезеңдерінің нәтижесінде, казақ даласында экологиялық апаттың нышандары болуын Мағжан ерте кезде сезген бе деп қаласын. Тағы бір айта кететін жай «Туган жерім-Сасыққөл» деген өлеңінде, Мағжан «қазақ халқының тапқа бөлініп жіктелуі анық болмаған, қазақтың байы мен кедейі бір-біріне қаррама- карсы тап емес» – деген ойын да аңғарамыз. Мағжан көп уақыт бойы, кенестік дәуірде де, белгілі бір топтың мұддесін жырлайды. Өмірінің соңғы кезінде кенестік қыспакқа алынғанда, амалсыз жағдайда ақынның кейбір өлеңдерінде таптық принцип айтыла бастайды.

Мағжан Жұмабаев өз ұлтын азат етудің бірден-бір шарты оқу-ағарту, надандықтан құтылу ғана емес, батыл әрекет, күрес қажет дейді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қарсанында, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 9, 25 маусым күндері шыққан санында ақын өзінің «Дін үйреткенге», «Есімде тек таң атсын» деген өлеңдерін жариялады. Ақын алдымен халқымыздың өткен шағына көз тас-

тап, «ел шетіне жау тигенде, ак найза, алты құлаш белге байлап, айнымас алдаспанды қолға алып, қанатты, қажымайтын тұлпар міндік, жібекпен жетпіс қабат белді будық, құрсанып қылыш ет-пес мұздай темір, киядан қыран құста жауға ұмтылдық», – деп «ені осы ерлік кезеңімізді тағы қайталайық, тек жата бермейік»-дейді. Бостандық үшін отаршылдықка қарсы құресер кезең жақын, 1917 жылғы революциялық дүмпuler міне-міне болатын-дығын жырлайды. Дүниежүзілік 1914 жылғы соғыска катысқан Ресей тылда жұмыс істеуге қазактардан солдат алуға 1916 жылы июнь жарлығын шығарды. Бұл қазак халқының басына түскен жайдың оғындар болды. Ал, шындығына келсек «Алаш» азаматтарының 1916 жылғы көтерілісі асығыс дайындалған, текке қазак халқының қаны төгіледі» – деп сактандырган. Олардың ойынша, «ұлтазаттық козгалыстың әскери дайыдықтан етіп, ұйымдастын түрде басталуы керек».

Патша үкіметі июнь жарлығы шықпай тұрып – ак, жазалау әскерін сайлап, зенбірек ұнғысын тазалап, қазак жүздіктері қылыштарын қайрап қойғанын Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа сияқты алаш азаматтары өте жақсы білген. Алаш азаматтарымен бірге болып, кейіннен 1917 жылы «Алаш» партиясына мүше болған Мағжан Жұмабаевтың 1916 жылғы көтеріліс туралы пікіріне сәйкес, бұл тақырыпқа көп қалам тартпаганың осыған байланысты болуы мүмкін. Көп уақытқа дейін кеңес тарихшылары 1916 жылғы көтерілісті қазақтың қылыш азаматтары, кейіннен «Алаш» партиясының негізін құрушуылар – Ахмет, Міржақып, Әлихан, Мағжандарды «байлардың мұддесін қорғап, ұлттық нақысты аяққа басты, патша үкіметінің сойылын сокты, жақтамады» – деп, айыптап келген еді. Сөйтіп, «Алаш» азаматтарына қазак халқының теріс көзқарасын тудырды. Осындай аумалы-тәкпелі заманда 1917 жылы Мағжан Омбының мұғалімдер семинариясын үздік біліммен бітіріп шығады.

Бұл кезенде Ресейдегі ақпан революциясын қазак зиялышының көшшілігі қуана қарсы алғаны белгілі. Осындай аласа-

пыран уақыттарда саяси жұмыстардан Мағжан да тыс қалмаған. Елді тығырықтан шыгаруда 1917 жылдың қысында құрылған «Алаш» партиясының ішінде болып, кейіннен Құрылтай сайлауында Ақмола облыстық қазақ комитетіне сайланған Мағжан оқу-агарту мәселесімен тікелей айналысты. Оны Мағжантанушы ғалым Т. Қекішев өзінің «Мағжан-Сәкен» деген ғылыми-эссе сінде әртүрлі фактілер келтіре отырып дәлелдеген. Ш. Елеуkenов, Мағжанның өмірі мен шығармашылығы жөнінде жаза келіп, осы жайды Колчакпен байланыстырып: «Мағжанның жәйи мәз емес-ті... Мағжанның сорына Омбыда өздерін «социалистерміз» деп жариялаған «Үш жұз» атты партия пайда болды. Мемлекет орнының құқығын өз бетімен иемденіп алған осы партияның Орталық Комитетсымағы: «акын Мағжан Жұмабаев бостандықты сүймейтіндігі үшін ұсталсын, қамалсын» – деп қаулы алады. Сейтіп, оқулық жазу үстінде жүрген ақын абақтыға түсті» – деп, ел ішіндегі партиялар күресінің Мағжан тағдырына да үлкен кесірін тигізгенін көрсетеді.

Осы фактіге қарасақ, Мағжан ақындығымен бірге ұстаздық ғылым (педагогика) саласына 1918 жылдан бастап беріле қызмет еткені байқалады. Сол уақыттағы саяси жағдайларға тікелей араласып жүрген Мағжан өзінің өртеден көтеріп жүрген мәселесі – оқу агарту жұмысымен айналысқанын мұрағат құжаттары да қуаттайты. 1920 жылы Петропавл қаласында қазақ мұғалімдерінің Омбы губерниялық курсы ашылғанда өз қолымен толтырылған анкетадан негізгі мамандығым «киргизская словесность» дегеніне қарамай, педагогикадан, қазақ тілі мен ұлт тарихынан лекциялар оқып келгенін жазыпты. Ал, жұмыс стажы деген бапқа «7 лет литературной национальной деятельности. Был лектором педагогических курсов 1918 г. в Омске, в 1918-19 г. г. заведовал на 2-х годичных педагогических курсах в Омске, читал лекции на краткосрочных курсах в 1919 г. в с. Белиевка (Полтавка) Омского уезда сотрудничал в журнале «Айқап» в с. Троицке по общепедагогическим вопросам» – дейді. Бұдан байқағанымыз,

Мағжан Омбыдағы кезеңін оку-агарту жұмысын ұйымдастыруға арнаған. Мәселен, 1918 ж. 24 қыркүйекте өткен Омбы облыстық Советінің 8 атқару бюросының халыққа білім беру мәжілісінде, М. Жұмабаев 11-ге жуық мәселе көтерген. Ол құжат «Выписка постановления 8-исполнительного бюро Омского областного Совета по народному просвещению от 24 сентября сего года» деп аталады. Сол мәжілістің күн тәртібіндегі он бір мәселені Мағжан көтерген. Осыншама мәселе көтеру үшін айтарлақтай дайындық керек екенін ескерсек, Мағжанның бұл қызметке қыркүйектің алғашқы күндерінен бастап кіріскеңі шұбә тудырмайды. Оган ақынның «Заявление времен, заведов. Инеродческом отделом Жумабаева о назначении двух инструкторов по школьному иннеродческому образованию персонально по представлению областного киргизского учительского съезда» деген жазбасы да күә. Яғни, осы кезеңде Мағжан облыстық халыққа білім беру бұратаналар мектебі бөлімінің жетекшісі болған. Оның көтерген мәселелерінің ішінде, Омбы және Атбасар қалаларында тұракты екіжылдық мұсылмандарға арналған педагогикалық курс ашу да болған. Осы құжат негізінде Мағжанның тек қана ұстаздық қызметпен емес, оку-агарту мәселесін ұйымдастыру жұмысымен де тікелей айналысқанын, Омбыда бұл курстың ашылғанын, онда М. Жұмабаевтың бастық болғанын және тындаушыларға әдебиеттен дәріс оқығандығын білеміз.

Мағжанның бұл кезеңдегі ұстаздық қызметі туралы белгілі жазушы С. Мұқанов «Өмір мектебінде» атты мемуарлық еңбегінде тиісінше деректер берген. Бұл жөнінде Т. Кәкішев те жогарыда аты аталған «Мағжан – Сәкен» эссеінде терең зерттеулер жүргізіп, дәйекті дәлелдер келтірген. М. Жұмабаевтың осындай иғі істерінің нәтижесінде Омбы, Атбасар, Петропавлда халықты сауаттандыруға байланысты оку-агарту саласында көптеген жұмыстар атқарылды. Солардың көш басында мұғалімдер даярлау ісі тұрды. 1919 жылдың 1 мамырында «Бұратаналар» бөлімінің менгерушісі М. С. Арсыланов «О киргизских летних краткосроч-

ных педагогических курсах» деген мәселе көтергенде, Ақмола облыстық Земской Управаның атқару бюросы мынадай шешім қабылдаған: «Просить киргизские организации и частных лиц, принимающих живое участие в деле просвещения, не найдут ли они возможным субсидировать необходимые средства на устройство о назначенных курсов сроком на 3-4 месяца, а так же просить уездные земские управы Акмолинской области, часть расходов по устройству курсов взять на себя». 1920 жылы 17 мамыр күні «Подотдел просвещения национальных меньшинств просит не отказать в выдаче предъявителю сего лектору губернских курсов по подготовке учителей – киргиз т. Кеменгерову имеющихся в распоряжении отдела печатных материалов по географии киргизских областей. По окончании курсов все представленные в пользование материалы будут с благодарностью возвращены!» – деп, орыс география қоғамының Батыс-Сібір бөліміне қатынас қағаз жазған. Оны 21 мамыр күні «Отдел народного образования просит представителям сего тт. Мухаметову Уразбеку – инструктору Атбасарского уотнароба и Жумабаеву Магжану – инструктору губподотдела нацменьшинств экстренный отзыв на проезд грузом, предназначенным для открывавшихся в г. г. Атбасаре и Петропавловске киргизских педагогических курсов» – деп, губерниялық революциялық комитетке жазуы тап осы кезде Магжанның губерниялық аз ұлттар бөлімінде инструктор болып қызмет істегенін көрсетеді.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде қызыл мұғалімдердің 4-айлық курсы Қызылжарда ашылып, онда Магжан Жұмабаев курс жетекшісі болып тағайындалған. Қызылжардағы курс директоры болған (1920 ж.) кезінде Мағжан тындаушыларға «Педагогика», «Киргизская словесность» және «Национальная история» пәндерінен дәріс оқыған. М. Жұмабаевтың осы кезеңі туралы Шерияздан Елеуkenov: «Қызылжарда 1920 жылы мұғалімдердің советтік курсы ұйымдастырылды. Оған әдебиет пен педагогика курсынан сабак беруге Мағжан Жұмабаев ша-

қырылды. Бірақ, көп ұзамай «Ертегі» поэмасын оқығаны үшін Кенесары мен Сыздықты дәріптедін» – деп, Мағжанды оқытушылықтан босатады» – деп жазған Ш. Елеуkenов. Қысқаша хронологияға жүгінетін болсақ, Мағжанның педагогика саласындағы еңбек жылдарын төмендегі кестеден көрүімізге болады.

I. -кесте. – Мағжанның ұстаздық қызмет жолы

Жылдар	Педагогикалық қызметі
1913-1917	Омбы мұғалімдер семинариясында оқып, оны алтын медальмен бітірді.
1918	Омбыдағы жазғы педкурста оқытушы болды.
1918-1919	Омбыдағы мұғалімдердің 2 жылдық курсының менгерушісі. Омбы уезі Полтавка селосында ашылған қыска мерзімдегі курс оқытушысы.
1920	Қызылжардағы мұғалімдердің советтік курсында әдебиет пен педагогика пәндерінің оқытушысы.
1922-23	«Педагогика» оқулығын жазып, оны Орынборда содан соң Ташкентте баспадан шыгарды
1922-1923	Ташкент. Оқу-ағарту институтында оқытушы. Қазақ-қыргыз ғылыми білім комиссиясының мүшесі.
1923-1926	Москвадағы әдеби-көркемөнер институтының тындаушысы. Күншығыс еңбекшілері институтының оқытушысы.
1929-1936	Тұтқындағы жылдары.
1938ж. 19.03.	Жазықсыз жапа шегіп, атылды.

Осы кестеден көріп отырғанымыздай, Мағжан 45-жылдық ғұмырының жартысынан астамын оқу білімге, ұстаздық, тәлім-тәрбиеге арнаған. Ақындық шеберлігінің өзін бала тәрбиесіне, оқу-ағарту жұмысына жұмсаған.

Оған оның көптеген өлөндері мен мақалаларының дәлел екенін жоғарыда атап өттік. Ақын-педагогтың әсіресе, 20-30 жылдары арасында, оның ішінде Ташкент кезеңіндегі шығармашылығы айтарлықтай. 1923 жылы Мағжан Ташкенттегі қазақ ғылыми білім комиссиясының жолдауымен Москвада жаңа ашылған әдеби-көркемөнер институтына оқуға түседі. Әрі Ағарту халық комиссары Лунчарскийдің шақырыумен астанадағы Күншығыс еңбекшілерінің университетінде сабак береді. Сонымен қатар Нәзір Төреқұлов басқарып отырган Күншығыс баспасында редактор болып қызмет істейді. Москвада болған үш жарым жыл ішінде Мағжан Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп оқиды. Мағжан сонымен қатар ағылшын, неміс тіліндегі мықты ақындардың жазу машығымен, ойлау, ыргак табу жүйесімен егжеттегжейлі танысады. Лунчарскиймен бірнеше рет кездесіп пікірлеседі.

1927 жылы Мәскеудегі оқуын бітіріп Мағжан елге оралып, сол кездегі Қазақстан басшыларына өзін жұмысқа орналастыру туралы өтініш хат жазады. Алайда, Мағжанға ешқандай жағдай жасаған емес, керісінше олар Мағжанды орыстың «смеховеховшыл» жазушыларының қатарына қосып, аластатуға тырысты. Сол жылы ол жазықсыз тұтқындалып, 10 жылға түрмеге кесіледі.

Әйтсе де, Мағжан зауал шағым туды деп жұнжіген жок. Ізденді, күресті. Түбінде әділет женетініне сенді. Алыстағы Карелия лагерінен әйелі Зылиха арқылы пролетариат жазушысы Максим Горькийге өз жағдайын баянdap, хат жолдайды. Сөйтіп ұлы гуманист жазушының және оның әйелі Е. Пешкованың көмегімен Мағжан 1936 жылы қамаудан мерзімінен бұрын босанып шығады. Абактыдан босатылып елге келген соң, Мағжан Қызылжар қаласындағы Пушкин атындағы N5 орыс орталau мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабак береді. Мағжаннан сабак беру шеберлігі жөнінде сол мектепте аз уақыт Мағжаннан дәріс алған окушысы, соңынан көп жылдар өзі де мұғалім болған Татьяна Павловна Нетесова былай дейді: «Когда Мағжан Бекенович в пер-

вый раз вошел в наш класс на урок, мы невольно засомневались, сможет ли он вести на соответствующем уровне уроки русского языка и литературы? Но, уже после первого занятия все сомнения рассеялись, а после нескольких уроков мы просто полюбили нового учителя...». Мұнымен бірге Мағжан педтехникумда да сабак береді. Ақын шын көнілден «социалистік еңбек еліне» қызмет етпекке барын салады. Осы ниетпен «Не күн туса да айнымаймын» – деп «Қаламыма», «Жамбылға» деген өлеңдерін жазады. Бірақ, НКВД маза бермеген соң, Мағжан Алматыдағы Қазақстан Жазушылар одағын басқарып отырған Сәбит Мұқановқа жағдайын айтып хат жазған. Ұлы ақынның акырғы тілегі болғандай бұл хатқа С. Мұқанов: «Алматыға келініз» – деп жауап береді. Сәбт пен Мағжн арасында күні бүнгे созылған алып қашпа әңгімеле, ел арасында әліде баршлық. Осыған байланты кейбір жағдаяттарда айта кетсек дейміз.

1922-26 жылдары Орынбор жұмысшы факультетінде, одан кейін Ленинград университеті, содан соң Мәскеудегі қызыл профессура институтында оқыған жылдары – болашақ үлкен жазушы, когам қайраткерінің өнер – білім жолындағы нағыз ізденіс кезеңі болды. «Еңбекші қазак» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет істеуі, 1935 жылы жаңадан шыға бастаған «Қазақ әдебиеті» газетіне редактор болуы, 1937 жылы және 1943-51 жылдары екінші рет Қазақстан жазушылар одағының төрағасы қызметіне тұруы – бұл негізінен жазушының әдеби еңбек жолы. Осы жылдардағы коркем әдебиетті өркендету, әдебиеттің жас кадрларын тәрбиелеу, жаңа тақырыптарды игеру, заманға лайық көлемді шығармалар беру жолындағы С. Мұқановтың жазушылық, ұстаздық, тәрбиешілік еңбегі зор. Сегіз мын жолдан астам поэзиялық мұра, жиырмага жуық роман, қазақтың кос жұлдызы Абай мен Шоқан жайында екі ірі ғылыми монография, әлденеше драмалық туынды, халық фольклоры, рухани, материалдық құндылықтары, әргі-бергі тарихы жайында құнды-құнды зерттеулер берген Сәбит Мұқанов ерен еңбеккорлығымен замандастарын да, кейінгі үрпакты да тәнті қылып келеді. Бұл орайда:

Жан сырым, халқым, маган сенсең егер.
Борышым шашымнан көп саған берер,
Жанымда шор түсер деп, аямай сал,
Мен сениң өгізімін өрге жегер, – деген жолдар жазушының
бар гұмырының, тынымсыз тірлігінің басты мақсатын жайып са-
лып тұргандай.

Бұл ретте заманымыздың көрнекті ойшылы Шыңғыс Айтматовтың мына пікірін келтіре кеткен орындыма деп ойлаймыз. «Жақсы ма, жаман ба, әділетті ме, әділетсіз бе – әр елдің меншікті тарихы бар. Сондыктан оның жақсысын асырып, жама-
нын жасыру немесе түрлі косметикалық бояудан өткізуге тыры-
су – адамзат қоғамы алдында кешірімсіз күнә. Өйткені ұрпақ өз
ата тарихын өзге елдердің даму, шарықтау, құлдилау кезендері-
мен немесе оған себеп болған сан қылы оқиғалармен салыстыра
отырып, ертенгі бағытын түзеуге мүмкіндік алады», – деп еді.
Сондыктан да болашақ үшін ел өмірінде үлкен орын алатын ірі
тұлға Сәбит Мұқанов өмірі мен өнерінің күнгейі мен көлеңкесін
салыстыра отырып, бүгінгі ұрпақ қөзімен, қазіргі заман тұрғы-
сынан баға беру, бір тоқтамға келу біздің, ұстаздар қауымының,
үлкен парызы деп түсінемін. Осыған қоса, Сәбит Мұқанов өмірі
мен шығармашылығын ежелден зерттеп, жіті бағып жүрген ға-
лым Тұрсынбек Кәкішевтың: «Тілейік, тілемейік, қазақ тарихын-
да 70 жылға созылған Кеңес заманы, социалистік дәуір болды.
Оның жақсылығынан да, жаманшылығында қашып құтыла алмайсыз, сондыктан да оны орнатқан, өркендеткен, жеделдеткен күштер мен тұлғаларды тарихтан шығарып тастай алмаймыз. Бұл
бір. Екінші, Кеңес қоғамы жаңа орнап жатқан кезде төңкерісшіл әдебиеттің туын көтеруші Сәкен Сейфуллинге сенімді серік бол-
ған, жаңа заманды қабылдамаған ақын – жазушылардың әдебиет әлеміндегі ықпалымен бел шешіп құрескен идеялық позициясы
мықты да тұракты жазушы екеу болса, бірі С. Мұқанов болды.
Сәбиттің шын жан сырын тындар болсак, онда: «Мен ол кезде
идологиялық майданда «солақай» аталатын адамның бірі бол-

дым. Өзім қаналушы таптың семьясында туып, Октябрь революциясына дейін қаналған жайда өскен адам «қанауышы» тап дегендес, «қанауышы таптан шықты» деген адамға өш болатынмын» деп ашық айтты. Оның төңкерісшіл ұранмен артық-кем сілтегені де аз емес. Ол мінезінен өле-өлгенше арыла алмай кетті. 20 – жылдардағы толассыз айтыстар, 30 – жылдардағы жалған жалалар Сәбиттің идеялық позициясын мұқалтып, негізгі принциптерден аулақтата алған жоқ.

Бұлар Сәбит Мұқановтың әдеби-көркемдік және саяси-әлеуметтік қозкарасын айқындар көрсеткіш болумен катар, оның адами-өнерпаздық өрісінің қасіреті де болды. Бір рет: «Осы қалай болып барады» деп ойланбай ілгері тарта беру кейде оқ пен оттың алдында қалдырады. Идеялық айтыс-тартысқа келгенде шамадан тыс белсенділік көрсетіп, серке болуға ұмтылуышылығы артық-кем сілтепей қоймады. Уақыт ұсынған негізгі идеялардан Сәбиттің бар бакыты мен қуанышы, категілігі мен кемшілігі туындал жатты. Жаңа заман орнату романтикасы, билікті қолға алып, ұлы мақсатқа ұмтылу пролеткульшылардың шапағатымен көп нәрсені кеуделеп, омыраулап жасатты. Оның үстіне мәдени-әдеби саладағы сабактастықты дәйекті түсіну жагы да жетіспей жатты. Таптық негізде оянған сана-сезімі асыра сілтеуге себепкер болды», – дейді. Мінекей, жазушы, күрескер, қоғам қайраткері Сәбит Мұқанов жайындағы шындық осындай еді. Көп жағдайда Сәбит Мұқановқа тағылатын айыптар: «Сәбит, қазақ зиялышарына қарсы шықты, оларды аяусыз сынады, Кенес үкіметінің жауулары...» – деген айыптар болатын. Осы тұрғыдан келгенде Сәбенді Сәкен Сейфуллинге, М. Жұмабаевқа, І. Жансүгіров пен Б. Майлинге, А. Байтұрсынов пен М. Дулатовқа тағы басқа Қазақ халхының бір туар қайраткерлеріне қарсы қойып, сынаушылар барышылық. Мұндай сын айтуға оңай болғанмен, оның түп тамырына барып, сол заманга тарихи-саяси, әлеуметтік тұрғыдан баға беру екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Бүгінгі күн төрінен сын айып, кінәләу оңай. Сұрапыл 1937-38 жылдар уақытынна алғанда басқаша. Рас, Сәбенің өзі айт-

қандай: «қанауышы»тап дегенде, «қанауыш таптан шықты» деген адамға өш болатынмын» – сол заман үшін шынайы шындық осы болатын. Бірақта С. Мұқанов ешқашанда Қазақтың талантты ақын-жазушыларының социалистік бағыттағы, сол заман ағымына сай жазылған дүниелеріне қарсы шықпаған. Керісінше оларға жағдай жасап, қорғаштап отырған, еңбектерін бағалап отырған. Оған дәлел, М. Жұмабаевқа жасаған қамқорлығы. Мағжан істі болып, қындық жағдайда жүргенінде, Сәбит Мұқановқа хат жазып, одан көмек сұрағанда Сәбен ештеңеден корықпай Мағжанды Алматыға шақырып, үйіне апарып, қонақ қылышп, жұмыс тауып беруі бұл сол заман үшін екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс еді. Сол үшінде ол партиялық билетінен айырылып, біраз құғын көргенін тарихтан білеміз. Бұл туралы Сәбеннің өзі: «Мен, Мағжанның әдебиеттегі өнерін жоғары бағалаймын. Оған мен, тек таптық тұрғыдан ғана қарсы болым. Әйтпеген күнде, Мағжандай жазатын менің өзімде, бақаларда ол кезде жоқ болатын. Мағжан өресі биік, талғампаз мәденетті ақын болатын...» -деуі Сәбиттің шыншылдығын көрсетсе керек.

Ақыры сол 1937 жылдың 28-желтоқсанында Мағжан ежовшылардың қанды шенгеліне түсті. Бұл жолы арашалайтын кісі табылмады. Мағжанның ұлтшыл, түрікшіл болуының дүниеден күдер үзіп торыгуының белгілі себептері де бар еді. Біріншіден, оның орта шаруа отбасында дүниеге келіп, тапқа, жікке бөлінбекен қазақ ауылында туып-өсуі болса, екіншіден, татар медресесінде оқып, түрікшіл, исламшыл рухта тәрбие алуы, үшіншіден, патша өкіметінің отарлау саясатын көріп өсуі оның ұлтшылдық сезімінің ерте оянуына әсер етті, төртіншіден, кеңестік қатыгез саясаттың құғынына ерте ұшырап, оған деген сенімсіздіктің қүшешеюі оның бойында ұлтшылдық, түрікшілдік көзқарасты қалыптастырыды. Ресей қол астындағы түрік тұқымдас халықтардың жүздеген жылдар бойы патша өкіметінің отары болып, ұлыорысшылдық, еуроцентристік өктемдік саясаттың салдарынан еуропалықтар мәдениет рухын себуші, ал азиаттықтар «тағы», «дөрекі», «мәдениетсіз» саналып келгені әлемге аян.

Олай болса, Мағжанның күншығысшыл, исламшыл болуы оқтемдікке қарсылықтан туған болатын. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы «Күншығысты Батыстың капиталдық бұғауынан азат ету керек» деген құйтұрқы саясатқа сеніп қалған ақын, Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет «Пайғамбары» Күншығыстан шығуы керек деген пікірге келіп, «От», «Күншығыс», «Пайғамбар», «Ақсақ Темір», «Түркістан», «Жер жүзін топан басса екен» деген өлеңдерін жазады. Шынында да, 1920-1932 ж. ж. арасында Қазақстанда адам түсіне қоймайтын қарама-қайшылыққа толы заман ағымының болғаны шындық еді. Ол азамат соғысының елді қажытуы, ақ, қызыл болып белініп күнде қанды қырғынның етек алуы, елді аштықтың жайлауы, байлардың малын тартып алып, халықты жаппай коллективтік шаруашылыққа зорлап біріктіруі, коллективизация мен ауылды кеңестендіруді түсінбеген қазактардың көрші Ауған, Қытай, Монгол, Ресей, Орта Азия елдеріне ауа қашуы, ақыры 1932 жылы 2 миллион қазақтың аштан қырылуы сияқты шытырман уақиғалар еді. Бұл тарихи трагедия туралы қазақ зерттеушілері біршама жазып келеді.

Кеңес үкіметінің алғашқы жылдардағы асыра сілтеу саясатына Мағжан ғана қарсы болған жоқ. Элихан, Ахмет, Міржақып, Мұхаметжан, Мұстафа сияқты «Алаш» партиясының көрнекті қайраткерлерінің бәрі қарсы болды. Кейбіреулері өздерінің қарсылық пікірлерін ашық білдірсе, екіншілері іштен тынды, саруайымға салынды, үшіншілері шет елге эмиграцияға кетіп, большевиктердің солакай саясатын баспасөз арқылы айыптаумен айналысты. Мәселен, «Алаш» партиясының көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсынов 1920 жылы 15 сәуірде «Известия киргизского края» газетінде жарияланған «Революция и киргизы» атты мақаласында «...Если раньше кучка людей, под именем царских чиновников, безответственно угнетала и чинила над киргизами всякого рода насилия, то такую же деятельности проявляла на окраинах кучка людей прикрываясь именем большевиков-коммунистов. Я и мои

соотечественники, не мирившиеся с таким положением раньше при царской власти, не могли мириться и теперь и, думая, что подобные дела творятся повсюду в Советской России...» – деп жазған. «Алаш» қайраткерлерінің туған халқы үшін, оның бақытты болашағы үшін арын да, жанын да қиуы тарихта тенденсі жоқ отансу йігіштік, ерлік деуге болады.

Әр дәуірдегі ғалымдар мен ойшылдардың санғасырлық тәлімдік ой-пікірлері жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары баршылық.

Мысал ретінде қазақ педагогикасы мен оның тарихын зерттеп, ұлттық мектеп пен педагогикаға үлес қосқан қазақ ғалымдары С. Сейфуллин, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, М. Шоқай, М. Тынышпаев, Н. Төреқұлов, Е. Бекмаханов, Қ. Жұбанов, С. Жиенбаев, С. Аманжолов, Н. Құлжанова, М. Жолдыбаев, Т. Шонанов М. Жұмабаев, Ш. Әлжанов, Н. Сабитов, Т. Тәжібаев, Ә. Сембаев, Қ. Бержанов, С. Мусин, А. Темірбеков, С. Қожахметов, М. Фабдуллин, М. Мұқанов т.б. есімдерін атаяға болады.

Сонымен бірге көптомдық қазақ тарихы және энциклопедиялық анықтамалар мен салалық түсіндірме сөздіктер түзілді. Яғни, қазақ азаматтары көптеген ғылым салаларында өз үлестерімен көріне білді. Еліміз егемендікке ие болғаннан бері жас ұрпак тәрбиесі, оның оқуы мен білім алу мәселесі қоғамымыздың басты проблемаларының бірі болып саналуда. Ұқылым заманынан бері ұрпак тәрбиесі күн тәртібінен түспегені белгілі. Ерте дәуірде өмір сүріп, тәлім – тәрбие мәселелеріне айырықша көніл бөліп, мәнгі ескірмейтін мәнді сөздерін болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырыған ұлы бабаларымыздың нақылдары мен фәлсафалық ойлары қазір де өзекті.

Қазақ ағартушыларының өлең жырларындағы тәлімдік мәні зор – елжандылық, өз халқының салт дәстүрін сақтау, ұлкенді сыйлау, патриоттық – батырлық туралы айтқан нақылдары бүгінгі ұрпак тәрбиесінде алар орны зор. Солардың бірі және бірегейі М. Жұмабаевтың тәлімдік, тәрбиелік ілімдері екені айдан анық.

2.4. М. Жұмабаевтың «педагогика» окулығындағы тәлімдік ой-пікірлер

Откен гасырдың 30-жылдарында қазактың ғылыми педагогикасының іргетасын қалауға үлес қосқандардың бірі – Мағжан Жұмабаев. Ол өз еңбектерінде қазак педагогикасының дербес, озіндік нақышы бар, бала тәрбиесінде ұлттық қағидалардың жетекші орын алатындығын көрсетті. Мағжан ұлттың ұлт, мемлекеттің мемлекет болып қалыптасуы үшін, ең бірінші керегі ұлт тілі мен ұлт мектебі болу керек екендігіне ерекше назар аударды. 1920-1930 жж. Мағжаннның педагогика саласында көп еңбектенген жылдары болып саналады. Осы жылдары «Бастауыш мектепте ана тілі» (Ташкент, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы» (Москва, 1925), «Педагогика», «Жазылашақ оку құралдары һәм мектебіміз», «Бала тәрбиелеу жолдары» (Ташкент, Орынбор, 1922-1923), «Саятты бол» (Мәскеу, 1926) т. б оқу әдістемелік еңбектерін жазды, әсіресе, 1922 жылы жарық көрген «Педагогика» атты тұнғыш оқулығы, Қазақстандаған емес бүкіл орта Азия елдеріндегі үлкен жаңалық болды. Өкінішке орай Қазақстанда жазықсыз жазаға ұшырап, құғындалушылар қатарында М. Жұмабаев есімі де аталып, мәдениет тарихынан уақытша болса да, сызылып тасталғаны белгілі. Олардың есімдері еліміз егемендік алғаннан кейінғанда қайта оралып, нәтижесінде М. Жұмабаевтың педагогикалық ілімдері Б. Кенжебаев, Х. Абдуллин, Ж. Бектұров, Ш. Елеуkenов, Т. Кәкішев, Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, А. Ильясова тағы басқалардың еңбектерінде көрініс тапты.

Сондай-ақ, Т. Кәкішев «Мағжан – Сәкен» атты ғылыми эссе сінде, М. Жұмабаевтың саяси өсу жолымен қатар оның әдебиетші-галым екендігін жан-жақты дәлелдеген.

Мағжаннның ұстаздық қызметі бұл галымның тікелей зерттеу нысаны болмағандықтан, тағы да назардан тыс қалды. М. Жұмабаевтың педагогика тарихындағы орнын алғаш анықта-

ған ғалымдардың бірі – профессор С. Қалиев. М. Жұмабаевтың педагогикалық-ұстаздық, тәлімгерлік ісін айқындалп, тәрбие саласындағы ғылыми еңбектерін жоғары бағалай келіп, оның қазақ терминдері мен ұлттық ғылыми педагогиканы қалыптастырудығы еңбегіне терең талдау жасаған. Мағжан рухында бүгінгі жастарды тәрбиелеудің аса маңыздылығы оқушы жастарды елін, жерін, ұлтын сүйе білетін шынайы ұлтжанды патриот азамат етіп тәрбиелеудің қажеттілігінен туындалп отырғанын атап айтудымыз керек. Оған еуромәдениетті желеу етіп өз ұлтын, ата-тегін, ана тілін менсінбей. Өз ділінен, тілінен безініп, өзгелердің жыртысын жыртып, туын көтеретін мәнгүрт жастардың көбеюі де себеп болып отыр.

Сондықтан, бүгінгі таңда Батыс пен Шығыс, Еуропа мен Азия идеологиясының қарама-қайшылық кезеңінде ұлттық идеологияны қалыптастырып, жастарды жат идеология ықпалынан аман алып қалу ең өзекті мәселе болып саналады. Эр нәрсеге еліктегіш келетін жастарды Батыстың бейресми мәдениеті мен моральдық азғындаушылық іс-әрекетінен аман алып қалудың бірден-бір жолы – ұлттымыздың тарихы мен халық педагогикасы арқылы тәрбиелеу болмақ Осы орайда халық педагогикасын ғылыми педагогикамен ұштастыра білген, сейтіп, жеткіншектерді патриоттық сезімге баулып тәрбиелеуді көздең M. Жұмабаевтың педагогикалық мұраларын зерттеп, оны орта мектептің оқу-тәрбие ісіне орынды пайдаланудың тәлімдік мәні аса зор. M. Жұмабаевтың педагогикалық еңбектерінің қазақ тілінде дербес зерттелмеуі, шығармаларындағы ұлтжандылық, отансүйгіштік идеясы оқушы жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуде пайдаланудың ғылыми-әдістемелік жолдарының айқындалмауы, тәлімдік ойларының казақ тілінде, казак мектебіне катысты педагогикалық-психологиялық негіздерінің ашылмауы, әрі тәлімдік мұраларын мектептің оқу-тәрбие жүйесінде пайдалану жолдарын қазақ тілінде қарастырған бірдей бір зерттеу жұмысының жоқтығы, оқу-тәрбие ісін зайдерлеңдіру

мен ізгілендіру дәүірінде тәрбие ісіне жете мән бермеу, ұлты-мыздың ұлы зиялышарының ұстаздық – тәлімгерлік идеяларына көніл бөлмеу мәселенің негізгі қайшылығы мен тақырыптың көкейкестілігін көрсетеді.

ХХ-ғасырдың басында қазақ зиялышар қауымы да елдегі ауыртпалықты көре отырып, отарлаудан құтылудың бірден- бір амалы білім жолы екендігін түсіне білді. Жас жеткіншектерді ұлтжандылықта тәрбиелеуде бабалар дәстүрін ұлтымыздың ұлы агартушылары А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин жаһастырса, кейіннен олардың тәлімдік ойларын А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Сералин, Ж. Аймауытов, Э. Бекейханов, С. Көбеев, Ш. Құдайбердиев тағы басқа ғұламалар ХХ ғасыр басында қазақ мектебінің негізіне қабыстыруды. Осы және басқа зиялышар халықты сауаттандыру үшін өздері окулықтар жазды, әдістемелік құралдар шығарды, шығармаларында оку-білімді насиҳаттады. Өкінішке орай, көвшілік бұл зиялышардың педагогикалық еңбектерінен бейхабар болып, тек олардың саяси-қоғамдық істері жайында ғана білді. Сол себептен де, бұлардың педагогикалық іс-әрекеттері соңғы кезге дейін терен зерттелмей, таратылмай да келді. Мағжан Жұмабаев өз еңбектерінде қазақ педагогикасының дербес, өзіндік нақышы бар, бала тәрбиесінде ұлттық қағидалардың жетекші орын алатындығын көрсетті.

Әсіресе, 1918-1926 жылдардың аралығында Мағжан Жұмабаевтың педагогика саласында өндіртіп енбек еткен жылдары болды. М. Жұмабаевты зерттеушілер оған бір жақты тоқтап, тек әдеби поэзиялық шығармашылығына басты көніл бөліп отырды. Сонымен бірге көвшілік М. Жұмабаевты тек ақын ретінде ғана біліп, оның ұстаздық дүниетанымына онша көніл бөлмей келді. Мағжаннның ақындағы туа біткен табиғи дарындылығы болса, ал әмірдегі негізі мамандығы ұстаз-педагог болған. М. Жұмабаев заманынан озып тұған педагог. Оған оның сол кездегі жазған мақалалары мен еңбектері, әсіресе, «Педагогика» окулығы куә. А.Байтұрсыновтың ұлттың сол кездегі идеялық ұстазы ретінде

білсек те, педагогика саласында алғашқы болып фундаментальды енбек жазған М. Жұмабаев деуге болады.

Ол өзінің «Педагогика» оқулығында тұнғыш рет ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқытудың тәсілдерін қарастырып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-катаинас жасаудың жолдарын ғылыми түрғыдан көрсетті. Оның озық ойлы сол кездегі айтқан тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. »Баланы заманына лайық етіп отырып, тәрбиелеу керек»-деген Мағжанның ойы бүгінгі күн үшін айтылғандай. Бүгінгі атом, компьютер, космос заманында окушы ғылымның соңғы жаңалықтарын біліп қана қоймай, оны игере білу өмір талабы. Сонымен бірге ол тәлім-тәрбие ғылымның теориялық жағына төңкерістен кейін тұнғыш терең үнілүшілердің бірі болуы Мағжан дарының тағы бір қырын көрсетеді. М. Жұмабаев орыс, батыс педагог-психолог ғалымдар енбектерін оқи отырып, сонымен бірге тәрбиенің ұлттық ерекшеліктерін ескере өзінің «Педагоика» атты оқулығын жазудағы ұстанымын былайша сипаттайды: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше казак жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмагандықтан түрлі терминдерге тап басқанда қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшага айналдырады. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздері қазақшага аударам деп азаптануды тиіс таппадым». Шынында да ол кезде қазақша педагогикалық терминдер жоктың қасы еді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері М. Жұмабаевтың әдеби, педагогикалық мұралары біршама зарттелгендігі туралы «Кіріспеде» кеңінен тоқталып өткенбіз. Ал, біз оның тәлімгерлік ой-пікірінің педагогикалық-психологиялық негіздеріне назар аударуды жөн көрдік. Алдыңғы тармақшада қарастырылғандай, Мағжан казак мектебіндегі бала тәрбиесі мен білім беру ісін ғылыми жолға қою үшін мұғалім даярлау ісіне белесене араласып, мұғалімдерге арналған «Педагогика»

және басқа да оқулықтар мен оқу-әдістеме құралдарын жазды. М. Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбектерінің бірі «Сауатты бол» кітабы. Кітап, 1926 кейіннен 1929 жылы 50 мың дана болып, Мәскеуде басып шығарылды. Оқулық негізінен ерекстерге арналып жазылған болсада, сол кездегі қазақ мектептері үшін таптырмайтын оқу құралы болды. Елдегі сауатсыздықты жою науқанына белсene араласқан М. Жұмабаев қазақ еңбекшілерін окуға, сауат ашуға шакырады.

Сондықтанда, М. Жұмабаев оқулықты қарапайым тілмен, суреттермен әр түрлі сыйбаларды қолдана отырып жазған. Өзінің айтуы бойынша «онаидан қыынға қарай үйрету» әдісін қолданған. (М. Жұмабаев). Сонымен қатар оқулықтағы мақалалар мен өлеңдер оқушылар үшін женіл, жаттап айтуға онай болуын естен шығармаған. Жалпы бұл кітап туралы сол кезде алғашқы сын айтуши Молдағали Жолдыбаев: «Не дегенмен, кітаптың шығуы аса пайдалы. Ахметтің «Сауат ашқыш», «Әліп – билеріне» қосымша саяси сауат ашатын орындардың бұл кітапты алдырулары керек-ақ» – дейді.

Осыған орай айта кететін бір ой, казіргі кезеңде мектептер үшін оқулықтар жазу ісімен қөптеген адамдар айналысада. Өкініштісі сол оқулықтардың біразы қойылатын талаптарға жауап бере бермейді. Оқушының қабылдау, ойлау қабілетімен психологиялық қасиеттері ескерілмейді. Көбіне әркім өз бетінше әрекет жасауда. Кезінде осы мәселе туралы М. Жұмабаев өзінің «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» – деген әдістемелік бағытта жазылған мақаласында: «Жазылашақ біздің оқу құралдарымыздыңда міnezі мектебіміздің міnezіне байлаулы болуға тиісті» – деп болашақ оқулықтың өмір талабына сай болуын ескертеді. М. Жұмабаевтың бұл ескерпесі бүгінгі күн үшінде өзекті екендігіне шұбә келтіруге болмас. Шын мәнінде де жақсы оқулық оқушының сабакқа деген қызығушылығын тудыра отырып, оны тәрбиелейді де. Тәрбие мәселесіне байланысты М. Жұмабаевтың жазған еңбектерінің бірі «Бала тәрбиелу жолда-

ры». Бұл әдістемелік еңбектің құндылығы – жас өспірім сәбиден бастап, ер жеткен бала мен бой жеткен қызды ұлттық негізде тәрбиелей отырып, ұлы адами қасиеттерді бала бойына қалай қалыптастыру керек екендігін көрсетеді.

Сонымен катар бала тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасындағы тәрбиеге байланысты. Осы орайда М. Жұмабаев баланың маңайындағы адамдардың да тәртіпті, тәрбиелі болуы, бала қозінше бөтен сөз айтпау, сұлу сезімдерді көрсете білуі керектігін ескертеді. Бала тәрбиелеудің жолы әр алуан екендігін көрсете отырып, М. Жұмабаев халық педагогикасының құнды жақтарын алушы мензейді. Баланың ойыны, тілінің дамуы үшін пайдалы екендігіне назар аударады. Баланың түзу, сау, ойлау қабілетінің жақсы дамуы үшін де оның құн тәртібіне, яғни таза ауада жүргүі, үйкесінде, дене- шынықтыру, тамақ ішуіне ерекше көніл бөліп, назар аударып отыру қажет екендігін ескертеді. Еңбек, ақыл-ой, эстетикалық тағы басқа тәрбие түрлерін терең орынды қолдана білгенде ғана, ұлттың ұлдарын заманына сай тәрбиелеуге болатындығын М. Жұмабаев сол кездің өзінде-ақ, айтқан-ды. Мағжанның «баланы заманына сай тәрбиелеу керек» – деген ойы бүгінгі құні де өзекті екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас деп ойлаймыз. М. Жұмабаевтың ұлттық мектепті құру, оны қалыптастыру туралы жазған еңбегінің бірі «Жазылашақ оқу құралы һәм мектебіміз»

Ұлы ұстаздың ұлт тағдырына немікүрайлы қарай алмагандығын осы бір еңбектен көруге болады. Ол «Бір елдің тағдыры мектебінің құрылышына байланысты. Қазактың тағдыры, келешекте ел болуына мектебінің қандай негізге құрылуына барып тірелді. Мектебімізді казак жанына қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады»-дейді М. Жұмабаев. М. Жұмабаев болашақ мектеп қандай болу керектігін сөз етіп, казак мектебі ең алдымен таза қазак тілінде жұмыс істей отырып, окушыларға жан-жақты білім негіздерін бере алатындей болу керектігін мензейді. Пәндерді оқытуда ғы-

лым мен техниканың соңғы жаналықтарын пайдаланумен бірге тіл, әдебиет, мәдениет ұлттық тәлім-тәрбие мәселелерін кейінге қалдырмау туралы ойларын айтады.

М. Жұмабаевтың әдістемелік бағытта жазған еңбегінің бірі «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы». Оның бұл мұрасы 1923 ж. Ташкентте жарық көрген. Мұнда ол сол кездегі тарихи жағдайдан туатын міндеттерге: 1. Бастауыш мектептің міндеті. 2. Енбек мектебінің міндеті. 3. Төрт жылдық бастауыш мектептегі ана тілі және ана тілі сабагының сабақтан тыс түрлеріне тоқталады. Оқулықтың басты мақсаты, бастауыш мектепте ана тілін оқытуудың әдіс-тәсілін мұғалімдерге ұсына отырып, ана тілін мектепте, когамда жоғары көтеру керек екендігін мензейді. Оқулық «Мектебіміз» деген алғы сөзben басталады. Мұнда, Мағжан сол кездегі казақ мектебінің тағдырын сөз етеді. Бір ғана ойдың төңірегінде сөз қозғамай, ол сол замандағы тарихи жағдайдан туатын міндеттерді анықтайды.

Нағыз ғалым белгілі бір жүйемен ойлады. Мағжанның зерттеушілік өнеріне тән нәрсе-қолға алған тақырыбының тарихи һәм теориялық бүге-шігесін барынша терең білетіндігінде. Бұған оның құдай берген кеменгер алғыр ойын, ұшқыр киялы мен сезімін қосын. Осы бір еңбектің өзінен ғана Мағжанның қазақ тілінің жетік, үлken әдіскер, лингвистика саласын терең білетіндігін байқауға болады. Мағжан ана тілін бастауыш, яғни I сыныптан дұрыс оқыту керектігі туралы арнайы сөз қозғаган. Құр ғана жалаң сөз арқылы емес, әр алуан қосымша әдіс-тәсілдерді төменгі сыныптарда кеңінен қолдану қажеттілігін көрсете отырып, сынып сайын қажетті материалдарды сұрыптау ұстанымдарына да мән берген. Ол төрт жылдық бастауыш мектепте ана тілін оқытууды жүйелеп, сыныпта қалай, қай дәрежеде оқыту керектігін баяндаған. Бірінші жылды баланың тілін дұрыс сөйлеуге, өз ойын айтуға дағдыландыру, «қысылмай сөзben жарық-қа шығаруды» ұсынады. Сондай-ақ, жаттаған өлең, сөз, көрген дүниелерін сурет қылып салып, оны сипаттап жазуға үйрету,

сахнада ертегі, әңгімелерді жатқа айтып беру керектігін жазады. Екінші жылы, оқушы тілін «өркендете» отырып, онын сурет бойынша, оқыған әңгімелерінен «даяр әңгіме» құрып, айтып беру қажеттілігін ұсынады. Үшінші, төртінші жылдары оқушы тілінің әсерлігіне, тазалығына көніл аудара отырып, талаптарды қүшетту, әдеби, мәдени тілді қалыптастыру үшін не істеп, не қою керектігін жазады. Сонымен қатар балаларға ана тілін үйретуде оқулықтың бала психологиясы мен жас ерекшеліктеріне сай жазулының зор маңызы бар.

Окінішке орай біздің мектептерімізде сапасыз оқулықтар көбейуде. Мұны дұрыс жолға коймаса, жалпы білім беруде көптеген олқылықтар болуы мүмкін. Бұл орайда оқыту үрдісінде оқулықтың алатын орны мен оның рөлін айтпаса да түсінікті. Оқушының психологиялық – педагогикалық, жас ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми тұрғыдан жазылған оқулық, бала үшін үлкен жетекші құрал болумен қатар, баланың оқуға деген ынталының арттыра түседі. Тілдің ұлттық ерекшелігі, қолданыс мәнері ана тілі оқулықтары арқылы айқын көрініс берумен қатар, ол баланың тілін ұстартып, ойын ұштап, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруды үлкен тәрбиелік қызмет аткарады деп қарайды. Сол кездегі мұғалімдер үшін бұл еңбек таптырмайтын әдістемелік құрал болды. Бұрынғы мектептегі білім беруді сынай отырып, қазір әсіресе бастауышта білімді қалай беріп, үйрету керек екендігі, оның ішінде ана тілін оқытудың әдістемесін мұғалімдерге ұсынады. Оқушыны қалай оқыту керек дей отырып, Мағжан: «Оқушы жүргегіне, ең алдымен, нақты бейне, сурет орнату керек» – дейді. Мұндайда бала біреудің айтқанын сөзбе-сөз қайталап күйіс қайырып тұрмайды, тиісті сөзін өз жүргінен суырып сөйлейді». Сонымен қатар, М. Жұмабаев барлық ескі атаулыға қарсы шыкпайды.

Оның прогрессивтік жактарын айта келе, бүгінгі жетістіктермен қабыстару керек деген ой айтады. Мәселен, «Еңбек мектебінің» баланы өмірге бейімдеуде үлкен маңызын айта келе,

оның пәнаралық және тұрмыспен байланысының маңыздылығы жөнінде: «Мектеп... бірін-біріне басқыш қылу үшін салынған» деген ой айтады. Тілді дамытуда оқушылар жиналышының да ролі зор екендігін Мағжан дәлелдей келе, «Балалардың жиылсы олардың тілін өркендетуге әдемі құрал» – деп жиналыштың рөлін көрсетеді. Жалпы, балаға тіл үйретуді оның тілі енді шыға бастаған кезден бастап жүргізгенде, бала тілі бай болады. Ал, адамның тілі «қатайған» кезде психологиялық өзгерістер енген-нен кейін оған тіл үйрету қыын болатыны белгілі. Сол себептен де оқушыға мемлекеттік тілді дұрыс үйрету үшін балабақшадан, тіпті отбасында бастаған дұрыс.

Әрине, тіл үйретуде мұғалімнің де, отбасының да үйлесімді іс-әрекетінің маңызы зор. Жалпы, қазір тіл мәселесінде айтылып жүрген ойлар көп. Батыс елдерінде тілге үйрету көбіне ересек-терге болсын, балаларға болсын ойын әдісі арқылы жүзеге асады. Ал, бізде 1 сыныптан бастап бітпейтін шұбаланқы грамматика, ұзыннан ұзақ созылған жаттығулар мен мәтіндер мектептерде мемлекеттік тілді үйренуде көп зиян келтіріп жүр. Орыс мектебіндегі оқушылардың тілдік қоры тәмен, ауызекі сөйлегенде мардымды сейлей алмаулары тілге үйретудің әдіс-тәсілінің әлі күнге дейін тәмендігін көрсетеді. Осы орайда, М. Жұмабаев ұсынған тілді ойын арқылы үйрену тәсілін бүгінгі күні әбден қолдануға болады. Мағжан дамыта оқытудың кейір элементтерін сол кездің өзінде білген. Яғни өнімді оқыту әдістемесінің негізінде оқушылардың танымдық іс әрекетін дамыту және оны үйімдастырудың тиімді жолын айқындауда Л. С. Выготскийдің «ойлауды ойлау ойламайды, адам ойлайды» деген пікірімен үндестігі аңғарылады.

Баланың ойлау қабілетінің дамуы қиялмен тікелей байланысты. Сондықтан, ана тіліне үйретуде болсын, жалпы оқытуда болсын, М. Жұмабаевтың ұстаған идеясы – баланың өз бетінше білім алу дағдысын ұштау үшін қиялын өркендету. Ол үшін әдемі ертегі, әңгімелерді, қазактың әсем әндері мен өлең жырлар-

рын пайдаланудың маңызы зор. Бала өзі көрген нәрседен қиялы арқылы сан алуан құбылыстар туғыздады. Сонда ғана бала қиялы дамып, білімі сапалы болады. Бұл жөнінде Г. А. Цукерман: «Оқытудың бірінші қадамында мұғалім баланың алдына жана тапсырма қойып, мақсатын аныктап көрсетіп, олардың оку-таннымдық белсендігін арттыру барысы дұрыс үйымдастырылса. оқушы еншісіне әрекеттегену үрдісі ғана қалады» – дейді. Қарап отырсақ, Магжанның дамыта оқыту және тәрбиелеу туралы ойлары К. Д. Ушинский, Л. С. Выготскийлермен үндесе келе. бүгінгі заманның озық идеяларымен қабысып жатқанын көреміз. М. Жұмабаевтың мұғалімдерге арнап жазған «Педагогика» оқулығының орны айырықша екендігі дау туғызбайды. Магжан өзінің «Педагогика» атты тұнғыш оқулығын жазуы арқылы жана туып келе жатқан ұлттық педагогика ғылымының ірге тасын қалаушылардың бірі болды. Өйткені ол кезде қазакта ғылым тілі әлі қалыптаспаган болатын. Магжан, біріншіден, ұлттық тәлім ғылымына тыңнан жол салумен ерекшеленсе, екіншіден, халықтық тәлімді ғылыми педагогикамен ұштастыра білді, үшіншіден, ұлттық педагогика-психологияда ғылыми тілді алғашқы қалыптастырушылардың бірі болды.

«Педагогика» оқулығында М. Жұмабаев: «Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым. Алдыма бір кітапты қойып алып желе бергенім жок. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмытылдым» – деп, өзінің ізденіс жолы мен бағытын ашиқ көрсеткен. «Педагогика» оқулығын автор орыс ғалымдарының еңбектерін ой елегінен өткізіп, қазақ халқының тұрмысына жақыннатып, ұлттық ерекшелігіне лайықтастырығанын жазған. Егер, Ресей педагогика тарихына сүйенсек, XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы орыс педагог-психолог ғалымдарының ішіндегі неғұрлым белгілі тұлғалар Каптерев П. Ф. , Вентцель К. Н. , Блонский П. П. , Рубинштейн М. М. , Смирнов К. т.б. екенін байқаймыз. Біздінше, М. Жұмабаев аталмыш оқулықты құрастырығанда осы аталғандардың еңбектеріне

сүйене отырып, қазақ халқының тәлім-тәрбиелік ерекшеліктерін де ескерген деп болжам жасауымызға болатын тәрізді. Енді осы оқулық бойынша Мағжанның педагогикалық-психологиялық қозқарастарын қарастырып көрелік. Мағжанның 1923 жылы Ташкентте шықкан «Педагогика» оқулығының екінші басылымы кіріспе және 15 ірі бөлімнен құрылған. Олар: 1. Сөз алды. 2. Жетекші сөз. Тәрбие деген не? 3. Педагогика бөлімдері. Жалпы педагогика. Дене тәрбиесі. 4. Жан тәрбиесі. Психология. 5. Жан көріністерін топ-топқа бөлу. Ақыл көріністері яки жанның білуі, әсерленуі. 6. Әсерленуді бөлу. 7. Абай. 8. Суреттеу. 9. Ес (зейін). 10. Қиял. 11. Ойлау. 12. Хұқім. 13. Тіл. 14. Ішкі сезім көріністері, яки көніл. 15. Қайрат.

Бұдан әрі қазақ оқырманына бейтаныс ғылыми терминдер мен ұғымдарға ауыса отырып, оларды жүйелі түрде баяндайды. Мағжан тәрбиенің түрлерін түрлі ғылымдар бірлігінде жан-жақты байланыста қарастыру үшін, алдымен «педагогика» деген сөздің қандай ұғымдарды, қандай салаларды қамтитынын қысқа да нұсқа түрде ұғындырады. Ол «педагогика» сөзінің этимологиялық мәнін бір-ак ауыз сөзben түсіндіре келе, оны бес салага бөліп, әрқайсысының қызметіне қысқаша түсінік берген: жалпы педагогика, дидактика, методика, мектеп басқару және педагогика тарихы. Мұның ішінде жалпы педагогиканың қызметі екі бағытта жүргізілетінін көрсетеді. Яғни жалпы педагогика баланың дене күштерін және жан күштерін тәрбиелеуге қызмет етеді.

2-кесте. – М. Жұмабаевтың педагогиканы салаларға жіктеуі

Педагогика – «бала», «жетектеу» деген екі сөзден құралған.				
Жалпы педагогика	Дидактика	Методика	Мектеп басқару	Педагогика Тарихы
Дене күштерін тәрбиелеу жолдары	Жан күштерін тәрбиелеу жолдары	Оқытудың негізгі жалпы жолдары	Белгілі бір пәнді қалай оқыту жолдары	Оқыту ісін үйімдастыру жолдары

Ол адам жанының жетілуін қайрат тәрбиесін жоғары бағалайды. Баланың қайратын тәрбиелеу жолдарына талдау жасай келіп, баланы жақсылықты көре білуге, оған жету тілегін туғызуға, сол тілекке ұмтылдыруға және сол жолға тартылып, іс-әрекет етуге баулуға тәрбиелеудің маңызына тоқталады.

Сөйтіп, Магжан қайраттың жүзеге асуын тілеу, ұмтылу, тартылу арқылы бейнелейді Одан әрі қайраттың тұлға бойындағы көрінісіне – міnezге кенінен тоқталған. Сонымен бірге бала мінезін тәрбиелеп жетілдіруде балаға тиісінше еркіндік беру, тиісті тәртіптерді сактай білуді талап ету, қойылған талапта табансыздық көрсетпуда және ір істің себеп-салдарын ұғындырып отырудың тәрбиелік маңызын ашып, мінезді тәрбиелеудің түрлі жолдарын талдап, мінезді ширатудағы қайраттың атқаратын қызметін және оның темпераментпен байланыстылығын ғылыми дәйектілікпен дәлелдеген.

Бала мінезін шығармашылықпен жетілдіруде қиялдың атқарар қызметіне ерекше тоқталған. Бұл тақырыптағы ақын-ғалымның пайымдаулары көркемсөзben барынша кестелі өріліп, қиялды ерікті, еріксіз деп екі түрге бөледі де, одан әрі қиялдың бала бойындағы ақыл, сезім, әдеп, сұлулыққа құштарлығы тәрізді қасиеттерді дамыту қызметтеріне көркем шығарма, өлең сөздері мен әдемі суреттеулер арқылы нақтылы мысалдар келтіреді. Сонымен қатар бұл тақырыптың поэтикалық стильмен берілуі күрделі ғылыми ұғымдар нақты, тұжырымды жеткізуге нұқсан келтірмеген.

Ғалым қиялдың қызметтерін ғана ашып, түсіндірумен шектелмей, бала қиялын тәрбиелеу жолдарына да біршама кенінен тоқталған. Ол, балаға ерте бастан ертегі, жыр айтып, оның тыңдау, қабылдау сезімдерін жетілдіруде және дүниетанымын дамытудың маңызы зор екендігін баяндай отырып, олардың тәрбиелік мәнін ашады. Сонымен бірге оқиға кейіпкерлеріне іштей еліккету арқылы, баланың қиялын дамыту мүмкіндіктерінің зор екендігін көрсетеді. Баланың үлкендерден естіген, айнала дүниелерден

корген әдемі әсерлері негізінде оның ойыны да қиял дамыту құралына айналады. Ал ойын, нақты затты, мәнді болу үшін балаға ойыншық қажет болатындығы даусыз. Өйткені, ойыншықтар да оз кезегінде ойын құралы болып табылады. Сөйтіп, баланың бүкіл ой-санасындағы дүниесі ойын арқылы іс-әрекет түрінде көрініс береді. Бұлардың барлығы бала қиялын тәрбиелу құралдары болатындығын М. Жұмабаев аталмыш енбекінде жақсы көрсете білген Осы арада айта кететін бір нәрсе, қандайда бір тәрбие болмасын, оның халықтық сипатының болу қажеттілігін, ұстаз-ақын еш уақыт есінен шығармайды. «Қазақ баласы үшін барлық тәрбие бастауы – ол халықтығында» – деген ойды М.Жұмабаев ерекше ескертеді. Окушы қиялын дамытуда жеке пәндердің алатын орны ерекше. Әсіресе, география, әдебиет, тарих т.б. пәндерінде әртүрлі әдіс – тәсілдерді колдана отырып, бала қиялын дамытуға болатындығын айтады. М. Жұмабаевтың бұл ойын бүгінгі күнде, де оку жүйесінде терең пайдалануға әбден болады. Яғни, сабак барысында окушыға өздік тапсырма беріп, олардың ойлау қабілеттерін дамытуға болады. Проблемалық сұрақтар коя отырып, окушыны ойландыру және сол окушыны өзіне жауап бергізуге үйрету. Өтінішке орай, мұғалімдердің көвшілігі өзінің бар білгендерін окушыларға айтып беруге тырысулары, олардың ойлау қабілетінің нашар дамуына экеп соқтырады. Міне, осы орайда М. Жұмабаевтың баланың өзі ойлап, өзінің енбектену керек деген ұсынысын бүгінгі мектептер құлақ асса оң іс болары анық.

Сондай-ак. Мағжан баланы оқытып, тәрбиелеп жетілдірудегі қиял мен естің байланысын, түрлерін және оларды жетілдірудің жолдарын да айқындаپ ашып, «Суреттеу» деп атаған. Оны іштей жіктей отырып, суреттеу ассоциацияларын көрсеткен «Суреттеулерді бет алдында бір-бірімен байлай беруге болмайды. Оның белгілі жолдары бар» – дейді де екі жолын көрсетіп береді. Жақындық. 2) Тұқымдастық ассоциациясы. Жақындық ассоциациясының өзін:

1. «Көршілестік». 2. «Замандастық» ассоциациясы деп екі түрге бөледі. «Балаға берілетін кітап ірі харіппен басылуы керек.

Әсіресе, жағрапия оқығанда балаға көршілестік ассоциациясы көп көмек көрсетеді. Картадан бала бір жерді атаса, соның жаһындағы екінші жер алдына елестей қалады» – деп жазады.

Магжан Жұмабаев абайға (зейін) яғни топшилау сезіміне ерекше көніл бөліп, оны алты түрге топтастырыған. Ол «Абайдың» байқалу сипатына қарай «еріксіз», «ерікті» деп екіге бөледі. «Еріксіз абай» адамның арнайы көніл аударуын қажет етпестен пайда болатын болса, «ерікті абай» адамның әдейі мақсатты түрде көніл аударуын керексінетіндігін атап көрсеткен. Соңғысы оку-тәрбие барысында тұракты пайдаланылады.

«Абайдың» тұрактылық сипатына қарай «табанды», «табансыз» деп бөлсе, оның пайда болу орындарына қарай «ішкі» және «тыскы» – деп, екіге бөліп көрсеткен. Галым баланың адайын тәрбиелеу жолдарын да жіктей отырып, оқыту барысында оларды тиімді пайдалану әдістерін қоса баяндайды. Магжан мұғалімдер үшін бұл мәселелерде тәмендегілерді басшылыққа алуды ұсынады. Баланың адайын ерікті және тұракты түрде тәрбиелеу үшін, педагог тараپынан берілетін әсер күшті, қуатты болуы тиіс. Сонымен қатар балаға жаңадан берілетін білім бұрынғы игерілген біліммен байланыстырылып, соған негізделе отырып ұсынылуы қажет. Және жаңадан берілетін білім, болашақта берілуге тиіс білімге әзірлік туғызардай әсер етуі тиіс. Яғни, бұрынғы игерілген, қазіргі беріліп жатқан және болашақта берілетін білім өзара сабактас, өзектес болуы шарт. Оқу – танымдық жүйеде пәнаралық байланысты жүйелі түрде жүргізіп отыруды әдетке айналдырыған жерде оқушылардың ақыл-ойы, ойлау қабілеті жетіліп, білгісі келетін нәрселері көбейе бермек. Ой-санасы, білім өсken сайын өзі де биіктей түспек. Заты, пәнаралық байланысқа негізделген оқу процесі баланың сабакқа деген ынтасын арттырып, білмегенді білуге құштарландыра түседі. Айталық, тарих пәніне бейім оқушыны географиямен байланысы қызықтырмай қоймайды... Сондай-ак, анатомия және адам физиологиясынан дәрісті ұқыпты тындаған шәкірттің, занды түрде химия және фи-

шік пәндеріне құштарлығы оянады. Асылы, пәндердің диалектикалық байланысы, таным әдістері, пәнаралық байланыс әсері оқушылардың бойында белгісізді танысам-білсем деген ынтасын оршітетініне талас жоқ. Оқушыны жеткен табысына тоқмейілсу пигылыштан сактандырған жөн. Олар бір пән деңгейіндегі біліммен шектеліп қалмай, оның генеологиялық негізі басқа пәндермен тамырласып жататынын естен шығармауға тәрбиелеу керек.

Пәнаралық байланысты сабакқа тиімді пайдаланудың практикалық мүмкіндігі ұшан-теніз. Олар: оку техникасы, проблемалық жаттығулар, есептер, кітаппен жұмыс, көрнекі құрал, оқушылар тобымен жұмыс істеудің формалары, лекция, семинар, факультатив, сыныптан тыс жүзеге асырылатын шаралар... Сонымен бірге, мынандай принциптерді үнемі табанды түрде іске асыру көзделеді: сабак белгілі бір пәннің төнірегінде томага-түйік қалмай, комплексті әдістер арқылы өтуі (білімділік, алған білімді дамытушылық, тәрбиелік мәні көзделеді); күнделікті сабак жоспарын осы сыныпты оқытылатын пәндердің зерттеу объектілерін, көтерген мәселелерін, тапсырмаларын зерттеп біле отырып жасау; мұғалім өзі сабак жүргізіп отырған пәннің әдістемелік комплексін жасағанда, оған тікелей қатысты оқулықтар мен оку құралдары, қосымша әдебиеттер мен дидактикалық материалдарды қай жerde, қалай қолдануды жоспарлағанда, пәнаралық байланыска түсетін басқа пәндердің негізгі оқулықтары мен оку құралдарынан керектілерін сұрыптаپ алып, көрнекіліктерінен аса қажеттілерін қосуды естен шығармау. Мұғалімдердің бұл саладағы ізденістері ауқымды да нәтижелі. Оқыту мен тәрбиенің өзара байланысын Мағжан естен шығармайды.

Осыған байланысты М. Жұмабаев: «...Адам баласын, әсіресе, жанын тәрбие қылу керек... Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең... Адам тілі арқасындаған жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Адамның өзін-өзі тексеруі оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға тусуіне қажетті бірінші шарт» – деп ой түье отырып, тәрбие мен оқы-

тудың негізгі ұстанымдарына да назар аударады. Ол: «Қазактың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады» – деп, орынды ой түюмен бірге, мұғалімдерге аса қажет дидактика мәселелеріне теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да ерекше көніл бөлгені байқалады. Дидактикада Мағжан Жұмабаев сол кез үшін де, бүгіндегі өз құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көніл бөледі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргендеге өткен тақырыппен байланысты, салыстырмалы түрде оқытудың берерінің молдығын дәлелдейді. «Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсан, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Мысалы, балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсан, Солтүстіктің суығымен салыстыр» – дейді. М. Жұмабаевтың бұл көнестің мәселе география сабагында колдануға болады. Я болмаса, пән аралық байланыстада колданса артықшылығы болмайды. Айтальық, тарих және география пәндерін біріктіре отырып белгілі бір тақырыпты өткізгенде салыстырмалы түрде пайдалануға болады.

Яғни, жердің географиялық жағдайын айта келе, оның тарихи жағдайымен салыстыра отырып, окушыларға түсінік берсе, сабак әлдекайда қызықты да, тартымды болары анық. Қоршаған ортамен, өмірмен, бүгінгі күнмен, әр түрлі жаңалықтармен байланыстағы оқытуды қазіргі дидактика да талап етеді. Алайда жасыратыны жоқ, көптеген мұғалімдер бұл зандылықты дұрыс орындаі бермейді. Осыдан кейін педагогиканың зандылығы бұзылады. Зандылық бұзылды дегенше бар тәртіп, реттілік, білім беру жүйесі бұзылды деу керек. Қебіне мұғалімдердің айтатыны: «Балалар оқымайды, ауыздарын ашпайды, әбден жалқауланып алды» – деген сөздер осыдан келіп шығады. Осы сөздерді айтатын мұғалім әлсіз, дәрменсіз. Өйткені, мұғалімнің шеберлігі мен кереметтілігінің өзі сол – оқымайтын баланы, тыңдамайтын, «тәртіпсіз» баланы тындатып, тәрбиелеуде.

Жасыратыны жоқ, көптеген мұғалімдердің шығармашылық ізденимпаздығы жетіспейді. Әлі күнге дейін бізде енжарлық,

жалқаулық етек алған. Проблемалық оқыту, оқушылардың логикаларын дамыту, жүйелі түрде ғылыми білім беру, сарапап оқыту жолдары жоктың қасы. Оқушының өздік білім ауда еркіндік бере отырып, қандайда бір қағидаға көзін жеткізу, міне оқытудың бүгіндегі ен үлкен тәсілі осы болуға тиісті. Бұл істе Мағжаннан үлгі алуымыз керек. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық қызыметіне тоқталғанда оның ұстаздық шеберлігін айтпай қоя алмаймыз. Ол туралы 1922 жылы Мәскеу Құншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқыған Бейсенбай Кенжебаев: «Қазақ тілі, қазақ әдебиетін М. Жұмабаев оқытқан еді... Ол ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Мысалы, ол шәкірттеріне «Өздерің білген бір ертекті жазып келіндер, соны класта оқып, бәріміз бірге талқылаймыз» – деп, тапсырма береді.

Сөйтіп, ол бізге әрі әдебиетті, әрі дұрыс жазуды, әрі шыгарма жазуды үйретті... Мағжан сабак өтіп жатқанда ешқандай қағаз пайдаланбай суырып салма әдісімен өз ойын ортаға салып, оны өлеңдер, мақалдар, шыгармалардан үзінділерді жатқа оқып дәлледеп отыратын» – деп тебірене еске алады. Мағжанның тағы бір тоқтаған тақырыбы «Ес» туралы. Есті төрт түрге бөледі. «1. Көру еси. Бұның мысалын жүргізушілерден көруге болады. 2. Есту еси. Музықанттарда басым. 3. Қозғалу еси. 4. Естің адам өмірі үшін қажеттілігі – жоғарыдағы ес түрлерін құнделікті тіршілікте әр адам қажетсінеді». Мағжан осыларды аша отырып, естің өркендеуі үшін оның қажетті шарттарды атап көрсетіп, оларды өзінше топтап карастырған Ғалым бұл жерде де есті және есте сактауды жетілдіру үшін оған тигізілетін әсерлер мен алынған білімдердің атқаратын қызметтеріне талдау жасаған.

1. Әсердің күшті болуы. Әсер күшті болса, естің қабылдауын күштейтеді. Әсерді күшету үшін естің бірнеше түріне ықпалын тигізетін амалдарды көбірек қолдану керек болады.

2. Білімді менгеруге сыртқы сезімдердің көбінің қатынауы. Сыртқы сезім мүшелерінің бірнеше түрі қатарынан белсенді қа-

тынасқан жағдайда баланың еске сактау қабілеті әлдеқайда арта түсетіндігіне Мағжан «Гүл» туралы мысал келтірген. Онда балаға гүлдің өзін, жапырағын, сабагын көрсетіп, оның түсі, түрі туралы мағлұмат берілсе, көру есінде жақсы сақталатынын айтады.

Енді гүлді балаға иіскетсе, иіс есінде қалады. Егер гүлді балаға ұстатьп, гүлін, жапырағын, сабагын сипатып көрсетсе, терімен сезіну есінде сақталады. Ал гүлді аузына салып, татып көрсө, дәм сезу есінде сақталады. Сөйтіп, түрлі сезім мүшелерін қатысқан нәрсе туралы бала жан-жақты мәлімет алумен бірге, оны ұзак уақыт бойы ұмытпастай есте сактай алатындығын дәлледейді.

3. Жаңа білімді бұрынғы біліммен байланыстыру. Есте сактауға тиіс нәрсе туралы бұрынғы мәліметтерді жаңа мәліметтермен салыстыру арқылы олардың өзара ұқсастықтары немесе айырмашылықтарын ажыратып білу де еске сактауды күшеттеді. Сабак барысында әрқашан жаңадан менгерілетін білім өткен сабакпен байланысты болмаса, шын мәнінде сабак нәтижесіз болады. Осыны Мағжан дұрыс ескеріп, оған да накты мысал ретінде балаға кез келген бір ертегіні қалай түсіндіру керектігін дәйекті дәлел ретінде келтірген.

Педагог-ғалым баланың өмірі үшін ертегінің маңызы ерекше екендігін айтумен бірге, ертегінің тәрбиелік мәнін ашып, оны баланың есінде ұмытпастай сактау амалдарын көрсеткен. «Бала ертегіні жан тәнімен тындаиды. Ертегіге шын көнілмен нанады. Бала құрғак ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсөң, ұғады. Мысалы, балаға «өтірік айтпа» деген құрғак сөзін желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсөң, міне, бала өтірік айпау керек екендігін сондаған ұғады», – дейді М. Жұмабаев. Пысықтау. Баланың жаңадан алған білімін бекіту үшін оған сұрақтарға жауап қайтаруы, білгені туралы қысқаша мағлұматтар беруі жатады. Пысықтау баланың есте сактау қабілетін арттырып, бекі-

теді. Сонымен бірге жаңа сабактың қай дәрежеде менгерілгенін байқатады. Пысықтап бекітілген білім негізінде мәселеге байланысты боланың өзіндік ойы пайда бола бастайды.

Мағжанның ерекше токталған мәселесі-тілдің ұлттық сезіммен байланыстылығы. Ол туралы: «Қазак тілінде қазактың сары сайран даласы, бірсесе желсіз түнде тымық, бірсесе құйындағы екпінді сары далада, үдерес көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр» – деп, тебірене, шабыттана жазған. Осымен байланысты Мағжан бала тіліне отбасында аса ұқыптылықпен қарау қажеттілігі туралы: «Кейбір адамдардың боланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұктырам деп, яки боланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжандап, сақау болып сөйлейтіндер бар. Бұл – зор қате» – деп, одан сактандыра жазған. Сонымен қатар: «Боланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп» – деп, мектептің бала тілін ұстартып, қалыптастырудагы қызметіне баса мән бергенін толық құптаймыз. Өкінішке орай, кенестік кезеңде қазак тілі отбасылық деңгейге дейін төмендетіліп, ол ауылдық жерлерде болмаса, қалалық мектептерден барынша ысырылғаны тарихи шындық. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері ғана бұл мәселе қайтадан он шешімін таба бастады. Тіл мен қоғамның өзара тығыз байланысы-екі жақты байланыс. Біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. Тіл жоқ жерде адамдардың қоғамда бірлесіп енбек етуі, қоғамдық өндірісті ұйымдастыруы, оны дамытуы мүмкін емес.

Демек, тіл адам баласы қоғамының өмір сүруінің жәке дамуының қажетті шарты. Екіншіден, тіл-қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам тілдің өмір сүруінің шарты. Үшіншіден, тіл-ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырагысыз белгісі. Ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық, қызметімен тығыз байланысты. Тіл, тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құалы. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғыны-

лады. Демек, ойлау мен тіл, бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді. Яғни, тіл-пікір алысу құралы, ойлаудың каруы. Тіл, біздің ойымызды қалыптастырып қоймайды, сонымен бірге адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін сактауға және оларды ұрпактан-ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді. Магжанның келесі бір сөзін әрбір қазақ үйінің, әрбір қазақ мектебінің маңдайшасына жазып койса, артық болмас еді.

Ол мына сөздері: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиستі». Осы айтылған сөздің мағынасын окушыларға міндетті түрде түсіндіру керек. Алдымен ұлттың негізгі белгісінің бірі – тіл екенін балалардың есіне салу. Ақынның жоғарыда көрсетілген сөздерімен таныстырып, ойымызды әрі қарай жалғастырамыз. Ұлт пен тілдің арасындағы тығыз байланысты түсінуге Магжанның келесі сөзі көмектеседі: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады». Шынында да, тіл, халықтың тарихы, шежіресі, халықтың барлық өмірінің жаңғырығы мен ізі, одан сол тілді жасаушы халықтың барлық өмірі мен үміті, қайғысы мен қуанышы, барлық рухани өмірінің үні естіліп тұрады. М. Жұмабаев тілдің осы бір қасиеттері жайында былай деп жазады: «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, бірсесе желсіз тұндей тымық, бірсесе, құйындан екпінді тарихы, сары далада ұдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын, сабырлы мінезі-бәрі көрініп тұр». Осыған орай, орта және жоғарғы мектептің мақсаты – қазақ тілін қазақ халқының тілі ретінде оқыту, тілдің қоғамда атқаратын барлық қызметін көрсете білу. Бұл жерде маңызды талаптың бірі мынадай: тіл жүйесі арқылы халықтың танымын, басқа халықтармен қарым-қатынасын түсінуге үйрету.

Тілді тек жалан грамматикалық схема ретінде емес, ғасырлар бойы жиналған халықтық, философияның, психологияның, педагогиканың, тарихтың жинағы ретінде құрастыру кажет. Қазақ халқының тілін үйрену – сол халықтың қоршаған ортаны игеруін

түсіну деген сөз. Халықтың тілін үйрену – сол халықты тану, оның ербір тобының – жұмысшының, ақындардың, интеллигентияның, қарапайым шаруаның қалай сөйлейтінін білу. Мағжанның тіл туралы ойларын негізге ала отырып, біз қазақ тілін терең түсініп, жақсы игерудің бірнеше жолдарын ұсынамыз:

1. Сөз төркінің қоғам тарихына байланысты зерттеу.

Сөздің шығу тарихы оның халық өмірімен тығыз байланысты скенін көрсетеді. Мысалы, мынадай сөздерді алайық: шындық, қайырымдылық, махабbat, әсемдік, заң т.б. Бұл сөздердің шығу төркінін біз ауыз әдебиетінен, діни, философиялық шығармалардан, көркем әдебиеттен іздейміз. Бұл ізденіс халықтың жақсылық, жамандықты, имандылықты, қайырымдылықты қалай түсініп, уағыздағанын, осы қасиеттерді бала бойына қалай сініргенін көрсетеді.

2. Жер-су аттарын, есімдердің сырын ашу, олардың шығу тарихын зерттеу. Осы атаулардың тарихын білу өз елін, жерін қадірлеуге, сүйе білуге ықпалын тигизетіні даусыз.

3. Тілдің мәдени және тарихи жактарын оқыту. Мысалы, мектепте мынадай тақырыптарды алуға болады: «Қазақ халқының рухани өміріне байланысты сөздер мен сөз тіркестері». Мұнда сенім, махабbat, отан, күнә, обал, кешіру, даналық. т.б. сөздері оқытылады. Сонымен қатар, кейбір тақырыптарды оқығанда, әртүрлі атауларды бір жүйеге келтіру де қолға алынады. Оған мысал, «отбасы», жанұя» деген сөздер. Шәкірттерді өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу-жалпы тәрбиенің басты бір элементі. Мағжан Жұмабаевтың тағы бір тоқтап зерттеген тақырыбы «Ішкі сезім, яки көніл көріністері». Ол оны 13 тармақшаға бөліп, әр тармақша туралы толық мағлұмат, әдістемелік ұсыныс-пікір берген. Бала сезімдерінің дұрыс дамуы үшін ата-анасының дұрыс тәрбие беруі керек екендігі туралы: «Ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Баланың маңындағы адамдар да дұрыс мінезді болу керек» – деп, дұрыс пайымдау жасаған. Бұл жердегі Мағжанның ата-ана тәр-

биесі туралы ой-пікірлері ұлы ойшылдармен астасып жатқанын байқаймыз.

Мәселе, Абай балаларына ақылын, әдептілігін бере білді. Абай балаға ата-ананың ұрсы, ашу шақыруына қарсы болып: «Балаға ақылын бермей, ашуын бұрып берген атадан бала үлгі ала алмайды. Ол да ашууланады» – деп жазған болатын. Ал, К. Д. Ушинский бала тәрбиелеу жөнінде: «Баланы алдама, қолдан келмейтін істі орындаимын деп ешқашан уәде берме» – деп, орынды ескерткен. Бала бәрін анғарады, түсінеді. Балаға жалған уәде беру, алғашқыда баланы қуантады, орындалуына сеніп қалады. Ал, уәде орындалмаған соң, баланың алғашқы қуанышы басылады, алдағаныңды сезеді. Енді сенімсіздік пайда болады, сыйламаушылық туады. Бала жаман дағдыға – алдауға, етірік уәде беруге дағдыланады. Осындай жаман әдет баланың келешегіне зиян келтіреді. Демек, әрбір ата-ана баланы осындай жаман әдеттен сактағандырганы дұрыс. Ата-ана баласының бақытты болып өскенін қалайды. Баланың бақытты болып өсуі – ата-ананың қуанышы деп қарайды. Ол жөнінде К. Д. Ушинский былай дейді: «Адамды бақытты етіп тәрбиелегісі келсе, онда бақыт үшін тәрбиелемей, еңбек өміріне дайындау керек». Сонымен бірге Магжанның ұстаздарды, яки тәрбиешілерді: «Баланың нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына ешкім айтпай, корқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға маҳабbat, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана әсер етуі мүмкін» – деген сөзін бүгінгі айтылып жүрген ынтымактастық педагогикасы қағидасының негізі болып саналады деп ойлаймыз. М. Жұмабаев сонымен бірге үлкен әдіскер-ғалым. Ол: «Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төпеп, түрлі білімді бір түрлі айта берсе, бала мезі болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруге емес, еппен, басқыштап білдіруде. Сабак оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті.

Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қаратада алады. Сабак үстінде балалардың ойнауы, тыныш отырмауы бір-бірімен

сойлесулері мұғалімнің жинақы, жігерлі бола білмегендігінен» – дейді. Мағжанның әдіскерлігінің өзі міне осында жатыр. «Бала оқымайды» – деп, баланы кінәлауға дайын тұратын мұғалімдер Мағжаннан әлі де үйрену керек деп білеміз. «Сұлулық сезімдері» – деген бөлімде педагог адам тек сырт сұлулығымен емес, ішкі сұлулығымен ұнамды, сүйкімді болу керек дейді. Осы орайда кейбіреулердің бет әлпетін түзеп, сырт көзге онды көріну үшін ғана өтірік құліп, майда сейлеп, ал, шын мәнінде екіжүзді мінезі бар, опасыз адамдардың шығуы да осы мектеп пен ата-ана тәрбиесінің олқылығында жатыр ма деген ойдамыз. Автор осы орайда ән-музыка, сурет, поэзияның орны ерекше екендігін айтады. «Тәрбиешінің міндеті – балада искусствоның қандай түріне ынтасты бар екенін тауып, сол ынтасын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету» – дейді де, оған жетудің жолдарын саралап береді. Педагог-галым қызы баланы тәрбиелеуде әйелдің, аナンЫң рөлінің зор екендігіне де ерекше тоқталған. Көбіне-көп қызы бала тәрбиесі анасына байланысты.

Сол себептен ана балаларының көзінше өте әдепті, мәдениетті, үлгілі болуы қажет деп біледі. «Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны ілсерсін» десен мақалдың тегін шықпауы да осыдан болар. Сондықтан, бала тәрбиесіндегі адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу, тартымды болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты қөріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады. Мағжан бұл ойларын әрі қарай ұластырып: «Бала түрлі музыка құралдарының үндерін тыңдасын, сурет салып үйренсін» – дейді М. Жұмабаев. Өзінің осы мәдениет, сұлулық, ізгілік туралы ойларын «Құлық сезімдері» деген бөлімде одан әрі дамыта түседі. Ол қазақ халқына басқа халықтың жақсысынан үйрен, сөйтіп көтеріл дейді. «Басқа халықты, жалпы адамзатты сүй, – деген өситет айтады – Адам шын ізгі адам боламын десе, халық ісі, халық пайдасы жолында құрбан бола білсін», – дейді. Оның накты үлгісін Мағжанның өз өмірінен көреміз.

Мағжан Жұмабаев кітабының соңғы бөлімін «Баланың жалпы жаратылышына» арнаған. Бұл бөлім бүкіл кітаптың корытынды

бөлімі іспеттес. Оқулықтың бала жасына сай және бағдарламаға сәйкес жазылу қажеттілігін мензейді. «Халықтың, мемлекеттің тағдыры өз мектебіне байланысты, оның құрылышына сай келу керек» – дейді М. Жұмабаев. Өкінішке орай, қазір біздің елімізде ұлттық мектепті қауыптастырудың бір тұтас ғылыми дәйектелген жүйелі тұжырымдамасы жок. Бірсек Ресей, не болмаса Еуропа елдерінің оку-агарту нысаналарын көздесек, бірде Түркияға көз тігеміз. Казактың кеменгер ұлтжанды азаматы М. Жұмабаев: «Соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сініп бара-ды. Еліміздің саяси ынтымағы ћәм шаруашылық тұрмысын жана жолға коймақшы болғанда да, біз еліктеу ауданында тұрамыз. Қазак жанын қайшылап отырып жат қылышқа салмақшымыз.

Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру, яки жана қалып жасау тәжірибесіне кірісуіміз қарадай коркытады» – деп, бұдан дәл 80 жыл бұрын батыл да ашық айтқан болатын. Ұлттық идеологиясыз егемендіктің іргетасы берік болуы мүмкін емес. Егер осыны ескермесек, отансыз космополиттер мен мәңгүрттерді тәрбиелеп шығаруымыз мүмкін. Бүгінгі қазақстандық педагогтар нағыз ұлтжанды азамат М. Жұмабаевтың жоғарыдағы ойын басшылық-ка ала отырып, ұлт мектептерінің моделін жасауды, ондағы тәрбиенін біртұтас мемлекеттік тұжырымдамасын тұзуді ойластыру керек. Оған тәжірибелі мектеп мұғалімдері мен педагог-галымдар, философ-социологтар, дін басқармасы мен мәдени-агарту мекемелерінің басшылары тартылып, бір кісідей атсалса он іс болары анық. Ұлттық сананы қалыптастыруда қоғамдық пәндер, әсіресе казақ әдебиеті мен Қазақстан тарихы, әдеп, мәдениеттану, әскери іс пәндері маңызды рөл атқарады.

Сондықтан, ол пәндерді ұлттық намысты қорғаушы батыр ұл-қыздардың ерлік істерін насихаттау, мектеп қабырғасында жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында пайдалану мәселесіне баса көніл бөлуге тұра келеді. М. Жұмабаев, шет елдер, оның ішінде Ресей тәжірибесіне – бұрынғы есқі мектептің оқу ісіне де көз сала отырып, оның жақсы жағын қабылдау қажеттілігін

де ескерткен. Әсіресе, 20-шы жылдардағы Еңбек мектебінің іс-тәжірибесін жоққа шығаруға болмайтындығын айтады. Шын мәнінде оқушыны еңбек арқылы тәрбиелеу, еңбекке үйрету мектептің бала тәрбиесіндегі басты ұстанымдардың бірі болуға тиісті екендігін Мағжан жақсы түсінген. «Педагогика» оқулығында М. Жұмабаев оқыту үрдісінде еңбекті дұрыс ұйымдастырудың маңызының зор екендігін айтады. Оқу да – үлкен еңбек. Оқушының өзін логикалық, ойлау проблемалық жағдайлар туғызу арқылы оқытсақ, оқушының ойлау қабілеті, білімі анағұрлым тинақты да, сапалы болары сөзсіз. Мұғалімдердің, әсіресе, жас мұғалімдердің оқушыларға барлық ситуацияларды шешіп алушарына көмектесуі, проблемалық оқыту шеберлігінің төмендігі оқушыларды енжарлыққа, шала сауаттылыққа жалқаулыққа итеретіні рас. Бүгінгі өмірде Қазақстан көп салалы нарықтық экономикага қадам басып отыр.

Ендеше ертеңгінің маманы, осы нарық экономикасын-сармандық бизнес пен экономикалық теорияны жақсы білуі қажет. Ол үшін оқушыларды жас күнінен, бүгінгі таңда өмір сүрудің басты құралының бірі еңбек етіп, ақша табу екендігіне үйрету. Күні бүгінге дейін оқушы даяр білім алумен шектеліп, мұғалімнің айтқанын ғана қабылдап келді. Өз бетінше ізденіп білім құмаған оқушы еңбекке дәрменсіз болмақ. Оқушыларды еңбекке баулудың бір жолы-экономикалық білім беру. Өкінішке орай, біздің мектептерімізде бұл пән базистік жоспарға да енбеген.. Қазак «баланы жастан» деп тегін айтпаған. Тіпті мектепке дейінгі балабақшалардан бастап, жас бұлдіршіндердің бойында ұқыптылық пен үнемділіктің қағидаларын енгізе берсе, күні ертең олар өз еңбектерін, байлықтарын үнемдеумен қатар өмірге, оның құндылығына басқа көзben қарайды. Сол байлықтың қандай еңбекпен, термен келіп жатқандығын жақсы түсінеді. Бұл орайда ұлы Абайдың: «Еңбек етсөң ерінбей, тояды тіленбей» – деген өсімет сөзі ерекше ойландыруға тиіс.

Сол себептен Білім және ғылым министрлігі оқушыларға бүгінгі таңда нарық экономикасына сай білім беру тұжырым-

дамасын жасай отырып, жалпы нарыктық экономика дәуіріндегі білім берудің ерекшеліктеріне назар аударып, ұлттық білім берудің концепциясын қабылдағаны өте дұрыс деп ойлаймыз. Мұғалімдердің экономикалық-материалдық жағдайының және экономикалық білім деңгейлерінің төмендігін ескерсек, болашак ұрпактың тағдыры не болатындығына көз жеткізу онай.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕГІ КӨРІНІСІ

3. 1 М. Жұмабаевтың педагогикалық енбектеріндегі психологиялық көзқарастар мәні

Педагогикалық психология-ғылымда ерекше орын алатын саланың бірі. Психология ғылымының бүл саласы XIX-ғасырдың 2-ші жартысында Еуропада, кейіннен АҚШ пен Ресейде белен ала бастады. Баланың ана құрсағынан бастап есейіп ер жеткенге дейінгі есіп жетілуі, қалыптастыруы, әлеуметтік ортага бейімделу т.б. міне, осы мәселелер сол кездегі психологтарды да көп ойландырган болатын. Америка, Ресей психологтары осы мәселелерге үлкен үлес қосып, құнды мағлұматтар қалдырып кеткен болса, XX-ғасырдың басында көшпелі қазақ топырағында елінің ертені-болашақ балалар үшін психологияның осы саласына қатысты жәйіттерді алғаш көтерген М. Жұмабаев еді. Көрнекті педагог ақын өз енбегінде психологияға ерекше мән береді, ол атапананың тәрбиесінің басты парызы баланың жан дүниесін, психикасын, оның дамуы мен өзгеруін жақсы білу деп санайды. Бүл орайда баланың бүкіл өсу процестерін байыпты зерттеп, жүйке жүйесін, оның дамуын, баланың сезім мүшелерінің атқаратын қызметі мен алатын орны жеткілікті талдайды.

Дарынды ұстаз «психология-адам жаңының жайын, жан тұрмысын, жан көріністерін, жан күштерін, ақыл-кайрат, көнілдің

жайын баяндайтын пән» деп анықтама береді. Бұл еңбекте Мағжан педагогикалық, психологиялық ұғымдарға жүйелі түрде ғылыми талдау жасап, түсініктеме берген. Мәселен, педагогика мен психология ғылымына байланысты әр бір жаңа тақырып, жана термин, жаңа ұғымдарды түсіндіруде қазақ халқының психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мысалдармен түсінідіріліп, күрделі ғылыми ұғымдарды жеңіл жолмен мәнгерту көзделген. Мысалы, кітапқа жазған сөз басында М. Жұмабаев: «Бала өмірі тәрбиеден басталады. Сондыктан да болар, «баланы жастан» деп қазақ тегін айтпаса керек» -д еп, мәселеге өз оқырманың қазактың халықтық педагогикасы тұрғысынан әзірлеп алуды көздейді. Психология пәніне өте кең орын беріп, барынша зер сала қарастырады және ғылымның бұл саласында да терең білімдарлық танытады. Оның жан қуаттары жайлы пікірлерінде дала өмірі мен қазақ зияялышарының туындыларын, ұлттық психологияның бояу нақышын шеберлікпен пыйдалана білгені де құптарлық.

М. Жұмабаев «психология» деген сөзді «жан тілі» деп аударып, психология «жан туралы пән» дей отырып, «баланың жаңын жақсы тәрбие қылу үшін жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай-ақ оның істерін, көріністерін жақсы тексеру жетеді» деп белгілейді. Мұнда психология пәні нені зерттейді, не үшін керек деген сұраптарға тоқтала отыrap, мына мәселелерді қарастырады: Жан көріністерінің дене көріністерінен айырмашылығы: жан көріністерін үйрену жолындағы өзін бақылау; жүйке (нерв) жүйссін өсіру; жүйке жүйесінің қызметі; белсененділікті сактау; мидың қажуы; оны тыныштандыру. Жан көріністері ақыл және ішкі сезім болып бөлінеді. Ақыл көріністері: әсерлену ұғымының пайда болуы. Бұл мәселенің барлығын ұлттық психологияның тұрмысында қарастыруға ұмтылған. Адам бойындағы психологиялық көріністерді сипаттауда іскерлік, суреттеу, тұқымдық ассоциация, ес, зейін, қиял, ойлау, ой шығару, тіл т.б. кеңінен тоқталып, оларға қарапайым анықтама, түсіндірмелер беріп, ол үшін қандай жаттығулар жасау қажет екені жөнінде біршама ке-

нен береді. «Адам» ұғымы барлық адамдарға тән ортақ сапа-қасиеттер мен ерекшеліктерді сипаттау үшін қолданылады. Адам баласы туғанда өзге тірі организмдерге қарағанда өте әлсіз әрі нәзік болып келеді. Соған орай ата-анасы баласының адам болып жетілуі үшін бағып-қағып, қамкорлық жасап, өсіп-дамуына жәрдемдеседі. Бұл туралы көрнекті қазақ ақыны, көптеген педагогикалық еңбектердің авторы М. Жұмабаев былай деп атап көрсеткен: «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда, адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады.

Малдың төлі тұа сала аяқтанады. Тауыктың балапаны жұмыртқадан жарылышымен жүгіріп кетеді. Ал адам баласы туғанда інгәлаган айқайы мол бір кесек ет. Ақылы-есі жоқ. Мінекей, адам баласы осылай өте әлсіз бол туып, аса баяу өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни, оған тәрбие қылмай болмайды». Осылайша, бізге адам баласының дүниеге ак қағаздай таза, коршаған ортада болып жатқан түрлі құбылыстардан хабарсыз болып туатыны мәлім. Адам нақтылы бір табиғи және саяси-әлеуметтік ортада өмір сүріп, жетіледі. Яғни, ол – қоғамдық дамудың нәтижесі болып табылады. Адам өзіне тән адами сапа-қасиеттерін тек қоғамдық-саяси ортада, яғни, адамдардың арасындаған қалыптастырып, дамытады. Қоғамдық құрылымдағы басты құндылықтар оның мінез-құлқының, сана-сезімінің, адамдарға және табиғатқа деген қарым қатынасының, талғамының және т.б. қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізеді. Қоғам, ата-ана және өзге де саяси әлеуметтену агенттерінің жүйесі адамның саяси-әлеуметтік санасы мен көзқарасын қалыптастыруға, саяси бағыт-бағдары мен ұстанымдарын жетілдіруге, саяси әлеуметтенуіне атсалысады.

Бұл ретте қазақ зиялдысы М. Арын: «Грек ғұламаларының айтуына қарағанда, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс. Біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білуі қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең менгергені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың

дәстүрін толық бойына сініруі тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындаі білгені абзal. Бесіншіден, сол ұлт мекендереген жердің ой-шұңқырын жақсы білуі парыз. Білікті ғалым өз пайымдамасын одан әрі былайша түйіндеғен: «Адам дүниені тануды, өмірді тануды, ен алдымен, өзінен бастауы керек. Бұлар туралы әңгімелеп отырғандағы мақсатымыз – ұлттық қасиеттерімізді осы бес сипат арқылы танып-білу.

Тану дегеніміз аяқталатын процесс емес. Өзімізді өзіміз танығанда өзімізді таныту үшін тануымыз керек. Біздің жақсы жақтарымыз да бар, осал тұстарымыз да жеткілікті. Соның күшті жақтарын, яғни ұлттық қасиеттердің бүгінгі талаптарына сәйкес келетіндерін түгелдей іріктең алып, соны байытып, дамытып, басқаларға тарату арқылы өзіміздің ұлттық деңгейімізді көтере білу. Өзіміздің жақсы қасиеттерімізді басқаларға танытқан кезде жетіспей жататын тұстары болса, онда басқа ұлттардың тамаша қасиеттерін бойымызға сініру үшін де өзімізді тануымыз керек. Сонымен, адам – жер бетіндегі тірі организмдердің жоғарғы салыны, саяси-қоғамдық қатынастардың субъектісі мен объектісі. Осы тұргыдан алғанда адам бір мезгілде қоғамдық-саяси қатынастардың ықпалының объектісі әрі оларды жүзеге асыруышы субъект болып табылады. Бұл жерде «субъект» және «объект» үғымдарына түсінік бере кетейік. Субъект (латын тілінен «негізінде жату» деп аударылады) деп – қоғамдық-саяси құрылымда саяси іс-шараларға белсене қатысатын, басқалардың санасы мен көзқарасына ықпал ететін, саяси қатынастарға өзгерістер енгізетін жеке адамды немесе әлеуметтік топты айтамыз. Ал, объект (латын тілінен қарсы қою деп аударылады) деп субъекттің танымдық және басқа іс-әрекеті неге бағытталса, соны айтады.

Педагогика оқыту, білім беру және тәрбиелеуді жүзеге асыратыны мәлім. Ал, бұл мақсатта бала психологиясын білу әбден керек. Логика баланың ойлау жүйесін дамыту үшін қажет. Ал әдеп баланың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынас тіршілігіне тәрбие-лейді. «Баланың жанына жақсы тәрбие қылу үшін жанды көзben

көріп, қолмен ұстамай-ақ, оның істерін, көріністерін жақсы тексеру арқылы қол жетеді» – деп, оны өмір тәжірибесі мен теориялық пайымдаулар арқылы анықтауға болатындығын көрсетеді. Ол адамның психикалық құбылыстарын ғылыми жолмен байыптаі отырып, оны тудыратын материалық субстрект екендігін ғылыми түрғыдан дәлелдейді.

Оқулықтағы мидың жұмысы, нерв жүйесінің қызметі туралы пайымдауы оның психология, педагогика ғылым салаларымен қоса адамның физиологиясын да терен білгендігін көрсетеді. Мағжан бала темпераментін ғылыми психология бойынша сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик деп төртке бөліп, олардың әрқайсысına қазақ баласына түсінікті тілмен анықтама берген. Баланың міnezі, жаратылысы, табиғаты туралы қазақ ұғымына түсінікті, жатық баяндаған. Ойдың пайда болуын зерттей келе, оның жасалу жолдарын Мағжан психологиялық түрғыдан ой шығарудың үш түрлі жолын көрсетеді: 1. Дедукция. 2. Индуksия. 3. Аналогия. Міне, осы үш түрлі ой шығарудың жолдарын әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азamat болуы үшін осы ұғымдарды жақсы білудің қажеттілігін дәлелдейді. Баланың жақсы оқуы үшін оның ойлау қабілетінің жетік болуы қажет. М. Жұмабаев ойлауды үш бөлімге бөле отырып, әрқайсысина мысалдар келтіре жазады. Ол ойлауды ұғым, хұқім және ой шығару арқылы түзілетінін көрсетеді. Мұның ішінде ойдың жалпылығы, дерексіздігі, деректілігі, категориялары т.б. ұғымды білдіреді. Ойдың жасалуы, көлемі, сын-сипаты, ие мен айтылыс арасындағы байламы т.б. хұқімді білдіреді. Ойдың дедукциялық, индуksиялық, аналогиялық сипаттары ой шығаруды білдіреді. Одан әрі хұқімнің жасалуына қарай анализ, синтез деп, санына қарай жалпы, дербес, жалқы деп, сынның қарай бекітетін, бекерлейтін деп, субъект пен айтылымына қарай кесімді, шартты, бөлмелі деп, шындық дәрежесіне қарай мүмкін, шын, міндettі деп жіктеген.

Сөйтіп, Мағжан ойлау атты үлкен ұғымды ғылыми психологиялық түрғыдан қарастыра отырып, мұғалімдерге терен теория-

лық білім беру мақсатында оның негізгі категорияларын толық қамтуды көздегенін көреміз. Ойдың сыртқа шығуы, негізінен, тіл арқылы жүзеге асырылатыны мәлім Ол адамның психикалық құбылыстарын ғылыми жолмен байыптай отырып, оны тудыратын материалылық субстрект екендігін ғылыми түрғыдан дәлелдейді. Оқулықтағы мидың жұмысы, нерв жүйесінің қызметі туралы пайымдауы оның психология, педагогика ғылым салаларымен қоса адамның физиологиясын да терен білгендігін көрсетеді. Мағжан бала темпераментін ғылыми психология бойынша сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик деп төртке бөліп, олардың әрқайсысына қазақ баласына түсінікті тілмен аныктама берген. Баланың мінезі, жаратылышы, табиғаты туралы қазақ ұғымына түсінікті, жатық баяндаған. Осылардың ішінде ақыл көріністері туралы біршама ой толғаған. Онда ойдың тууына қатысты әсерлену мәселесіне кең түсінік берілген. Әсерлену – ұғымның пайда болуы, мұнда әсерлену көрінісінің пайда болу шарттары, әсерленудің іші, қүші, тоны, сын-сипаты т.б. психологиялық түрғыдан жан-жакты сөз болады. Автор бұл мәселелердің барлығын ұлттық психологиямен байланыстыра түсіндіруге ұмтылған. Сонымен бірге адамның бойындағы психологиялық көріністерді сипаттауда іскерлік, суреттеу, тұқымдық ассоциация, ес (зейін) қиял, ойлау, хұқім, ой шығару, тіл т.б. психологиялық мәселелерге көнінен тоқталып, оларға жатық, көшпілікке ұғымды тілмен түсіндірмелер берген. Кітаптың осы бөлімінде әсерлену, сезім туралы ойын таратуларында сұлулық, көркемдік тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Мұнда ол сұлулыққа тәрбиелеудегі табиғат пен өмірдің мәнін, қоршаган орта – үй іші, зат, дүние, адамдардың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, іс-әрекет көркемдігінің мәнін ашып көрсетеді.

М. Жұмабаев жалпы психология мәселелері жөнінде айтқан түйін тұжырымына қатысты маңызды мәселелерінің бірі-ғылыминың төл атауын жасауы, халқымыздың сан ғасырларының негізгі сөздік қорынан психологияға қатысты ұғымдарды ерінбей-жа-

лықпай іздел тауып, қолданысқа түсіруі қазіргі қазақ психологиясына аса құнды болды. М. Жұмабаевтің термин жасауымен, оған ғылыми аныктама беруімен, қазіргі төл атаулардың жүйеленуіне өзіндік септігін тиғізумен қатар, жекелеген кемшіліктеріне тоқталмай өтуге болмайды. Автор «Абстракция» деген ұғымды «Жаланаштау» деп алыпты, бұдан гөрі «дерексіздендіру» деген дұрыс тәрізді. Бірақ қазіргі кезде де термин абстракция күйінде қалып қеледі. Автордың «түйсікті»-»әсерлену», «елестетуді»-»суреттеу», «есті»-»зейін», «пікірді»-»ұқім», «зейінді»-»абай». т.б. терминдері қазіргі поэтиология саласына онша үйлеспей. мағыналық жағынан сай келмегенімен, автор психологияға тұрақталған түсініктер мен терминдер енгізіп, халықтың өзіне тән психологиялық ерекшеліктерін алғаш рет ажыратса қарастырады. Мағжан өзінің еңбегінің бір бөлігін психологияға арнауы тектен- тетек емес, психологияны міндettі түрде менгеруді, былайша айтқанда, бала психологиясын жан-жақты білуді, баланы бақылауды ғылыми тұрғыдан білімділікпен жүргізуі ұсынады. XX ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ даласында бой көрсеткен, біздің елде де рухани өрлеудің, яғни, қыр елінің ұлттық сана-сезімінің оянып прогресске қарай өрлеуін, айрықша бір кезеңнің болғанын Мағжан тәрізді халқымыздың ардақты азаматтары, алғашқы қазақ интеллигенциясының өкілдері өздерінің еңбектері арқылы дәлелдеп кеткен. М. Жұмабаев көтерген психология ғылымының мәселелері, төл тілімізде ғылыми психология терминдерін қалыптастырудың ерекше үлгілерінің бірі болды. «Жан көріністері – үйрену жолдары, өзін бақылау, жан тұрмысының түзу болу шарттары, нерв жүйесін өсіру және бекемдеу, нерв жүйесінің қызметі, оның белсенділігін сактау, мидың қажуы және оны тынықтыру».

Демек, М. Жұмабаев бұл арада жеке тұлғаның физиологиялық, психикалық ерекшеліктерін білу және оларды баланың ақыл-ес, мінез-құлық саулығын сактау үшін оларды жақсы білудің қажеттілігін ескеріп отыр. Мағжан бұл ойын әрі қарай

ұластырып, жан көріністерінен ақыл, қайрат және ішкі сезімді бөле қарастырып, солардың бірлігі негізінде жан тұрмысының біртұастығын көрсетеді Сондай-ақ, ересек адамдардың әрқашан жақсы ұлгі көрсету керек екенін баса айтады. Мағжанның жан көрінісін ұш топқа бөліп қарастыруы, жан жөніндегі көзқарасының өзінен бұрынғы өткен ойшылдар – әл-Фарабидін, Абайдың, Шекерімнің көзқарастарымен үндесіп жатқанын байқауға болады. II Үстаз атанған әл-Фараби жан мен тәннің бірлігін қуаттай келе, «тәнге қандай күтім, тәрбие керек болса, жанға да сондай тәрбие керек. Жанды жетілдіру үшін сезім мүшелерін жетілдіру қажет. Ол түйсіктің көзі қиялдың тууына, ақыл-парасаттың жинақталып, қорлануына себепші болады. Адамды жануарлардан ерекшелендіріп тұрган жан қуаты – оның ақыл-парасаты, яғни ойлай, сөйлей алу қабілеті... Ол дүниені әр қырынан тануға, мәселені теренірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл танымның екінші басқышы, ен жоғарғы сатысы деп қарайды» – Фараби. «Әлемнің негізгі тұтқасы адам, егер оның ақыл-парасаты ойдағыдай дамып жетілсе, ол дұрыс өсіп-өркендей алады. Қажетті дағдылар мен жақсы мінез-құлық адамды бақытқа кенелтеді» – деп тәлім-тәрбиеге үлкен мән береді. Ақыл мен қайраттың жүрекке байланысты екенін көзінде ұлы ойшыл Абай да пайымдаған болатын.

Мәселен: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек», немесе: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылды жүрек» – деуі осының дәлелі. Абай түсінігі бойынша, қайрат пен ақылдың іс-әрекеті жүрек сезіміне байланысты. Абай Құнанбаев өзінің он бесінші, он жетінші қара сөздерінде қайрат, ақыл, жүректі «айтыстырып»: «Ақыл да, қайрат та жүрекке бағынады... әділет, мейірім, нысап, ұят, ар дегендер жүректен шығады. Адамның ақ көніл, адал, шыншыл, әділ болуы жүректің тазалығына байланысты. Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Егер есті кісілердің қатарында болғын келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ен болмаса айында бір

өзінен-өзің есеп ал!» – деп, адамның өзіне-өзінің сын көзімен қарауын, бойындағы мінін көріп, сезіп, түзете білуін, өзін-өзі тәрбиелеп жетілдіруін талап етеді.

Ал, Мағжан біз қарастырып отырган еңбегінде, «Адамның батыл, өткір, қайырымды, ізгі болуы жүрек байламына байланысты» – деп. Абайдың көзқарасын құлтай отырып, осы үшеуінің ара қатынасы мен жеке қасиеттерін қарапайым мысалмен түсіндіреді. Десмек, Мағжанның жан көріністері аясында қарастырып отырган ақыл, қайрат, ішкі сезім ұғымдары Абайдың ақыл, қайрат, жүрек ұғымдарымен толық үйлесім тапқан деп білеміз. Шекерім: «Адамды қоршаған табиғаттың жұмбак сырын ұғып, танып біл, оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қажетіне жарат деп Жаратқан Алла адамга ми берді. Білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі. Ол мида қорытылып түсінік, ой, сезім болып шығады» – деген тұжырым жасайды.

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,

Жақсы, жаман әр істі сол тексермек – деп, бес сезім мүшесінің дүние сырын танып білудегі құдіретті қүшін өлең жолымен тиянақтайды. М. Жұмабаев: «Жанға дұрыс тәрбие беру үшін жанның жәйін баяндайтын ғылыммен таныс болу керек» – деп, жогарыда аталған қазақ ғұламаларының ой-пікірлерін ғылыми психология негізінде әрі қарай жалғастыра түскен. – «Жаннның жайын зерттейтін ғылымды психология дейміз» – деп, жан туралы ғылымга анықтама береді. «Тәрбиенің басты жолы, адамның өзін-өзі бақылауы... Өзінің бойындағы мінін көрмей, өзіне өзі риза болып, мәз болып жүретін адамды жаны жабайы, міnezі тар адам дейміз... Бақылауы, байқауы көп адамды парасатты, анғарымпаз адам дейміз... «Мүмкін болғанша тәрбиешінің «физиономист» болуы керек» – деп, шынайы педагогтың әр ғылымнан хабардар. жан-жақты жетілген азамат болуын талап етеді. М. Жұмабаев

«Кұлыш» тәрбиесін сөз ете келе, оның қоғам мүшелерінің адами қарым-қатынасы арқылы бала бойына даритынын пайымдайды. Сондай-ақ, баланың ананы сүюі, оған ізгілік тілеуі, туыстық сезімдерінің дамуы, елін, жерін сүюі, ізгілікке ұмтылышы, гуманистік көзқарасының қалыптасуы т.б. мәселелерін көң көлемде қарастыра келіп, ізгілік гумандылықтың шарттарына тоқталады. Автор: «Кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, қала берді адам баласын бауырым деп санаса, сол адамды ізгі деп атайдыз» – деп, интернационалистік сезімнің қалай, кайдан туатынын айқындаң береді.

М. Жұмабаев казак арасында бұрыннан терең тағылымды аныздар, даналық дақылдар түрінде көң мағлұм болған ежелгі грек данышпандарын (Платон, Сократ, Аристотель т.б.) қайта өрлеу дәүірінің алыптарын, орыстың төңкеріске дейінгі және кейінгі педагог, психолог оқымыстыларын зерделеп оқығанын еңбектерінен айтпай-ақ байқауға болады. Оның еңбектерінен біз бірқатар манызды, құнды, нұқсалы психологиялық қағидаларды байқаймыз. »Адам-жаңашыл: жаңа үстіне жаңа тілейді, жаңадан жаңаға құмар келеді, адам-әсемшіл: әсемнен әсем, сұлудан сұлу таңдайды», -дейді Мағжан. Адамзат көшінің бір орнында қалып қоймай, топтастыруын сүрлеуде босқа өмір сүре бермей, үнемі ілгерілеуге, өзгеруге ұмтылған қасиетін қандай деп басқан. Бұл орайда оның психологиялық көзқарастары әлі де өзіндік мәнін жоймай, қазіргі психологиямен үндесіп жатқанын байқауға болады. Адамзаттың жекелеген өкілдер түрінде өмір сүруі индивид ұғымын білдіреді. Индивид – адамзат қауымдастығының барлық биоәлеуметтік, психологиялық және саяси қалыптарын (ой, сана, ерік-жігер, мақсат-мұddeлер, түрлі қажеттіліктер және т.б.) танытуши нақтылы жеке адам. Адам өзінше бір ерекше индивид болатын болса, онда нақ осы ерекшелігі оны индивид және жеке-дара қоғамдық тіршілік иесі етіп көрсетеді, – деген түсініктеме береді. Іс жүзінде индивид қоғамдық-саяси жүйедегі саяси-әлеуметтік қоғамдастықтармен және институттармен ықпал-

дасып, түрлі қогамдық маңызды мәселелерді шешуге қатысудың негізінде әрі белгілі бір саяси рөлді атқарғанда барып жеке тұлға дәрежесіне көтеріледі. Яғни, жеке тұлға – бойында барлық адами сапа-қасиеттер тоғысқан, қогамдық-саяси өмірдің нақтылы тарихи және саяси жағдайларының қалыптасуымен байланысты саналы іс-әрекет ете алатын жеке адам. Қазіргі кезеңнің өзінде психологияғылымы жаңа дамып, елімізде енді-енді жетіліп келе жатыр десек, ал Магжанның қазақ арасында психология мәселе-лерін алғашқылардың бірі болып қарастыруы оның білімдарлы-ғын байқатады.

3.2. М. Жұмабаевтың тәлімдік ой-пікірлерін оқу-тәрбие үрдісіндегі көрінісі және оны мектеп мұғалімдеріне терендете менгерту

*« ... Алты Алаштың баласы бас қосса,
жоғарғы орын мұғалімдікі... »*

M. Жұмабаев.

Қазіргі мектептің негізгі мақсаты – оқушыларды әржакты да-мыта отырып, заман талабына сай білім беру мен тәрбиелеу. Ол Қазақстан Республикасының болашақ азаматының қабілеті мен дарын көзін ашып, дene және рухани жағынан үйлесімді дамыту мақсатын көздейді. Кез келген пән бойынша білім беру өз тұсын-дағы қогамдық жағдайлардан туып отырған әлеуметтік-экономи-калық талаптарға жауап беретіндегі және ілгергілердің іс-тәжіри-бесін бұғіні күнмен ұластыра алатындей болуы тиіс. Жалпы білім беретін мектептерде оқу-тәрбие ісін жүзеге асыруда мұғалімнің атқарар қызметі ерекше. Ол оқушылардың білім алып, ғылыми-танымдық көзқарасының қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сейтіп, оқу сапасын арттырып, оқушыларға жоғары тәрбие беру үрдісін тікелей іске асыруши басты тұлға болып табылады. Білім беру мен оқытуда оқушылардың өмірге көзқарасын ұлы адами

қасиеттерді олардың бойына қалыптастырудың мұғалімнің орны мен рөлі ерекше.

Тәжірбиелі де өз ісіне берілген ұстаз, өзінің қогам алдындағы жауапкершілігін терең түсінеді. Өйткені, ол сол қогамның болашағы үшін жауапты»-дейді. М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» оқулығының алғы сөзінде: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердің» деп тегін айтпаса керек. Мұғалім негұрлым білімді де, тәжірбиелі болса, оның алдынан білім алған шәкірт те соғұрлым білімді болып шығуы даусыз. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында мұғалімнің қогамдық өмірдегі қызметін, оның кәсіптік білім, беделімен де байланыстыра қарастыруға тұра келеді. Қазіргі кезде мұғалім беделі, оның биік тұлғалық және кәсіптік сапаларына, жалпы мәдениеті мен адамгершілік ізгі қасиеттеріне, сондай-ақ, кәсіби біліктілігі мен шеберлігіне баса на зар аударылады.

Мектептегі оқу-тәрбие, білім мазмұнының заманга сай өзгеруі, зайырландыру мен ізгілікті жүйені жасау мұғалімдерге байланысты. Мұғалімнің тәжірибесінде оқушының өздік білім алуша, ойлауға, түрлі проблемалық сұраптарды өз бетімен шешуғе үйрену, басқа да әдіс тәсілдердің болуы, дәлел қажет етпейтін занылышы болуға тиісті. Егерде, Қазақстанның халықаралық білім аясына енгенін ескерсек, еліміздегі білім беру жүйесі, кешегі қалыптасқан дәстүрмен қалып қоймауы керек. Өмірдің талабына сай, білім берудің мазмұнында өзгеріп, жаңа ақпаратты технологиялар негізінде болуы қажет.

Яғни, оқу-тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологиялардың түр-түрін мұғалімдер өз тәжірибелерінде пайдаланузы заман талабы. Мұғалімдер бүгінгі күннің өзекті мәселелерін өз беттерінше шеше алатында жағдайда болуға тиісті. Бұл мәселелер мұғалімнен жоғары кәсібілікті талап етеді. Мұғалімнің кәсібілігі, алдымен оның адамды сан-килы етіп қалыптастыратын кәсіби іс-әрекетінің жан-жақтылығымен байланысты. Ол де-

генінгі, бұғынгі ұрпакты болашақ өмірге дайындашығаруда сан алуан педагогикалық-психологиялық проблемаларды тез шеше алатын жоғары дәрежелі маман. М. Жұмабаев айтқандай: «баланы заман талабына сай оқыту» яғни, оқушыларға халықаралық стандартқа сай білім беріп оқыту құн талабы.

Егерде, ХХІ-шы ғасырды жана акпараттық-технология дәуірі десек, мұғалім оқытудың сол технологиялық әдіс-тәсілдерін терең менгеріп қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі де керек. Мектептерде жаңа инновациялық технологияларды қолдану барысында, оқытудың әр-түрлі әдіс-тәсілдерін еңізу қажеттілігі туып отыр. Осыған орай, мұғалімдердің оқыту үрдісінде жаңа көзқарасын қалыптастыру, олардың педагогикалық мәдениеті мен шығармашылық ізденісін арттыру, жаңа технологиялық әдістерді менгеруге үйрету – бұғынгі күннің мұғалімге қойып отырған басты талаптарының бірі. Егерде, жаңа технологиялық әдістерді мұғалім жетік біліп, жүйелі түрде өз сабағында қолданатын болса, онда оның ұтары көп. Бұл жағдайда оқушының білімі мен біліктілігі, танымдық қызығушылығы артады, жеке тұлға ретінде қалыптаса отырып, заманымыздың ойлы да саналы азаматтары өсіп жетіледі. Олай болса, М. Жұмабаевтың да болашақ ұрпак туралы айтқан ойларының да бұғынгі күнде өзекті екендігін дәлледейді.

Жалпы, оқушының мектептен білікті, білімді болып шығуы көбіне ұстазына байланысты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «жас жеткіншектерге сапалы білім берумен қатар, ұлттық сана-сезім, инабаттылық, ұлтжандылық қағидаларын қалыптастыру» туралы айттылған. Оку сапасы мен оқушылардың тәртібі, көп жағдайда мұғалімдердің шеберлігіне байланысты. Қазақстан мұғалімдерінің II съезінде еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев. жалпы білім беру саясатының тұрасын айта келіп, «оқушылардың біліктілігі көп жағдайларда ұстазынан, олардың шеберлігінен» – деген болатын. Сонымен бірге, әр ұстаз оқушы бойына ұлттық құндылықтарды дұрыс қалыптастыра білсе, онда жалпы оку-тәрбие ісі ұлттық сипат алады.

Сөйтіп, білім беру жүйесінің басты міндегі – ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен тәжірибелің жетістіктері негізінде жаңа адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауда мұғалім білім, білік, шеберлігінің орны ерекше болмақ. Ал, мұғалімдер білімін жетілдіру қызметі орта арнаулы және жоғары оқу орындарын бітірген маман мұғалімдердің білімін бүгінгі ғылым саласында болып жатқан жаңалыктармен, бұрынғы жинақталған тәжірибелерді пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерімен толықтыруға байланысты іс-әрекеттерді қамтиды.

Оқу жүйесін ізгілендіру барысында, М. Жұмабаев әсіресе, ауызша оқылатын пәндерге, оның ішінде әдебиет пәніне ерекше қөніл аударады. Ол түсініктіде, өйткені, заманауи білім беру жүйесінде әр әдебиет сабағы окушыны дамыту жолдары: өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі тану, өзін-өзі дамушы тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Демек, мектеп окушыларын білімнің қоғамға қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды Отандық, ұлттық және әлемнің мәдени құндылықтарымен сусыннату қажет. Білім мен тәрбие беруді ізгілендіру дегеніміз – мектепке де, мұғалімге де, окушыға да сеніммен карау, шәкірт пен ұстаз арасындағы ынтымактастық, әр ұстаз әр шәкіртті өзімен тен санауы, окушыны білім мен тәрбие берудің объектісі ғана санамай, онымен кері байланыс жасап, субъективті қарым-қатынаста болуы, әр шәкіртті егеменді еліміздің болашағы, соның бір азаматы деп тануы.

Мектепте көркем әдебиетті оқып үйренуге байланысты окушыларға берілетін білім мен тәрбие жұмыстарының формалары мен мазмұны әр сыныпқа арналған әдебиет пәнінің бағдарламасында әр қырынан берілген. Себебі көркем шығарманы оқып үйретуде окушының жас ерекшелігі, білім деңгейі ескерілу керек. Сол себепті әр сыныпта көркем туындыны оқып үйрену әр қырынан қаралады. Сонымен қатар оқылыш-талданатын шығармалар өздерінің қамтитын тақырыбы мен идеясы, жанры, кейіпкерлері, көркемдік өзгешіліктері жөнінен алуан түрлі болады.

Бұл айтылған міндеттердің өз дәрежесінде болуы үшін әдебиет мұғалімі өз жұмысының мазмұны мен формасын айқын ұғынып, жетік білуі тиіс. Бұл ретте әдебиет мұғалімінің арқа сүйеп, тірек тұтатыны – заманауи әдіс-тәсілдер. Себебі көркем туындыны сөз өнері ретінде оқыта білудің ұстанымдары мен міндеттерін белгілеп беретін осы заманауи әдіс-тәсілдер болып табылады.

Әдебиет мұғалімі көркем туындыны оқытуда заманауи әдіс-тәсілдерді үнемі қолданса, окушының пәнге деген қызығушылығы артады, өз бетінше жұмыс істеу қабілеті, шығармашылық қабілеті шындалады, сөйлеу тілі мен жазба тілі дамиды, сабак үстінде бос отыратын окушының саны төмендейп, белсенді окушылардың саны артады, өмірге сынни көзқараспен қарап, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Міне, осы қасиеттерді жүзеге асыруда мұғалім өзі қолданып отырған жаңашыл әдіс-тәсілдің ішінен сыртқы қауызын алып тастап, дәнін ғана сұрыптаپ, таңдап ала білу мұғалімнен үлкен шығармашылық қабілетті, шеберлікті талап етеді. Өйткені әдеби материалдардың ерекшелігіне байланысты әрбір сабактың өзіне тән тақырыбы, мақсаты, құрал-жабдықтары, амал-тәсілдері, барысы, құрылышы, мазмұны болады.

Демек, берілетін дәріс өтілетін мәтіннің өзгешілігіне қарай окушыларға берілетін білім түрлеріне қарай әр алуан құбылып, түрленіп отыратын мұдделі құбылыска, құрделі оқу-тәрбие үрдісіне жатады. Әр дәрістің нәтижесін анықтау үшін оған ғылыми жолмен талдау жасалады. Анықтауда барлық факторлар есепке алынады. Тек осы факторлардың нәтижесінде ғана әрбір сабактың сапалы, сапасыз жақтарын білуге болады. Көркем әдебиетте адамзаттың жарық сәулеге ұмтылған, жақсы өмірге талпынған ұшқыр қиялды, сол жолдағы құрес-тартысы, ел басынан өткізген қылыш-қылыш оқигалар, халықтың өткені мен бүгіні, келешегі бейнеленген. Көркем әдебиетте адамдар тағдыры бар тіршілік болмысымен көрінеді. Оқырман алдында талай тағдырлар әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталаңбас міnezімен, өкініш-опығымен, қуаныш-қызығымен, арпалыс тартысымен көрінеді. Көркем сөз

шебері әр кейіпкерін жұмыр жер пендесіне тән пендешілігімен, адамға тән сыр-сипатымен, ерлік-өрлігімен, ойы-қыры, біргі мен құлдырауы, жақсылығы мен осалдығы, жауыздығымен, құлық-сүмдығымен, әзіл-қалжынымен өрнектейді.

Заманауи оқыту жүйесінде әдеби-көркем шығарманың алатын орны ерекше. Себебі көркем туынды қоғамдық өмірмен байланысты. Фалым тілімен айтқанда, ол – объективті дүниені танудың құралы, қоғамдық сананың ерекше формасы Даны ұстаз-ақын М. Жұмаев: «Баланы заманына сай оқыту керек» – деген данышпандық сөзі ендеше бүгін өте өзекті. Ол әдебиет арқылы оқушының дүние танымын, ойлауын, адами қαιеттерін қалыптастырып, патриоттық сезімдерге тәрбиелеуге болады деген ойының, бүгінгі таңда орынды екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыргандығын көреміз.

Олай болса, заманауи білім беру жүйесінде көркем шығарманы оқытуды жаңаша ұйымдастыру керек. Әр туындының тәрбиелік мәні ашылып, окушы өміріне азық боларлықтай үлгіде қаралады. Осыған орай, мұғалімдердің білімдерінде заман ағымына сай жетілдіріп, бағыштап отырган жөн.

Демек, мұғалімдердің біліктілігін көтеру және қайта даярлау ісі әлеуметтік манызы зор мемлекеттік іс-шаралар қатарынан саналады.

Егemen еліміздің білім беру саясаты, ұлттық мектептің негізін ойлағанда тарихқа бет бұрып, өткен ғасырлардағы қазақ зиялдарының еңбектері мен өмірі бүгін өз жалғасын табу қажеттілігі сөз болады. «Педагогика» оқулығының мұғалімдерге беретіні мол екендігі, оның бүгінгі оқу-тәрбие жағдайындағы өзектілігі, сабакты бүгінгі күн талабына сай өткізу мұғалімнің шеберлігімен біліктілігін қажет етеді.

Жалпы, мұғалімдерді M. Жұмабаевтың шығармашылығы мен өмір жолын нашар білгендері үшін кінәләуғада болmas. Өйткені, M. Жұмабаевты оқып, үйрену тек 90- шы жылдардан басталғанын ескеру қажет. Осыдан келіп мұғалімдердің ұлы ақын, педа-

гог туралы білімдерінің тайаз болуы заңдыда. Біздің жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесінде ұстаздар М. Жұмабаев туралы өз білімдерін көтеріп, ол туралы көптеген мағлұмат ала алды. Бұл дегеніңіз көп- шіліктің қуанышы болуға тиістіде. Себебі, М. Жұмабаев бүкіл қазақ халқының мактанды. Сол себептенде, біз зерттеу жұмысымыздың дәйектілігін дұрыс деп айта ала-мыз. Көрсеткішімізді нақтылау үшін мұғалімдермен жүргізілген сауалнама нәтижелерін біз сурет түрінде бердік.

Сондықтан, қазақ мектептерінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда XX-шы ғасыр басындағы ұлт зияллыларының істері мен өмір жолдарын оқып-үйренуді ұрпақ тәрбиесіне жүйелі енгізіп, пайдалана білу қажеттілігі бүгінде дау туғызбайды. Демек, жеткіншектерді ұлттық рухта тәрбиелеу үшін ұлы ақын-педагогтың мұраларын пайдалану әбден қажет. Оның қажеттілігі қазір айқын сезілуде. Окушы жастарды ұлтжандылықпен Отансұйгіштікке тәрбиелеуде қазақ халқының ұлы адамдарының ерлік істері мен еңбектері ұмыт қалмауға тиіс. Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті, Н. Ә. Назарбаев: «Біздің алдымызда бабаларымыздың игі дәстүрлерін сактайтын құллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндепті тұр»-деген болатын. Ендеше, осы тұрғыдан келгенде ұлттың біртуар ұлдарының өмірі мен мол тәжірибесін оқып, үйрену керек. Мұғалімнің қандай сипатта болу керектігі Мағжан Жұмабаевтың мына сөздерінен көруге болады: Ұстаз баланы иландыра отырып, өз қылықтарын адамгершілікпен түсінуін, үйрете отырып, дұрыс сенімдерге сай келетін әрекеттерді дағдыла айналдыруын, үлгі көрсете отырып, жақсы нәрсеге еліктеуін, мадактай отырып, қол жеткенмен тыным қалмауын талап етіп, оны осы бағытта тәрбиелей алу керек. Мұғалім үшін ең маңызды нәрсе— оқушыны алдамау. Окушылармен етene араласып, оларға сапалы және жинақты білім берудің негізгі пәнді жан – жақты игеру және оны оқушы саласына жеткізе білу. Мағжан, оқытуада, тәрбие үрдісінде мұғалімнің рөлі ерекше екендігін әрдайым

ссінен шығарған емес. Осы тұрғыдан келгенде мына тұжырымдарды ескеріп отырған жөн: – ұжымдағы орныкты моральдік-психологиялық ахуал қалыптастыру; - мектеп ұжымының алдындағы мақсат пен міндетінің айқындылығы, соған байланысты ортақ іске жұмылдыра білдіру шеберлігі дәрежесінің болуы; – жұмысқа қабылданған жас маман мұғалімінің психологиялық, этикалық ерекшелікті нақты білуі керек; - кәсіптік шеберлігінің артуына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, өз білімін көтеруіне жағдай жасау, еркіндік беру. Кәсіптік санатының өсуіне көніл аудару; – жаңа технологиялармен карулануын, әдістемелерінің түрленіп тұруына бағыт беру; - енбекке ынтасын арттыру жолдарын қарастыру. Әлеуметтік жағдайын назарда ұстау; – шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдерді ынталандырып отыру; - мұғалімнің өзара сенімділік пен достық, әріптестік жауапкершіліктерін арттыру; - өз мамандығына деген мақтаныш пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру; - кадрлар тұрактылығы, мұғалімнің окушы алдындағы беделі мен мәртебесінің өсуі. – мұғалімнің оқыту процесіндегі жетекші рөлінің орнын басты назарды ұсташа арқылы ғана мұғалімнің жеке тұлғасы мен кәсіптік мәдениетін көтере аламыз. Міне, осында жағдайларды ескере келіп, мұғалімнің жеке тұлғасы, оның кәсіптік мәдениетінің өрістеуіне жан-жакты көмек, көніл бөлу, жағдай жасалуын ескерген жөн. Сондықтан да ұстаз алдындағы басты міндет – XXI-шіғасырдың есігінен еркін енетін, дүниежүзілік мәдениетті танитын, төл мәдениетін құрметтей біletін, рухани дүниесі бай интеллектуалдық өрісі кең, білім жоғары, құқықтық-құжаттық мәдениеті заман талабына сай белсенді үрпақ тәрбиелеу. Жаһандану дәуірінде Қазақстан бірнеше сырт мемлекеттердің коршауында тұрганы анық. Олай болса, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсак: «... біздің үрпағымыз өзіне тән тектілігімен, бұлалығымен, жасқануды білмейтін тәқаппарлығымен, батылдығымен, айлалығымен дараланатын Барыс болмақ. Ол, ешкімге бірінші болып шабуыл жасамайды, әрі тіке-

лей соғыстардан тартынатын болады. Бірақ, ол өзінің еркіндігі, тұрағына, үрпағына қатер төнген жағдайда, ол бұларды басын тігіп, бойындағы барын салып қорғайтын болады. Ол сыптай да, серпінді болуға және семіздік пен жалқаулыққа бой алдырмауға тиіс, әйтпеген күнде ол қатаң табиғи ортада өмір сүре алмайды» – деп тұжырымдаған. Сонымен, қорыта келгенде, оқушыны жан-жакты білімдар етіп оқытып-тәрбиелеуде мұғалімнің алатын орны ерекше екендігі күмәнсіз. Ұстаздың педагогика, психология талаптарына сай терең ғылыми білімі бар болуымен қатар күнделікті, өмірлік білімділігі қажет. Ұстаз өз еңбегін ғылыми негізде, бүгінгі күн талабына сай құра білген жағдайда ғана оқушы сапалы білім ала алады. Сайып келгенде, мұғалімнің жоғары білімділігі мен ғылыми біліктілігі қат-қабат бірге болуы занды құбылыс. Бұл ойлар ғұлама ұстаз, пайғамбар ақын Магжанның дүлділ ойынан туған ілімдер.

Осы тұрғыдан келіп, мұғалімдерге арналған «Магжантану» бағдарламасын ұсынып отырмыз.

Мектеп мұғалімдеріне арналған «Магжантану» курсының бағдарламасы

Р/с	Такырыптар	Сағат саны	сабак түрі		Қосымша ескертпелер
			дәріс	семинар	
1.	Курстың максаты мен міндеті	1	1	-	дәріс
2.	Қазақстандағы XXғ. басындағы саяси- әлеуметтік жағдай. «Алаш» ұйымы мен «Қазақ» газеті.	2	1	1	Мұрагат материалдары. Мұражайга бару.
3	М. Жұмабаевтың өмірі мен кызметі, шығармашылығы	3	2	1	Әдебиеттермен жұмыс

4	Мағжанның педагогикалық-психологиялық көзқарастары	3	2	1	Еңбектерімен танысу.
5	Мағжанның «Педагогикасы» және оның ерекшелігі	3	2	1	Әдебиеттермен жұмыс. Конспект жасау.
6	Мағжан – педагог, тәлімгер-әдіскер.	2	1	1	Дәріс-семинар
7	Мағжан педагогикасындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері	3	2	1	Семинар сабак
8	М. Жұмабаевтың педагогикалық еңбектері.	2	1	1	Семинар сабак Еңбектерін талдау
9	Мағжан «Педагогикасының қазіргі таңдағы алатын орны мен маңызы	2	1	1	«Дөңгелек үстел басындағы сұхбат
Барлығы:		21	13	8	

Бағдарламаның мақсаты: М. Жұмабаевтың педагогикалық мұраларын мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру институтында пайдалану жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан анықтау.

Бағдарламаның міндеттері: М. Жұмабаевтың тәлімдік идеяларын мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру институтына ендіру жолдарын айқындау; ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеу. Бағдарлама бойынша 13 сағат теориялық, 8 сағат семинар сабактарға бөлінген.

Практикалық сабактар Мағжан еңбектерімен танысу, өздік ізденіс жұмыс, шығармашылық тапсырмаларды орындау, пікірталас, сайыс, сұрап-жауап, кездесулер т.б. формаларда ұйымдастырылды. Сонымен катар әр түрлі тестік, көрнекілік әдістер қолданылды. Мұрағат материалдары таныстырылып, мұражайларға экскурсиялар жүргізуге болады.

3.3. Тәрбиедегі рухани құндылықтар- бала тәрбиесінің негізі

... Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның үлттын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу... Бала тәрбиесі бір онер, болғанда ауыр онер, жеке бір ғылым шесі болуды тілейтін онер... Тәрбиеден мақсұт баланы тәрбиешінің дәл өзінде қылыш шығару емес. Келешек оз заманына лайық қылыш шығару... Орбір тәрбиешінің қолданатын жолы – үлт тәрбиесі. ... Орбір үлттың бағасы оз үлттының арасында, оз үлтты үшін қызмет қылатын болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, үлт тәрбиесімен таныс болуга тиісті....

Магжан Жұмабаев

Еліміз егемендікке ие болғаннан бері жас ұрпак тәрбиесі, оның окуы мен білім алу мәселесі қоғамымыздың басты проблемаларының бірі болып саналуда. Ұқылым заманынан бері ұрпак тәрбиесі күн тәртібінен түспегені белгілі. Ерте дәуірде өмір сүріп, тәлім – тәрбие мәселелеріне айырықша көніл бөліп, мәңгі ескірмейтін мәнді сөздерін болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдырыған ұлы бабаларымыздың нақылдары мен фәлсафалық ойлары қазір де өзекті.

Ұрпактан ұрпаққа жалғасын табуға тиіс рухани құндылықтарды оку-тәрбие жұмысында пайдалану қажеттілігі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру», «Білім мазмұнын гуманитарландыру» тұжырымдамаларында, «Қазақстан Республикасы Орта білім стандарты» мен өзге де құжаттарында көрініс тапқан. Бұл мәселе Қазақстан Республикасы Елбасының да басты назарында Осыған орай ұлы ойшылдардың сан ғасырлық тәлімдік ой-пікірлері мен олар туралы зерттеулерді мектептің оку-тәрбие үрдісінде пайдалана білудің жолдары жанжакты қарастырылуда. Қазіргі кезеңде оку жүйесіндегі негізгі

мақсат-білімді, өмір сұруге бейім, іскер, өзіндік ой; талғамы бар, адамгершілігі мол, ұлтжанды, отансүйгіш азамат тәрбиелеу. Ал, мұндай ұрпак қалыптасу үшін, оны жалпы білім беретін орта мектепте азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мен халық дәстүрлерін қастерлеуге үйретіп, тәрбиелеуіміз керек.

Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру-қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттердің бірі. Әрбір қоғам алдына қойған мақсаты сол келешек қоғам иелерін жан-жақты тәрбиелеу болып табылады. Ендеше жана дәүірде жаңашыл адамды қалыптастыру қажеттілігі туып отыр. Заман ағымына лайықты қазіргі кезде алдымызда тұрған міндет- халқымыздың рухани тәрбиелеу. Қазіргі ұрпак тәрбиесіндегі басты мәселе тұлғаны рухани дамыту. XX-ғасырдың бірінші жартысындағы педагог ағартушылар тобы М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, С. Торайғыров болды. Рухани даму жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Қазіргі уақытта халқымыздың әдет-ғұрып салт-сана дәстүр, рухани тәрбиелеудің маңыздылығын көрсетеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие қарқынды түрде өзгеріске ұшырап отырған қоғамның нағыз қажеттілігі болып табылады. Өйткені, дәстүрлі құндылықтар негізінде ұрпақтар сабактастырын нығайтып, қоғамды рухани сауықтыру үшін адамгершілік тәрбиемен сусындаған азаматтар қажет. Жеткіншектер мен балалардың рухани-адамгершілік әлеуетін дамыту мәселелерінің әлеуметтік өзектілігі және педагогикалық маңыздылығы айдан анық. Қоғамдағы өзгерістер салдарынан белгілі болған үрдістер жас ұрпак өкілдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне кері әсер етеді. Бұл олардың бойында тәуелді мінез-құлық қалыптасуына, ішімдікке, есірткіге, компьютер ойындары немесе ойын автоматтарына, жыныстық қатынасқа, жүгенсіздікке әuestікке, жастар-

дың субмәдениетіне еліктіреді, олардың басым көвшілігі жеткіншек тұлғасы үшін жат әрекеттерге үйір болады. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандыктан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндettі....» дейді М. Жұмабаев.

Мағжанның педагогика саласындағы әрбір еңбегінде казак халқының ежелден келе жатқан тәрбиесіне мән беру, даланың табиғи міnezі ерекше көрініп тұрады. Ол өзінің педагогикасында оқушыларды ұлтка деген сүйіспеншілік тұрғысында тәрбиелеу керектігін ерекше айтады. «Тәрбиедегі басты мақсат баланы ұстаздың дәл өзіндей етіп, қорқытып, тәрбиелеуінде емес казіргі және болашақ өмірге сайма – сай тәрбиелеуінде». Мағжанның бұл сөздері XX ғасырдың 20- жылдары айтылса да, бүгінгі күн үшін де маңыздылығын жойған жок. Бүгінгі және болашактың ұрпағын қалай тәрбиелеп, оқытып шығару керек? Егеменді еліміздің ұрпақтарын ұлылыққа баулу – бүгінгі мектептің парызы. Президент Н. Назарбаев өзінің «Қазакстан – 2030» жолдауында: «Оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретіде тәрбиедеу аса қажет бүгіннен бастап ұлттық міnez – құлық, биік талғампаздық, тәкәппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сініріп қалыптастыруымыз керек» – деген болатын. Президентіміздің бұл сөзі мұғалімдер үшін негізгі бағыт, бағдарлама болуға тиіс.

М. Жұмабаев та кезінде осы бағытты мензеді, егеменді елдің егемен мектебі болуын қалаған. Өйткені оқушыны ұлттық рухта тәрбиелеп шығару тек мектебінің қолынан ғана келеді. Кешеі өткен ұлы бабаларымыздың істері бүгінгі ұрпақ үшін үлгі болуға тиіс. Олар ұлан – байтак жерімізді қасықтай қаны қалғанша қызығыштай қорғап, бүгінгі ұрпаққа аман – есен тапсырыды. Ал, жеріміз егемендігімізді бүгінгі еліміздің жастары сол аталарында қорғай ала ма? Міне, мәселе осында. Патриотизм мен ұлылықты қалыптастыру құрғақ сөзбен жасалынбайды. Оған жүйелі

бағдарлама, кешенді оқу – тәрбие жұмыстары қажет Ең алдымен үлттық мектеп, оның концепциясы, заңдастырылған дүние болмысы қажет. Әр пән бойынша оқулықтар жасалынуымен қатар қазақ халқының бүкіл жан дүниесі мен болмысын танытатын оқу – тәрбие кешені қажет. Бәрі казақ үлттының ұлы болмысы мен қатидаларының тоғысында қалыптасу негізінде болуы керек.

Этномәдени поли мәдени білім беру ол қазақстандағы негізгі үлт төріндегі, соның негізінде салынуы міндетті. Үлттық педагогика саясатын өзге үлт, мемлекет емес, өзіміз жасап, қалыптастыруымыз орынды болмак. Қазақстанның келешекте әлемдегі өоке-ниетті елдермен терезесі тен, өз орны бар ұлы мемлекет болуын қаласақ, ең алдымен оның үлттық мектебінің іргетасын қалыптастыруымыз керек. Еврей, Жапон т.б. үлттардың жас буынды сәби құніненұлылыққа үлтжандылыққа тәрбиелеуі көп нәрссін аңғартса керек. Бұларда жас балаға деген құрмет ерекше. Ұрсу, жекіру, балағаттау жеген жоқ. Біздің қазақта да ертед осындай тәрбиенің болғаны белгілі. Бабаларымыз балаларын ұлылыққы жақсы тәрбиелей білген.

Қазіргі кезенде көптеген рухани құндылықтар теріске шығарылып, оқушылардың сана-сезімі мен моральдық бейнесіне, жан-дүниесіне қатыгездік пен азғындаушылық көріністерін на-сихаттаушы ақпараттық қысым көрсетіліп отырған жағдайда оқушылардың санасында, ой-өрісінде жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, окушы тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін таңдап дұрыс бағытта дамыту, әртүрлі әлеуметтік және моральдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету көкейкесті мәселеге айналып отыр. Оқушылардың адамгершілігі тәрбиенің ең маңызды міндетті болып табылады. Адамгершілік адамның іс-әрекеті мен қылықтарынан көрінетін қоршаған ортага деген қатынасын білдіреді. Қатынас дегеніміз субъектінің қоршаған ортамен қалауы бойынша анықталатын байланысы. Зерттеушілер

қатынастар жүйесіне әртүрлі компонентерді кіргізеді. Әрбір қатынас белгілі бір білімдерді игеру дегенді білдіреді. алайда бұндағы ең бастысы бұл білімдерді өнегелілік түрде түсіну, сезіну болып табылады.

Көптеген зерттеушілер жеке тұлғаның қасиеттерін құндылық қатынастардың қалыптасу нәтижесі деп түсіндіреді. Осылайша, басқа адамға деген құндылық қатынастың нәтижесі – гуманизм, өз өзіне – қадір-қасиет, еңбекке-енбексүйгіштік, енбеккорлық болып табылады. Жеке тұлғаның ең басты қасиеттерін осылайша бөлу өте маңызды, өйткені, коршаған ортаға, адамға, материалдық және рухани дүниеге деген қатынастың қалыптасуы барысында адамгершіліктің барлық жақтарын қамту мүмкін емес. Әрбір сабактың өзіндік тәрбиелік маңызы бар екені белгілі. Олардың әркайсысы окушылардың коршаған ортаға деген, құндылық қатынасын қалыптастырудың басқа адамның жеке тұлғаға құрметінен бастап, болмысты эмоционалды-эстетикалық қабылдауға дейінгі, құндылық сапаларын тәрбиелейді.

Осы заманғы жастар арасында рухани-адамгершілік құндылық жүйесі тәрбие, тұқым қуалауга бейімділік, әлеуметтік орта (отбасы және туыскандары, достары мен таныстары, білім беру мекемесі, еңбек үжымының мүшелері) дүниетаным және отбасы құндылығы сияқты бірнеше факторлардың ықпалымен қалыптасады. Өскелен үрпакты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу – педагогтардың рөлі өте зор. Қоғамның болашағы – зиялды, саяси, мәдени деңгейі жоғары, рухани дамыған тұлғалардың колында. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш тұзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондыктан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сініріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде, өзіндік таңдау жасауына ықпал етуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани

-адамгершілік тәрбие – екі жакты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Адамгершілік тақырыбы – мәнгілік.

Жас ұрпактың бойына адамгершілік қасиеттерді сініру – атана мен педагогтардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әл-Фараби «Өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасау керек. Ол не нәрсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенің орынсыз шашпай, өзінің мақсат мұddeлереі жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады» деген.

XXI -шы ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің да-мыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпак тәрбиелеу біздің алдымыздығы ең басты міндет. “Біз тұрғызатын қогамды бағалайтын, белсенді, жоғары моральді, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек» – деді Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев. Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тәрбиелейді. Жеке тұлғаның ақыл-оғы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады.

Жастарға рухани–адамгершілік тәрбие беру–қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Бұл қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттердің бірі. Әрбір қоғам алдына қойған мақсаты сол келешек қоғам иелерін жан-жакты тәрбиелеу болып табылады. Ендеше жаңа дәүірде жаңашыл адамды қалыптастыру қажеттілігі туып отыр. Заман ағымына лайықты қазіргі кезде алдымызда тұрған міндет- халқымыздың рухани тәрбиелеу. Қазіргі ұрпак тәрбиесіндегі басты мәселе

тұлғаны рухани дамыту. Қазіргі кезенде көптеген рухани құндылықтар теріске шығарылып, оқушылардың сана-сезімі мен моральдық бейнесіне, жан-дүниесіне қатыгездік пен азғындау-шылық көріністерін насиҳаттаушы акпараттық қысым көрсетіліп отырған жағдайда оқушылардың санасында, ой-өрісінде жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, оқушы тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жакты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін таңдап дұрыс бағытта дамыту, әртүрлі әлеуметтік және моральдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету көкейкесті мәселеге айналып отыр. Оқушылардың адамгершілігі тәрбиенің ең маңызды міндегі болып табылады. Адамгершілік адамның іс-әрекеті мен қылыштарынан көрінетін коршаған ортаға деген қатынасын білдіреді. Қатынас дегеніміз субъекттің коршаған ортамен қалауы бойынша анықталатын байланысы.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт берे білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, жан-жакты терең білім беріп, оның жүргіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертенгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына енбекке, білімге, Отанға, жер бетін-дегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адагершілік құндылықтарға негзделеді. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті. Мәдениеті жоғары адам айналысындағыларымен қарапайым қарым-қатынаста болады. Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелденедіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оку, тәрбие, енбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сенміне айналады. Адамгершілік қатынастар морльдік норма-

лармен өлшенеді. Адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу. Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың моральдік сенімдерін, жағымды мінез-құлыш дағылары мен әдеттерін қалыптастырады.

Абай адамгершілік, әдептік нормалары жайында көптеген пікірлер қалдырыды. Бірінші қойатын талабы – мораль жағынан ұстамды, таза болу, сыпайы мінезді, жақсы құлышты, әділетшіл, шыншыл болу. Екінші талабы – тұрактылық, «Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегеніне тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық біріктігі, қайраты бар болсын» дейді. Үшінші талабы – әділетсіздік. Әлеуметтік міндепті – дүниені белсене құруши адамның бірі болып, халқы, Отаны үшін қызмет істеуі.

Рухани тәлім – тәрбие берудің басты саласының бірі – ұлтжандылық, халқы үшін адаптацияның бірі – қызымет ету. Елін сүюдің ғажайып күш екендігін терең сезінген ежелгі казак-акын жыраулары, ойшылдары өз шыгармаларына осы тақырыпты үнемі арқау етті. Мысалы Ақтамберді Сарыұлы, Д. Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы және т.б.

Қазақ халқының ғасырлар тұнғиығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музикалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жұсіп Баласагұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы т.б. казак ақын- жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз. Белгілі педагогика классиктерінің өздері де халқының тәлімгерлік тәжірибесінен үйреніп, оны зерттеулеріне арқау болса, бұл мәселелерге қазақ ағартушылары Ш. Үәлиханов, ІІ. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардан басқа А.

Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, т.б. үлкен мән берген т.б. көптеген казак зерттеушілері осы дәстүрді жалғастырып, халық педагогикасы тарихын, оның ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясындағы көріністерін, ортағасыр ойшылдарының педагогикалық ой-пікірлерін жан-жакты қарастырып келеді. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі. өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Көне заманнан-ақ казак халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер. ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі-бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйеніп отырған.

Рухани ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм әр адамды, әр халықты ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр коршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Егер бір ұлттың бір бөлшегі басқа жерде, я өз Отанында бөлек ұлттың сана-сезімі негізінде тәрбиеленсе, онда ол қоғамның мүшелері басқа ұлттың әдет-ғұрлып, салт-дәстүрін қабылдайды, біраз уақыттан кейін сол ұлтқа сініп кетеді. Сондыктan халықты ұлт ретінде сақтайтын жалғыз жол бар. Ол жол – жас ұрпақты ұлттық сана-сезім негізінде тәрбиелеу. Рухани ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы бала дүниеге келгеннен бастап отбасындағы ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты. Егер отбасында ұлттық тәрбие болмаса, балалардың ұлттық тұлға болып қалыптасуы сондай теріс тәрбиеге лайықтанып қалыптасады. Рухани ұлттық сана-наның ең негізгі белгісі – әр ұлттың өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мұдделерді іске асыру үшін құресу, ұлттық мақсаттар мен мұдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мұдделеріне ұштастыра білу. Өз ұтының жетімсіздер, мешеулеу жағымен құресе отырып, ілгері

дамыған ұлттардың жақсы, жағымды жақтарынан үйрену, дүние жүзілік гуманистік санаға жету. В. Бромлей рухани ұлттық сана сезім – «адамның өзінің осы ұлттың өкілі екендігін, ұлт мұддесі мен құндылықтарын және басқа ұлттарға көзқарасын сезініп түсіну, бір сөзben өзінің кешенді ұлттық ұғымын қалыптастыру» деп білгірлікпен атаған. Жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеу XIX ғасырдағы ақыны, жауынгер жыршысы Махамбет Өтемісұлы өлеңдерінде ерекше орын алады. Отанын, елін, жерін жаудан корғай білушілік, отбасы, аулы—аймақ, ел намысын қорғау жолында жан аймаушылық сияқты ізгі қасиеттерді дәріптей отырып, жастардың бойына ұлтжандылық пен гуманистік қасиеттерді сініре аламыз. Осы тұргыдан алғанда қазактың ұлы ойшыларының кеменгердік ой-пікірлерін оку-тәрбие ісінде орынды пайдалана отырып, оқушы жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу – педагогтың басты парзызы. М. Әуезов айтқандай: «Ел боламын десен, бесігінді түзе». Рухани құндылықтарға тәрбиелеуде, дін ұстанымдарына ерекше көгіл бөлген жөн.

Жалпы, дін мәселесі қазір әртүрлі радикалды топтардың теріс көзқарастарының нәтижесінде, күрделі болып тұрганы шындық. Дінге соқыр сезіммен емес, оған ғылыми көз қараспен қарау, мәселені он шешері анық. -

Дінге көзқарас өзгеруіне байланысты елімізде жер-жерлерде діни медреселер ашылып, балаларды имандылыққа баулуда иғілкіт іс-шаралар іске бастады. Қазақ халқының төл мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-гұрпы арқылы жас жеткіншектердің ұлттық сана сезімін, имандылық қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Діни – рухтық тәрбиеге ерекше назар аударған. Жалпы білім беретін орта мектептерде діни–рухтық тәрбиеден оқушыларды хабардар ете бастауға болады. Балалардың жасына, білім дәрежесіне қарай діни–моральдық ахуалмен таныстыратын, балалар бойына адамгершілік, мейрімділік, болашаққа сенім, тазалық пен пәктік сияқты қасиеттерді түсіндіретін хадистерді үйретуге болады. Мұхаммед пайғамбардың хадистерін, мұсылмандықтың

бес парызын. Халифа Алтайдың «ғылымхалін», Абайдың «Қара сөздеріндегі» діни – рухтық идеяларды және қасиетті Құранның сүрелерінен бала қабылдауына лайықтарын үйрете беру артық емес. Діни рухтық – тәрбие сағаттарын жүргізе беру, тәрбиенің ең негізгі мақсаты – баланың өзіне сенімін қалыптастыру, өзін – өзі тәрбиелеуге баулу.

Шығыс ғұламалары Омар Хайям: «Адамдардың пайдалысы – адамдарга пайда келтіргендер» десе, Рудаки бұл ойды одан әрі нақтылай түседі: «Өмір – теңіз, жүзем онда деменіз, ізгіліктен жасалмаса кеменіз». Қарап отырсақ, әлемдегі қайғы-қасиеттердің болу себебі адам өмірінде адамгершілік құндылықтардың және арман-мұратының болмауынан екен. Сондыктан да ізгіліктің ең үлкені – адамдарға жақсылық жасау деп түсінсек, мұның өзі адамның бойында ізгіліктің болуынан бастау алады екен. Біреулер көгамда көп ғылымның, біреулер үлкен байлықтың иесі болар. Біракта адамда адамгершілік қасиеттер болмаса, бұл жеткен жетістіктері жалаң, жадағай болып шығады. Ал қазақ ойшылдарының көзқарасындағы басты идея «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы көпке ортақ, пайдан еліңе, халқына тисін», деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды. Қазіргі таңда білім беру мекемелері міндеттерінің бірі – кез келген жасөспірімге білімді менгерту ғана емес, оның рухани – адамгершілік қасиеттерін танып, ішкі жан дүниесіне әсер ету арқылы жас үрпактың өзін – өзі дамытуына жол көрсету. Рухани – адамгершілік тәрбие – дұрыс дағдылар мен әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, үйымдағы қарым – қатынас мәдениетінің тұрақтылығы.

Рухани – адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз окушы өміріндеғі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін-өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез-келген затка, жан-жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу. Сондыктан рухани – адамгершілік білімі жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы – руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік

ұстанымдарын өз бойында шындалап, жетілдіруге ұмтылады. Тұлғаның руханилық санасы – өмірдің мәнін, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсіну қабілетін дамыту, жақын адамдарының алдындағы жауапкершілігін сезіну, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындау.

Жас ұрпакқа рухани тәрбие мен білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін қоршаган оргамен үйлесімділікте ұстай білуі, жердегі тіршілікті сактау үшін өзінің қажеттілігін түсінуді қамтамасыз ету. «Біз білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртқымыз келеді. Сол арқылы әр адам өз бойындағы қабілеттерін толық жүзеге асырып, өз мемлекетімізге ғана емес, бүкіл адамзат іігілігіне пайда келтіре алатындан болуы керек. «Өзін-өзі тану»— өздерінің дene және рухани құштерін жете бағалайтын, өз тілегі мен сезімін қажетті арнаға бұра алатын, өзіне талап қоя алатын, өз құшіне, өз қабілетіне, өмірлік мақсаты мен міндетіне жету жолындағы мүмкіндігіне сенімді, Отанын, елін-жерін сүйстін, рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасқан толық адамды тәрбиелу.

Жоғары рухани құндылықтар: махабbat, жақсылық, омір мәні, ақиқат, еркіндік, сұлулық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сұру, жалпы адамгершілік және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсак, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сұру түрін еркін тандай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, діні, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата-мұрасы және т.б.

Еліміздің білім беру жүйесінде жас ұрпакты ұлттық құндылықтар негізінде руханилық пен адамгершілікке бағдарлап білім-тәрбие беру ісі өткір мәселе саналады.

Осы тұрғыда «Өзін-өзі тану» ұлттық құндылықтарды дәріп-теуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның терендігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сініруді мұрат етіп отыр. Бұл орайда рухани тәрбиелу арқылы ұлттық тәрбие беру желісі нені тұтқа етеді деген мәселеге келсек, мұндағы басты құрал оқу материалдары, яғни тақырыбы мен мазмұны жағынан бала рухын тербететін, жанын елжірететін, масаттандыратын, табындыратын, әсемдік сезімін, ар-намыс сезімін оятатын, білуге құмарлыққа, ак көнілділікке, ерлікті көксеуге, күш-қайратты шындауға ұмтылдыратын – нағыз ұлттық, казақша ойлайтын, қазақша сөйлейтін, тілеуі, қалауы, арманы қазақша болатын, өз бойынан ата-бабасының қаны мен рухын сезінетін, өз халқының би, батыр, шешен, даналарының өнеге-үлгісін ұстанатын, елінің тағдырына, тарихына жаны тебіренетін – көркем шығармалар, адамгершілік бастаулары, әдептілік қагидалары, өситет әңгімелері, шешендік сөздері және т.б. Міне, осындай қуат бойына да-рыған жас ұлан келешекте бәсекеге кабілетті болатыны сенімді. Тұлғаны рухани дамытуға ықпал ететін ұлттық тәлім-тәрбие де-сек, оның негізгі қагидалары:

акылды, намыскор және көпшіл болу. Өнегелі және арманышыл болып өсу, айтқан сөзді тындау, адамгершіл, шыншыл және бай-салды болу;

- өскен ортаның ықпалдарына мән беру. Табиғат зандылықта-рын, жануарлар дүниесін, өсімдік жамылғысымен танысу;

- акылды, білімді болып өсу. Ақыл-ойды дамыту әрекеттері. Дамыта отырып тәрбиелу үрдістері;

- қонақжайлышық, сыйпайылық, мейірбандылық, әдет-ғұрыптарды қастерлеу, үлкен адамдарды сыйлау, бата-тілектерді дәріп-теу;

- парасатты, қанағатшыл, елжанды және отансұйғіш болып өсу, қайратты, әділетшіл һәм адалдық қасиеттері бойына сінірген тұлға болу;

- тыйым сөздер мен ырымдарды сактау және қастерлеу;
- тәлім-тәрбиенің біртұтас этнокомплексті түрде жүргізілуі;
- денсаулықты шыңдау және тазалықты (гигиенаны) сактау, салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- үлкенді өнеге тұту, кішіге ізет көрсету, ұлттық қазыналарды қастерлеу, өситеттер мен аманаттарға назар аудару. Адамзаттың рухани тәжірибесі тәрізді төрт тарауды қамтитын базалық мазмұн өзін-өзі тану, өзгелерді тану, әлемді тану, адамзатты тануға құралған мазмұндық желілерді нактылайды.

Аталған тараулар өзін-өзі тану үдерісінің түйінді бағыты болып табылады, өйткені олар адам өмірінің логикасына, жалпы адамзаттық жүйеге толықтай сәйкес келеді және жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өзін-өзі танып, өзін-өзі іс жүзінде мейлінше көрсете білуге айтартықтай мүмкіндік береді. Бұл тараулар мектептің түрлі сатыларындағы оқыту мазмұнын, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, накты бірізділікпен құрылған. Сабакта міндетті түрде орындалатын сабактың әдіс-тәсілдері: олар – «Шаттық шенбері», «Әңгімелесейік», «Дәйексөз», «Жаңа ақпарат», «Шығармашылық жұмыс», «Өзіммен-өзім», «Тыныштық сәті», «Дәптермен жұмыс», «Сергіту сәті», «Жағдаяттарды талдау», «Сахналу», «Ойын-Жаттығу», «Жүректен–жүрекке». Сабактың басталуының өзі ерекше, біріншіден оқушыға еркіндік беріледі. Ол өзін-өзі еркін ұстауға үйренеді, пікірі дұрыс, бұрыстығын өзара пікірталас кезінде ғана түсінеді. Пікірталас кезінде барлық пікір қабылданады, құрметтеледі. Мәтінді талдау арқылы көзделген мақсатқа жету, көптеген әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Пікірталас, топтық, жұптық, белсенді жеке жұмыс түрінде болуы мүмкін.

Рухани тәрбиелеу ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қайнарын сініріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптері мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негіздел-

ген. Рухани тәрбиелеу арқылы адамның жүргегінде камқорлық, өз еліне сүйіспеншілік пен шынайы патриотизм рухы қалыптасады. Рухани тәрбиелеу білім беру жүйесіндегі орны жеке тұлғаның бойында рухани – адамгершілік қасиеттердің қалыптасып, дамуын қамтамасыз ету мен адамзаттың табиғатпен үйлесіміділікке дамуын сезінумен айқындалады. Білім беруде жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуда, оның бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруды ерекше. Бұл адамгершілікке тәрбиелеудің негізі, қарым – қатынас жасау мен дүниетанудың құралы, оқушының зердесі мен шығармашылығын дамытудың арнасы. Тәрбие әрекетінде бір – бірін толықтыратын, бір – бірімен сабактас өзара байланысты мектеп пен отбасының бірлескен әрекеті оқушылардың адамгершілік құндылықтарды менгеруіне, әлеуметтік тәрбие алуда, өзін – өзі тануда маңызы зор.

Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын, қарым – қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез – келген мектептің міндепті болса, оқушының өзін тануына, басқаны тануына, баланың болашақ дамуына рухани тәрбиелеу зор ықпал етеді. Әр адамның рухани өмірі ізгілігі өзіне ғана тән. Кей бала эстетикалық құндылықты қаласа, кей бала табиғатты тандайды. Оқушылардың ұжымдық тұлғалық сана тәрбие процесі жағдайына тәуелді. Оқушыларды рухани құндылықты сезінуге үйретуде және сапалы білімді менгеруге іс-әрекетті ұйымдастырудың мәні зор.

Мағжан рухында бүгінгі жастарды тәрбиелеудің аса маңыздылығы оқушы жастарды елін, жерін, ұлтын сүйе білетін шынайы ұлтжанды патриот азамат етіп тәрбиелеудің қажеттілігінен туындалп отырғанын атап айтудың керек. Еуромәдениетті желеу етіп өз ұлтын, ата-тегін, ана тілін менсінбей, өз ділінен, тілінен безініп, өзгелердің жыртысын жыртып, туын көтеретін мәнгүрт жастардың көбеюі де себеп болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Э. Назарбаев: «Біздің алдымыздың иғі дәстүрлерін сақтайтын

күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын үринақ тәрбиелеу міндеті тұр» – деген болатын. Ұлтжандылық пен отансыздықтың окушылар бойына құрғак уағыздармен қалыптастыру мүмкін емес. Оны тек қана елін – жерін қасық қаны қалғанша қорғап өткен от жүректі бабалар рухында ғана тәрбиелеуге болады. М. Жұмабаев өз ғасырынан озып туған ғұлама адам. Ол ұлы ұстаз, ақын, философ, әдебиетші, тарихшы. Оны оқып, зерттеу бүгінгі ғалымдар мен ізденушілер үлесіне тиесілі болмақ. Мағжаның әділ бағасын беру, бүгінгі ұрпақ үлесіне гиесті. М. Жұмабаевтың өмірі мен өнегесін, оның әдеби-педагогикалық мол мұрасын жүйелі түрде оқу-тәрбие ісіне енгізіп, жас жеткіштектерді тәрбиесуде қолдансақ, олардың жан-сезіміне. Оғанға, ел-жүргізке деген сүйіспеншілік, нық сенім, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастырамыз. Тағдыры ғалеккес түсіп, касірет пен қайғы шырмауынан шыға алмай, қатығез заманның құрбаны болған осынау аяулы жан, әліде болса, қогамнан өз багасын толық алған жоқ, оның бізге айтып кеткен аманатын біз әлі орындаган жоқпыш. Ендеше, бүгінгі жас ұрпақты Мағжан Жұмабаев сынды ұлттың ұлы ұлдарының үлгісінде оқытып, тәрбиелеу-қазіргі заманның алға қойып отырған міндеттерінің бірі болса керек.

3.4. Мағжан әлемі немесе сөз соңы...

Жиырмасыншы ғасырдың басы – демократиялық бағыттағы қазак зияллыларының ерекше шоқжұлдызы: Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шокай, Міржақып Дулатов, Жұсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды алыптар өмір сүрді. Бұлардың сол заманда-ак көтерген мәселелерінің мәні өте терен екенін және айтқан ойларының мағынасын енді ғана толық түсіне бастағанымызды байқаймыз. Шын мәнінде олар өз заманынан озық туған

тұлғалар еді. Жырымасыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының көзқарастары терең демократиялық және гуманистік сипатта болды. Олардың шығармаларында жалпыадамзаттық маңызды ие мәселелердің де көтерілгенін айтпасада түсінікті. Дәл осы кезеңде ғұмыр кешкен ең көрнекті қазақ ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев, поэзия аспанын жарқын таланттымен ерекше шұғылаға бөледі... Құні бүгінге дейін Мағжан поэзиясының биігіне жеткен ешкім жоқ десек қателеспеген болармыз..

Мағжан шығармаларында айтылатын қагидалар мен ойлар, ақын жүргегін мазалаған толғаныстар бүгінгі таңда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Ақынды алғашқы өлөндерінен бастап, соңғы демі үзілгенше тұган халқының, бүкіл түркі жұрттының, Шығыс мәдениетінің, жалпыадамзаттың тарыхыры толғандырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтақ даланы тамашалап, еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып ер жеткен Мағжан бойында, әуелгіде, өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

«Шынында менің өзім де – от,
Қысылған қара көзім де – от.
Мен оттанмын, от – менен
Жалынмын мен жанамын
Оттан туған баламын».

Ақынның «от» деп отырғаны – халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, тіпті, әлем халқына өз өркениетінді танытуға болады деп есептейді. Мағжан халықтың тарихи зердесін оятып, ұлттық наимиси мен ұлттық рухын сілкіндірудің қажеттігін, ортақ мұdde жолында топтасқан ұлттың ғана азаттық алышп, әлемдік өркениеттік қауымдастық қатарына бәсекеге қабілетті болып қосыла алатынның осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын-ақ түйсініп, өршіл жырга айналдырып, айта алған. Және туған халқының сол замандағы қыын халін, кенжелеп қалған тұрмыс-тіршілігін көре отырып, осылай жасаган:

«Үйкы басқан қабагын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жұрген ескі заңымен,
Алдыңдагы малымен,
Бірге жусап, бірге өрген.
Алаш деген елім бар,
Неге екеппін білмеймін –

Сол слімді сүйемін!», – деп суреттейді ақын сол замандағы ұлттың болмысы мен тұрмыс-тіршілігі туралы. Ұлтты сүю, кісілік деңгейге дейіш көтерілу, туған халқының мұддесі үшін құроғылышқа баруга әзірлік – Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұралы. Жас үршакқа арналған «Педагогика» окулығында ол: «Ойнің елін сүюі, яғни еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайды келтіріп, зиян келтірмеуді» әрбір адамның қасиетті борышын ретінде атап көрсетеді.

Жиырмасының ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялышарының ұлы шоғырын топтастырган ортак мұрат – бодандық бұғауында жашылған елін құлдықтан құтқару, жаңа ұлттық сананы қалыптастыру, өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Мағжан да осы мұратты жүзеге асырудың жолдарын іздең, басын тауға да, таска да соққан.

«Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,
Отырайық жылылып, ондалайық.
Мың жылғы өткен қумай ата занды,
Өнерден кем қалмайық, ойланайық,
Жер қалар, біз жылылп қала салсақ,
Қайдағы онды жерді таңдал алсақ», –

деп, отырықшы тұрмыска көшіп, қала салуды елді, жерді ешкімге бермей, сактап калудың бірден бір жолы ретінде ұсынады. Сондай-ақ:

Ал мына өлеңінде ақын:
«Кітап әпер, оқысын, балан қолына,

Малды аяма оку-білім жолына.

Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей азаматтың тобына!» –

деп, қазақ ұлттының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындағы етіп тәрбиелеу ісінен іздейді. Магжан Жұмабаев – тек бір ұлттың ішкі әлеуметтік проблемаларымен шектеліп қалмаган ойшыл. Дана ақын ойы қазақтың кен даласынан жоғары қөтеріліп, бүкіл әлемді шарлап кетеді:

«Адамзат баласына енді көштім:

Япыр-ай, осындай-ау адам-дағы

Бірі құшті, біреуі жаман-дағы

Күштісі әлімжеттік қылғаннан сон,

Дүние де жақсылықтан аман-дағы».

Магжан заманында болған негізгі қайшылықтар бір ғасыр өтсे де шешімін тапқан жоқ. Керісінше, жиырма бірінші ғасырдың басында олар әлдеқайда қүрделене түскен сыңайлы.

Ұлт тағдыры, ел бірлігі туралы «он ойланып, жұз толғанған» қазақ ақыны бірте-бірте әлемдік ойшылдар қатарына қөтеріліп, жалпыадамзаттық проблемаларға өзінше үн қатады. Адамдардың жаппай пайда қууы, өнер-білімнің өзін пайда табудың, біреуге зорлық жасаудың құралына айналдыру – адамзатты апатқа соктыратын жол екенін Магжан сол кезде-ақ сезінген. Магжанның көзқарасы бойынша, адамның әдемі пішіндерді, табиғаттың сұлулығын көру қабілеті, терең ойлау мен қиялдың ұшқырлығы қүрделі таным процесі арқылы жүреді. Ақын жалпы «таным» деген ұғымды әртүрлі әдемі түстерден ракат алу, табиғат құбылыстарының жаратылышы, ондағы дыбыстардың сан алуандылығынан ерекше әсер алу деп ұғады. Сұлулықты сезіну адамның өмірге деген қызығушылығын арттырады. Ол эстетикалық талғамы бар адамның барлық уақытта жамандықтан жиреніп, ізгіліктің, жақсылықтың қажеттілігін сезіне білетіндігін баса айтады: «Сұлулық сезімдері адамның дұрыс, сұлу, ләzzат іздеуіне,

сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, хатта жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тыйылуына көп көмек көрсетеді». Кешегі кенестік құқықтық саясат ұзак уақыт бойы осынау кеменгер ақынның есімін де айтқызбай, халық жадынан ұмыттыруға тырысын бакса да, Мағжан жырлары қара түнектін өзін жарып шыкты, сойтіп, өзі армандаған тәуелсіз қазақ елінің еркін ойлы азаматтарына мәнгілік рухани азыққа айналды.

«Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар.

Ор жүргіттың жолбасшымен көзі ашылар.

Не елші, не жол сілтер кітабы жок,

Алапика әлде жазғаны бар да шығар?» – деп, бүгінгі күнді болжап кеткен ақынның сұнғылалығына тәнті бола отырып, нағыз сүні сағатта елімізді тәуелсіздікке бастаған Жолбасшының да болғанына, жол сілтер кітаптардан да кенде қалмағанымызға мың да бір шүкіршілік етеміз.

Жалпы, Мағжан еңбектеріндегі адам құқығы мен бостандығы үлгіткішін жалпыадамзаттық құндылықтар, поэзия мен философияның аракатынасы, ой еркіндігі, адам болмысы мен имандылығы, әлеуметтік таным мәселелері, Мағжанның ойлау мәдениеті және дүниетанымы қазіргі күні жаһандану түрғысынан жүйелі және теренірек философиялық-дүниетанымдық зерттеуді қажет етіп отыр.

Дәл осы кезеңде ғұмыр кешкен ең көрнекті қазақ ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев, поэзия аспанын өзінің құдай берген жарқын талантымен ерекше шұғылаға бөледі. «Өлеңнің тілге жеңіл, құлакқа жылы тилюін Абай да іздеген, – деп жазады Жұсіпбек Аймауытов өзінің 1923 жылғы «Мағжанның ақындығы туралы» деген мақаласында, – Абай да сөздің ішін мәнерлеп, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанга жеткен қазақ ақыны жок... Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жана түр кіргізіп, сонына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жок».

Ал қазақ халқының тагы бір кеменгер перзенті Мұхтар Әуезов 1927 жылы «Еңбекші қазак» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің сауалдарына қайтарған жауабында «Мағжан – культурасы зор ақын... заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын болады... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжан сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» деп жазады. Бұдан біз көзі тірісінде-ақ Мағжан Жұмабаев жырларының қазақ халқы, тек қазақ халқы ғана емес-ау, бүкіл түркі әлемі зиялды қауымының санасы мен сезімін жаулап алып, аймақтық, тіпті, әлемдік мәдениеттегі ерекше құбылысқа айналғанын байқаймыз. Шынымен-ақ, Мағжан шығармаларында айтылатын қағидалар мен ойлар, ақын жүргегін мазалаған толғаныстар бүгінгі танда, бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, өз мәнін жойған жоқ. Керісінше, уақыт озған сайын ұлттық, ұлыстық, жалпыадамзаттық философиялық- әлеуметтік проблемалар қатарында алдымыздан қайта шығып отыр. Жұсіпбек Аймауытов сөзімен айтсақ, «Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен құшті, маржандай тізілген, торғындағы үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұнды зарымен құшті». Оның өлеңдері «әлде өкіндіреді, әлде мұнайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді». Ақынды алғашкы өлеңдерінен бастап, соңғы демі үзілгенше туган халқының, бүкіл түркі жүртіның, Шығыс мәдениетінің, жалпыадамзаттың тарихы толғандырады. Ес білгеннен көкжиекке дейін керілген кең байтак даланы тамашалап, еркін өскен, елінің өткен даңқты тарихы мен ертегі-аңыздарын құлағына құйып ер жеткен Мағжан бойында, әуелгіде, өршіл ұлттық рух кемерінен асып төгіледі:

«Шынында мениң өзім де – от,

Қысылған қара көзім де – от.

Мен оттанмын, от – менен

Жалынмын мен жанамын

Оттан туған баламын».

Ақынның «от» деп отырғаны – халықтың ұлттық рухы. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге, тіпті, әлем халқына өз өркениетінді танытуға болады деп есептейді. Мағжан халықтың тарихи зердесін оятып, ұлттық памысы мен ұлттық рухын сілкіндірудің қажеттігін, ортақ мұdde жолында топтасқан ұлттың ғана азаттық алып, әлемдік өркениеттік қауымдастық қатарына бәсекеге қабілетті болып қосыла алғатының осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын-ак түйсініп, оршіл жырыға айналдырып, айта алған. Және туған халқының сол замандағы қыны халіп, кепжелеп қалған тұрмыс-тіршілігін көре отырып, осылай жасаган:

«Үйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жүрген ескі заңымен,
Алдындағы малымен,
Бірге жусап, бірге өрген.
Алаш деген елім бар,
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін!», –

деп суреттейді ақын сол замандағы ұлттының болмысы мен тұрмыс-тіршілігі туралы.

Ұлтты сүю, кіслік деңгейге дейін көтерілу, туған халқының мұддесі үшін құрбандыққа баруға әзірлік – Мағжан Жұмабаевтың өмірлік мұраты. Жас үрпакқа арналған «Педагогика» оқулығында ол: «Өзінің елін сүюі, яғни еліне жауыздық тілемей, ізгілік тілеу, пайда келтіріп, зиян келтірмеуді» әрбір адамның қасиетті борышы ретінде атап көрсетеді. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялышарының ұлы шоғырын топтастырган ортақ мұрат – бодандық бұғауында жанышылған елін құлдықтан құт-

кару, жана ұлттық сананы қалыптастыру, өзге өркениетті елдер қатарына косу болғаны белгілі. Мағжан да осы мұратты жүзеге асырудың жолдарын іздең, басын тауға да, тасқа да соққан.

«Кел, қазақ, қолдағыдан құр қалмайық,

Отырайық жиылып, ондалайық.

Мың жылғы өткен қумай ата занды,

Өнерден кем қалмайық, ойланайық,

Жер қалар, біз жиылып қала салсақ,

Қайдағы оңды жерді таңдал алсак», –

деп, отырықшы тұрмысқа көшіп, қала салуды елді, жерді ешкімге бермей, сақтап қалудың бірден бір жолы ретінде ұсынады. Сондай-ақ:

Ал мына өлеңінде ақын:

«Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,

Малды аяма оку-білім жолына.

Өнер алып, басқалармен қатар бол,

Қосыл бірдей азаматтың тобына!» –

деп, қазақ ұлттының әлемдік өркениет көшіне қосылуының жолын өнер-білімнен, жас ұрпақты өзге елдердегі замандастарымен бәсекеге түсе алатындағы етіп тәрбиелеу ісінен іздейді.

Мағжан Жұмабаев – тек бір ұлттың ішкі әлеуметтік проблемаларымен шектеліп қалмаган ойшил. Даны ақын ойы қазақтың кең даласынан жоғары көтеріліп, бүкіл әлемді шарлап кетеді:

«Адамзат баласына енді көштім:

Япыр-ай, осындаі-ау адам-дағы

Бірі құшті, біреуі жаман-дағы

Күштің әлімжеттік қылғаннан соң,

Дүние де жақсылықтан аман-дағы».

Мағжан қазақ халқының шынайы өкілі ретінде әлемді, тарихты, кеңістікті «адам мен адам», «адам мен қоғам» және «адам мен табиғат» арасындағы үйлесім арқылы бейнелейді. Ұлы ойшил адамның жандүниесіне керекті бірден-бір қасиет – қиялдың қалыптасуына жағдай тудыратын оның қоршаған ортасы деп са-

наган. Адам халықтың мүддесі тұрғысынан шынайы қиялдай білуге тәрбиеленуі керек, сонда ғана арман мен қиял адамды жақсылыққа, ізгілікке жетелейді.

Мағжанның қөзқарасы бойынша, адамның әдемі пішіндерді, табиғаттың сұлулығын көру қабілеті, терең ойлау мен қиялдың үшкірлігі күрделі таным процесі арқылы жүреді. Ақын жалпы «таным» деген ұғымды әртүрлі әдемі түстерден рақат алу, табигат құбылыстарының жаратылсы, ондағы дыбыстардың сан алуандылығынан ерекше әсер алу деп үғады. Сұлулықты сезіну адамның омірге деген қызығушылығын арттырады. Ол эстетикалық талғамы бар адамның барлық уақытта жамандықтан жирип, ізгіліктің, жақсылықтың қажеттілігін сезіне біletіндігін баса айтады: «Сұлулық сезімдері адамның дұрыс, сұлу, ләззат ілеуіне, сұлу нәрсені сүюіне, көріксіз нәрседен жиренуіне, хатта жақсылыққа ұмтылып, жауыздықтан тыйылуына көп көмек көрсетеді

Кешегі кеңестік құқықтық саясат ұзак уақыт бойы осынау кемеңгер ақынның сссімін де айтқызбай, халық жадынан ұмыттыруға тырысын бақса да, Мағжап жырлары қара тұнектің өзін жарып шықты, сөйтіп, өзі армандаған тәуелсіз қазақ елінің еркін ойлы азаматтарына мәнгілік рухани азыққа айналды.

«Жібердің басқа жұртқа жолбасшылар,

Әр жұрттың жолбасшымен көзі ашылар.

Не елші, не жол сілтер кітабы жок,

Алашқа әлде жазғаны бар да шығар?» – деп, бұғінгі күнді болжап кеткен ақынның сұнғылалығына тәнті бола отырып, нағыз сын сағатта елімізді тәуелсіздікке бастаған Жолбасшының да болғанына, жол сілтер кітаптардан да кенде қалмағанымызға мың да бір шүкіршілік етеміз. Мағжан поэзиясындағы адам құқы мен бостандығы ұлттық пен жалпы адамзаттық құндылықтар, поэзия мен философияның аракатынасы, ой еркіндігі, адам болмысы мен имандылығы, әлеуметтік таным мәселелері, Мағжанның ойлау мәдениеті және дүниетанымы казіргі күні жа-

хандану тұрғысынан жүйелі және теренірек философиялық-дүниетанымдық зерттеуді қажет етіп отыр. Адамзат қауымындағы Мағжан заманында болған негізгі қайшылықтар бір ғасыр өтседе шешімін тапқан жоқ. Керісінше, жиырма бірінші ғасырдың басында олар әлдеқайда күрделене түскен сыңайлыш. Бұл әлемде күшті мен әлсіз, бай мен кедей қалай бейбіт қатар өмір сүре алады? Құштінің әлсізді жем қылуы, өз мұддесіне пайдалануы, өз ықпалында ұстауы өзгермейтін заң ба әлде? Бұғінгі жаһандану заманында талай елдің алдында тұрған осынау сауалдардың жауабы кезінде Мағжан ақынды да толғандырылты. Ұлт тағдыры, ұлыс бірлігі туралы «он ойланып, жүз толғанған» қазақ ақыны бірте-бірте әлемдік ойшылдар қатарына көтеріліп, жалпы адамзаттық проблемаларға өзінше үн қатады. Адамдардың жаппай пайда кууы, өнер-білімнің өзін пайда табудың, біреуге зорлық жасаудың құралына айналдыру – адамзатты апатқа соктыратын жол екенін Мағжан сол кездे-ақ сезінген.

Біз қазір төрткүл дүниенің Батысы мен Шығысы, Солтүстігі мен Онтүстігі арасындағы тайталастың тым өршіп кеткенінің күәсі болып отырмыз. Не жасаса да пайдалылық принципін ғана ұстанған АҚШ пен Батыс әлем байлығының басым бөлігін бауырына басып қана қоймай, ғылым мен техниканың барша жетістіктерімен мұздай жарақтанып алып, енді жұмыр жер бетіндегі адамзатты бірегейлендіруді көздеген жаһандану процесін бастап кетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ зиялышарының ағартушылық ой-пікірлері мектеп ашу, оқу құралдарын жазу, халықты мәдениет пен өнер-білімге үндеумен байланысты сипатын, Ресей мемлекетіндегі XIX-XX ғғ. болған саяси-экономикалық және мәдени-ағартушылық саладағы өзгерістерден бөліп қарауга болмайды. Аталған кезеңдегі капиталистік қатынастар халықты қанаумен бірге, оған жаңа ой-пікірлерді, бостандық, азаттық идеяларын ала келді. Одан нәр алып, өз білімдерін халық игілігіне жұмсауға бағыттаған алғашқы ағартушылар – Шоқан Үәлиханов, Абай Құнанбаев, Ұбырай Алтынсарин болды. Олар өздерінен кейінгі ұлт зиялышарының үлкен тобының тарих сахнасына шығуына әсерін тигізді. Соның нақты мысалы ретінде XX ғасырдың басындағы Ә. Бекейханов, А. Һайтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералин, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ф. Қарашев, Х. Досмұхамедов т.б. қазақ зилдиларын атап айттымызға болады. Бұлар қазақ халқын сауаттандыру үшін оқулық жазып, әдістемелік құралдар, газет, журналдар шығарды, оқу-білімді насиҳаттады. Мағжан Абайды пір тұтса, Шоқан мен Ұбырайды ұстаз ретінде бағалады. Өзі тұстас қазақ зиялышарымен саяси-әлеуметтік қүрес майданына белсене араласты. Орыс ақындары мен ғалымдарынан да өнеге алды. Осының бәрі М. Жұмабаевтың педагогикалық көзқарасының қалыптасуына зор әсерін тигізді. Сөйтіп, Мағжан әдебиет әлемінде ақын болса, өмірдегі негізгі мамандығы – мұғалім, ал ғылым саласында педагог-ғалым болып қалыптасты. Ол, «Педагогика» және өзге де еңбектерінде, ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқыту мәселесіне назар аударып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-қатынас жасаудың педагогикалық-психологиялық негіздерін аша білді. Пәндерді оқытуда қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін ескеру, оны сабакта пайдалану, дамыта оқыту, бала киялын өсіру, өздік ойлау үрдісін жетілдіру идеяларының өміршендігіне эксперименттік іс-тәжірибелер негізінде көз жеткіздік.

М. Жұмабаевтың әдеби-поэзиялық еңбектеріне шолу жасағанда тағы бір байқағанымыз, оның барлық шығармалары ұлттық нақышта жазылып, патриотизмдік рухқа толы, отансүйгіштік, түрікшілдік идеялар өзекті орын алған. Педагог-акын өзінін әрбір шығармасы арқылы оқушыларды патриотизмге, отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттады. Оның «Педагогика» атты оқулығы тұнып тұрган халықтық педагогика мен психологиясы. Онда халықтың мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, бала тәрбиелеу тәсілдері ерекше нақышпен суреттелген. Педагог-ғалым М. Жұмабаев, қазақ халқының рухани мұраларының жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі рөлін ғылымилықпен баяндай отырып, оларды қолданудың әдіс-тәсілдерін жаңаша жағдайда пайдаланудың қажеттілігін ұсынды. Сол мұралар арқылы оқушыларды ізгілікке, адамгершілікке, адами ұлы қасиеттерге тәрбиелеудің жолдарын көрсетті. Сонымен бірге, М. Жұмабаев халық педагогикасының бәрін оқу-тәрбие ісіне талғаусыз енгізе бермей, оны бүгінгі күн талабына сай жаңаша, өркениетті жағдайда пайдаланудың жолдарын мәнзейді.

М. Жұмабаевтың қазақ педагогикасына снгізген ерекше жаңалығы оның ұлттық психология ғылымына қосқан үлесі. Ол психологиялық ғылыми қағидаларды зерделей келе, оны қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық психологиясына жақыннатудың жолдарын қарастырады. Әсіресе, тіл мәселесіне келгенде баланың бастапқы (1-4) сыныптарда тек қазақша оқу керектігін дәлелдеді. Сонымен бірге, баламен жұмыс істейтін үлкендердің таза әдеби қазақ тілінде сөйлеп, тіл тазалығын сактау қажеттілігін алдыңғы орынға қоя білді. М. Жұмабаевтың бұл идеялары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов тағы басқа зиялыштардың педагогика саласындағы ойларымен ұштасып жатқанын айтпауға болмайды. Бұлай болмаган күнде, бұл зиялыштар идеялық тұрғыдан бір-бірін толықтырмас та еді. Біз, өзіміздің зерттеу жұмысында, М. Жұмабаевтың педагогикадағы бай идеяларын талдай отырып, оны оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдары мен мүмкіндіктерінің молдығын анғардық.

Сонымен бірге, М. Жұмабаев шығармаларының негізінде мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда пайдалануға болатындығына көзіміз жетті. Қорыта айтқанда, еліміздің жас ұрпағын ұлтжандылық пен отансұйғаштікке тәрбиелеу проблемасы алдымызда тұрғанда, Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығын қазак тілді мектептерде оқып үйрену, одан нәр алу ұлы шарыз. М. Жұмабаевты қазак педагогикасының негізін қалаған және оның көш бастаушыларының бірі деп айтуымызға әбден болады. М. Жұмабаевтың өнегелі өмірі мен тәлім-тәрбиелік ой-пікірін оқу-тәрбие жұмысына енгізудегі басты мақсат, окушы жастандардың бойына адамгершілік пен ұлылық қасиеттерді дамыту. Әр түрлі жаман, теріс пигылдардан арашалау, ізгілік пен инабагтылық сезімдерді жүректеріне ұялату, сөйтіп ұлтын, елін, жерін сүйсін арлы азамат тәрбиелеу.

Осы тұрғыдан келгенде, М. Жұмабаевтың ұлттық тәлім-тәрбие, тіл, дін, діл, мәдениет туралы айтқан ойларының осы заманда да өміршең екендігі даусыз. Ғылыми – зерттеу жұмысымыздың аясында жүргізілген педагогикалық, әдеби, ғылыми- әдістемелік оқулықтарға жасалған талдаулар, мектептерде жүргізілген тәжірибелік-педагогикалық жұмыстардың нәтижелері төмендегідей қорытынды және ұсныстар жасауға мүмкіндік береді:

1. М. Жұмабаевтың тәлімдік идеялары қазіргі заман талabyна сай, еліміздің оқу-тәрбие жүйесіне бейімделіп, оның ғылыми- әдістемелік талаптарымен ұндастырылады.

2. М. Жұмабаев еңбектерінің ғылыми- педагогикалық, тәрбиелік жақтары зерделеніп, ұлттық педагогика тұрғысынан анықталып, окушыларды отан сүйгіштікке, патриотизмге, ізгілікке тәрбиелеуде он ықпал ететіндігі дәлелденді.

3. М. Жұмабаевтың әдеби-педагогикалық туындылары саралынып, «Педагогика» оқулығындағы тәрбиелік маңызы бар қанатты сөздері жинақталды; Мұғалімдер мен окушыларға арналған «Мағжантану» курсы және сыйыптан тыс «Мағжан тағылымы» тәрбие сағаты жасалды. Мұғалімдер мен ата-аналар үшін «М. Жұмабаевтың тәлімгерлік тағылымдары» атты әдістемелік

құрал дайындалды. «М. Жұмабаевтың педагогикалық жолдары» бейнефильмі түсірілді. Сөйтіп, Мағжантанудың оқу-әдістемелік кешені түзілді.

4. М. Жұмабаевтың ұстаздық ой-пікірлерін мектеп мұғалімдерімен орта мектептің оқушылары үшін, оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдары ғылыми-әдістемелік тұрғыда эксперименттен өткізіліп ұсынылды.

5. М. Жұмабаевтың тәлім-тәрбиелік білімдерін үйрену барысында, оқушылар бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриоттық сезімдері өсе түсті.

6. Ұлттық салт-дәстүрлерге, мәдениетке деген оқушылардың қызығушылығы артты.

«М. Жұмабаевтың тәлімдік мұраларын ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерделей келе, қазақ педагогика ғылымына қосқан үлесін былайша бағалауга тұра келеді:

1. М. Жұмабаев ұлттық педагогика мен психологияның ғылыми негізін қалаушылардың бірі болды.

2. Ол қазақ мектебіндегі оқу-тәрбие ісін ұлттық сипатта ұйымдастыруды тұнғыш ғылыми-педагогикалық тұрғыда дәйектеді.

3. М. Жұмабаев оқу-тәрбие жүйесіне қазақ тілінде ғылыми-педагогикалық терминдерді енгізуін тұнғыш пионері болды.

4. Мағжан тұнғыш қазақ тәлім-тәрбиесін өркениетті елдердің педагогикасымен ұштастырудың ғылыми жүйесін жасады.

5. М. Жұмабаев педагогика-психология оқулығы мен бастауыш мектепке арналған оқу-әдістеме құралдарының тұнғыш авторы.

Зерттеу жұмысы бойынша төмөндегідей ұсыныстар жасаймыз:

1. М. Жұмабаевтың әдеби және тәлімдік мұраларын орта мектептің оқу-тәрбие ісіне жүйелі түрде енгізу, орта мектептерде оның тұған күніне арнап жыл сайын Мағжан оқуларын өткізіп отыруды дәстүрге айналдыру.

2. М. Жұмабаевтың тәлімдік мұраларын педагогикалық оқу

орындарында тереңірек оқып үйрену үшін педагогика тарихынан арнайы сағат бөлу.

3. Мұғалімдер біліктілігін арттыру институттарына «Мағжантану» атты арнайы курс енгізу.

4. Бастауыш сынып оқулықтарында Мағжанның балалық шағы туралы ғибратты әңгімелер мен оның балаларға арналған олендерін көбірек қосу, диафильмдер шығару.

5. М. Жұмабаевтың мұғалімдер мен ата-аналарға арналған «Педагогика» және басқа да еңбектеріндегі ғибратты сөздерін жинақтап, оку-әдістемелік құрал шығару.

М. Жұмабаевтың өмірі мен өнегесін, оның әдеби-педагогикалық мол мұрасын жүйелі түрде оқу-тәрбие ісіне енгізіп, жас жеткіштегерді тәрбиелеуде қолдансақ, олардың жан-сезіміне, Отанға, ел-жүргізке деген сүйіспеншілік, нық сенім, ұлтжандылық, ұлы адами құндылықтарды қалыптастырамыз. Бұл сезімдердің қалыптастасынын зерттеу барысы және тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар дәлелдеп берді. Біздің алға қойған мақсатымыз, М. Жұмабаевтың педагогикалық мұралары арқылы жастарға ұлтжандылық сезімін дарыту, оның педагогикалық идеяларын оқу-тәрбие ісіне кеңінен енгізіп, пайдалану және оны ұлттың ұлы педагог-ұстазы ретінде танып, өз орнын әперу болатын. Ал, бұл проблема әрине, қыска уақытта шешіле коймауы мүмкін.

Сондықтанда, М. Жұмабаевтың педагогикалық дүниетанымын зерттеу мұнымен шектелмеуі тиіс. Ендеше, оқушыларды М. Жұмабаевтың үлгілі өмірі мен шығармашылығының негізінде тәрбиелеу, қазіргі педагогика мен оқытушы-ұстаздардың басты ісі болуы керек қой деп ойлаймыз. Тәлімгер ұстаздың тәлім-тәрбиелік ойлары баға жетпейтін құнды туындылар, оларды оқып-үйрену, игілікке жарату ұстаздардың парызы болмак.

Сонымен, мұрагат құжаттамалары мен әдеби-педагогикалық, ғылыми – әдістемелік материалдарды талдау және орта мектептерде жүргізілген сынак іс-тәжірибелер корытындылары негізінде жүргізілген зерттеу жұмысымыздың мақсаты орындалды деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. -Астана, 2014.
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: ғылым, 2013. – 442 б.
3. Иассауи А. Ақыл кітабы. – Алматы: Атамұра, 2015. – 161 б.
4. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 120 б.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. // Қоңе түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. -Алматы: Жазушы, 2013. – 617 б.
6. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы: Рауан, 2001. – 201 б.
7. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 2010. – 415 б.
8. Құнанбаев А. Шығармалары. 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 2013. -340 б.
9. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / құрастырыған Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 2011. – 321 б.
10. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2012. – 112 б.
11. Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 2011. – 340 б.
12. Дулатұлы М. Шығармалары: макалалар, зерттеулер. 2-том. – Алматы: ғылым, 2013. – 345 б.
13. Бекейханов Ә. Таңдамалы. /Бас редакторы Нұргалиев Р. – Алматы. -2005. - 476 б.
14. Досмұхamedов Х. Аламан. –Алматы: Ана тілі, 2011. – 156 б.
15. Назарбаев Н. Ә. Қазактың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы // Қазақ тарихы. – 2008. – №3. – 15 б.

16. Тәжібаев Т. Т. Педагогическая мысль Казахстана во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Казахстан, 2005. – 150 с.
17. Сембаев Ә. І. Қазақ совет мектебінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 2007. 1506.
18. Шонанов Т. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. //Құрастыруышылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. – Алматы: Рауан, 2008.
20. Жұмабаев М. Таңдамалы (Өлендер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар)- Алматы: Ғылым, 2006. – 272 б.
21. Әлжанов Ш. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. //Құрастыруышылар: Жарықбаев Қ., Қалиев С. – Алматы: Рауан, 2006. –
22. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – Алма-Ата: АН Каз. ССР, 1950. – 280 с.
23. Тажибаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. – Алма-Ата: Казахстан, 2006. – 163 с.
25. Бержанов Қ. Халық ағарту саласындағы орыс-казақ ынтымалы. – Алматы: ҚМБ, 2005. – 160 б.
26. Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы: Мектеп, 2005. – 350 б.
27. Шаймердинова К. Педагогические взгляды Абая Кунанбаева. – Алматы: Рауан, 2000. – 69 с.
28. Құдиярова А. Педагогические взгляды Ш. Кудайбердиулы: Автореф. дисс. на соиск. канд. пед. наук. – Алматы, 1994. – 20 с.
29. Әлсатов Т. М. Қазақ хандығы тұсындағы педагогикалық ойлардың дамуы (XV-XVIII ғғ.): Пед. ғыл. док. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Автореф. – Алматы, 2000. – 20 б.
30. Төрекұлов Н. Ұлт мәселесі және мектеп. – Москва, 2001 – 155 б.
31. Мадин М. Б. Қазақстанда совет дәүіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы. – Алматы: 2006. – 110 б.
32. Қеккөзова М. Б. Педагогические идеи Джамбула Джабаева: Автореф. дисс. на соиск. канд. пед. наук. – Алма-Ата, 2007. -20 с.

33. Камалиева К. К. Общественно-педагогические деятельность С. Сейфуллина и вопросы образования и воспитания в его творчестве: Автореф. дисс. на соиск. канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1968. -21 с.
34. Ибраева К. Ж. Педагогические взгляды М. О. Ауэзова: Автореф. дисс. на соиск. канд. пед. наук – Алматы, 1991. – 19 с.
35. Садвакасова С. С. Педагогические взгляды С. Кубеева: Автореф. дисс. на соиск. канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1968. -23 с.
36. Көшенова Р. Н. Педагогические взгляды М. Жумабаева: Автореф. дисс. на соиск. канд. пед. наук. – Алматы. 1995. – 13 с.
37. Тұрсынова А. Б. Х. Досмұхамедұлының тәлім-тәрбиелік мұрасы: Пед. ғыл. канд. алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 1997. - 206.
38. Шалғынбаева Қ. Қ. С. Торайғыровтың педагогикалық-ағартушылық идеялары: Пед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін жазылған дисс. – Алматы, 1995. -56.
39. Хамитова І. Р. А. Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995): Пед. ғыл. док. ғыл. дәреж. алу үшін дайындалған. диссерт. Авторефераты. – Алматы, 1998. – 206.
40. Даирбаева А. Е. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы (XIX ғасырдың 2-жартысынан қазан төңкөрісіне дейін): Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайындалған. дисс. авторефераты. - Алматы, 1994. – 206.
41. Ахметов Т. Ә. Жүсіп Баласағұнидың тәлім-тәрбиелік идеялары. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайындалған. диссерт. Авторефераты. - Астана, 2003. – 20 б
42. Бекейханов Ә. Таңдамалы. /Бас редакторы Нұргалиев Р. – Алматы. 2000. -475 42 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1998. – 560 б.
43. Қасымбаев Ж. Қ. Қазақстан тарихы. – Алматы: Рауан, 2000. – 192 б.
44. Бақаев Д. Қазақ ССР тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 2003. -186 б.

45. Аманжолов Қ. , Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы, 1-2 том. – Алматы: Білім, 2003. – 350 б.
46. Салғараұлы Қ. Түріктер. – Алматы: Санат, 2005. – 314 б.
47. Турсынбаев А. Б. Казахский аул в трех революциях. – Алматы. -2005. -265с.
48. Жарикбаев К. Б. Развитие педагогической мысли в дореволюционном Казахстане: Автореф. дис. докт. пед. наук. – Киев, 1982. – 35 с.
49. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003. – 280 б.
50. Ұзакбаева С. А. Тамыры төрөн тәрбие. – Алматы: Ғылым, 2006. – 232 б.
51. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 2005. – 220 б.
52. Балтабаев М. Х. Педагогическая культурология. – Алматы, 2000. – 268 с.
53. Халитова И. Р. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізуіндегі педагогикалық негіздері. – Алматы, 2007. – 200 б.
54. Бекмұхамедов Б. М. Патриотическое и международное воспитание учащихся на уроках музыки в казахской средней школе: Метод. рекомендации. – Чимкент, 1989. – 30 с.
55. Қоңыратбаева Т. Ә. Халық педагогикасы және оны оқу-тәрбие ісіне ендіру жолдары: Пед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. автореф. Алматы, 1994. – 24 б.
56. Бейсембаева А. А. Патриотическое воспитание старшеклассников средствами казахского героического эпоса: Автореф. дис. канд. пед. наук. – Алматы, 2004. – 25 с.
57. Наурызбай Ж. Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. -125 б.
58. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 160 б.
59. Қенжебаев Б. Ұстаз. // Бес арыс. – Алматы, 2002. – 300-305 б.
60. Абдуллин Х. Магжан // Қазақстан мұғалімі. – 2009. – 11 тамыз

61. Бектұров Ж. Тағдыры киын талант // Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2002. – 305-344 б.
62. Елеуkenов Ш. Мағжан. Өмірі мен шыгармашылығы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
63. Қекішев Т. Мағжан-Сәкен. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 449 б.
64. Қалиев С. Қ. XV-XIX ғасырлар ақын – жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. – Алматы: 1990. – 188 б.
65. Ильясова А. История становления и развития педагогической науки в Казахстане (1917-1988): На соискание науч. степени к. п. н. – Алматы..
66. Сыдықов Ә. Ы. Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 2000. – 155 б.
67. Қожахметова К. Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: РБК, 2003. – 210 б.

Ұсыныстар мен пікірлер үшін

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ҮЛПМ ЖӘНЕ ГЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ МЫРЗАЛХМЕТОВ АТЫНДАГЫ КОКШЕТАУ УНИВЕРСИТЕТЕ

**Сабыр Сенкібаев
Ботакөз Сенкібаева**

**МАҒЖАННЫҢ
ҰСТАЗДЫҚ ӘЛЕМІ**

МОНОГРАФИЯ

Басуға 03.02.2018 қол қойылды.
Қалыбы 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі: Times New Roman
Шартты баспа табағы 12, 25.
Таралымы 100 дана.

«Асыл кітап» баспасының баспаханасының
орталығында теріліп, беттеліп басылып шыкты.
Мекенжайы: 050009, Алматы қаласы,
Абай даңғыллы 143-үй
Телефоны: +7 (727) 394-41-67, +7 707 178-12-94
электронды пошта: asylkitap@mail.ru